

*Мақсатым – тіл ұстартып,  
өнер шапшақ...*  
АБАЙ.



«Қазақ тілі мен  
әдебиеті» және  
«Ұлағат»  
жауапкершілігі  
шектеулі  
серіктестігінің  
ай сайын  
шығатын  
Республикалық  
ғылыми-  
педагогикалық,  
әдістемелік  
журналы

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың  
наурыз айынан  
бастап шығады

**7/2017**

**ШІЛДЕ**

---

## АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева,  
Жанғара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,  
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшиһүр Жүсіп,  
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,  
Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

## МАЗМҰНЫ

<b>М.ӘБЛҰЛЫ.</b>	<i>Руханият</i> Қазақ әдебиеті тарихының кезеңдері және тәуелсіздік .....3
<b>М.ТЕМІРЖАНОВА.</b>	<i>Мұғалімдерге көмек</i> Қазақ әдебиеті пәнін оқыту барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту.....9
<b>К.ҚАЛПЕВА, Қ.МЕНІЛБАЕВА. М.ҚАРАМЕНДИНА.</b>	<i>Танымдық тәлім-тәрбие</i> Оқушылардың эстетикалық тәрбиесі.....19 Мақал-мәтелдердегі төрт тұлкке қатысты ғұрыптар.....24
<b>А.ТҮРСЫНОВА.</b>	<i>Авторлық бағдарлама</i> «Тіл білгірі» бағдарламасы .....41
<b>Ә.НЫҒМАНОВА.</b>	<i>Шеберлік сағаты</i> Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы сабақтың тиімділігін арттыру.....54
<b>Ж.ҚАРАЙДАРОВА. Г.ТӨЛЕНОВА. Ш.КИСТАУОВА. Ш.БОДЕСОВА. Н.ТОҚБЕРГЕНОВА. Г.АЛПЕВА.</b>	<i>Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс</i> А.Байтұрсынұлы. «Өгіз бен бақа».....58 М.Жұмабаев. «Сағындым» өлеңі.....63 Шешендік сөздер.....66 І.Жансүгіров. Домбыра.....71 С.Сейфуллин. «Далада».....76 М.Өтемісұлы. «Ереулі атқа ер салмай», «Мұнар күн» өлеңдері.....80
<b>Д.БАУЖАНОВА. К.РАХАТОВА. А.АЛПЕВА. А.УТЕГАЛПЕВА. А.ТҮРДАЛПЕВА. С.КАЛКИШЕВА. М.ИЛЬЯСОВА.</b>	<i>Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс</i> Зат есімнің септелуі.....83 Сөздердің байланысу түрлері.....89 Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас.....92 Кірме сөздер.....98 Төл сөз. Төлеу сөз. ....104 Сөйлем ішіне қойылатын тыныс белгілер.....111 Үстеуден өткенді қайталау.....114
<b>Р.ГИЗЗАТОВА. Ж.ӨТЕШҚАЛПЕВА. Ж.САҒЫНОВА.</b>	<i>Эссе</i> Мамандығым-мақтанышым.....124 Қасиетті, құнды, құдіретті.....132 Қазақстанның қарышты қадамдары және елімен етене Елбасы.....135

## Руханият

**М.ӘБЛҰЛЫ,**  
**Тараз инновациялық**  
**гуманитарлық университеті.**  
**ф.ғ.к., профессор.**

## ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК

1997 жыл қазақ халқының өмірінде үлкен саяси бетбұрыс жылы болды десек асыра айтқан болмаймыз. Себебі осы жылы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен «Мәдени мұра» бағдарламасы жасалды. Ал, «Мәдени мұра» бағдарламасының еліміздің тарихына, әдебиетіне, мәдениетіне бұрын-соңды болмаған құбылыс әкелгені мәлім. Ең бастысы - «Мәдени мұра» бағдарламасы қазақтың тәуелсіздік идеологиясына жаңа серпін әкелді.

Берел қорғандарынан табылған жәдігерліктер, Сарайшық, Сауран, Отырар, Талхиз қалашығы (Астанадағы Талғар), Қарқаралы маңы мен Шығыс Қазақстаннан табылған Алтын адамның сауытының сынықтары, археолог ғалымдар 40-тан астам алтын сынықтарын тапқан Тараз қаласы маңындағы Жеті төбе деп аталатын қорым, Тараздан табылған Алтын адам, Кент тауының бөктерінен табылған Алтын

адам, Шығыс Қазақстан өңірінің Зайсан маңынан табылған үшінші Алтын адам, VII-IV ғасырларда мекен еткен сақтардың қабірі - «Бесшатыр» қорғандары («Ошақтас», «Ерен тоғай», «Ақсақал»), Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданындағы Таскескен – Бақты тас жолының бойындағы Лайбұлақ және Жаңа тілек ауылдарының орта тұсынан табылған төртінші Алтын адам, міне, мұның бәрі біздің жастарымыздың санасын ұлттық құндылықтар рухында тәрбиелеуге болатын жәдігерліктер.

Өкінішке орай елімізде жастардың теріс жолға түсіп, әр түрлі зорлық-зомбылықтар жасауға, мемлекетке қарсы қимыл көрсететін радикалды топтарға қосылуға, алдау, арбау секілді ұятсыз әрекеттерге баруға, түрлі идеяны насихаттайтын шет елдік діни ағымдарға, Ислам дінін қожырататын діни ағымдарға, ұйымдарға мүше болып жүргенін естіп те, көріп те жүрміз.

Республикалық «Айқын» газеті 2016-жылы (№172, 16 қараша, Ә.Дүйсебек, «Тәуелсіздікті нығайту тетіктері») 2015 жылы республикамызда өзіне өзі қол салған 201 жастың болғанын, 485 жастың өзіне қол салуға ұмтылғанын жазды.

Қазіргі қазақ фильмдерінің көпшілігінде ұлттық нақыш, ұлттық салт-дәстүр бұрмаланып көрсетіледі, немесе көрсетілмейді. Фильмде ойнайтын актерлардың киімі жұпыны, алабажалақ. Киімдерінде ұлттық нышан байқалмайды. Оңтүстік Кореяның «Жумонг» фильмінің актерлары киімдерінің жағасына қазақтың ою-өрнегін

тігіп, киіп жүреді. Айырым Еуропа фильмдерінде қазақтың киіз үйінің керегелері бейнеленген. Қытай киногерлері түсірген «Шыңғыс хан» фильмінде Отырардың батыры - ханы Қайырханды жылауық етіп көрсетеді. Тәуелсіздік кезеңдердегі тапқан табысымыз - «Мың бала» фильмі. Бұл фильмнің қазақ жастарының жігерін жанып, рухани байлығына айналғаны мәлім.

Үнді мемлекетінің қоғам қайраткері Махатма Ганди: «Басқа елдерден келген желдің соққанына қарсы емеспін, бірақ олар есігімізден де, тереземізден де кіріп, өз аяғымызға тұра алмайтындай жағдайға ұшыраудан сақтандырамын» - деп өз ұлтын техногендік өркениет дәстүрлерінен сақтандырған еді. Біз Еуропа елдерінен келген техногендік дәстүрлерден сақтанып, мемлекеттік тілімізді, өзіміздің ұлттық салт-дәстүрлерімізді көздің қарашығындай сақтауымыз керек. Жастар тойында әр түрлі келеңсіз оқиғалардың болуы шеттен келген дәстүрлерді шімірікпей қабылдауымыздың салдары. Осы орайда қазақтың көрнекті ақыны Абайдың: «Өздеріңді түзелер дей алмаймын, өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың...», немесе: «Қолдағы малды алудың жолы - бастағы миға иелік қылу...» - деп айтқан сөзін, Қадыр Мырза Әлінің «Рухы жоқ елді, кім көрінген таптап кетеді»-деген сөзін еске салғым келеді. Біз ұлттық тілімізді, ділімізді, дінімізді сақтауымыз керек. Тәуелсіздік дәстүрі осыны талап етеді.

Жастарға білім берудің әдістері мен тәсілдері ұлттық идеологиямен үндесе жүргізілуі қажет. Сонда ғана жастар санасында отаншылдық рухын қалыптастыра

аламыз. Ұлттық идеологиямен тәуелсіздік идеология егіз. Осы орайда жастарға қазақ әдебиетінің тарихы мен Мәңгілік еліміздің тарихын (Қазақстан тарихы) тереңдете оқыту мәселесі өзекті мәселеге айналуы қажет. Ал, тәуелсіздік идеологиясын өрістетуге әдебиет пен тарихтың іргелі орын иелейтінін атап өтер болсақ, осы екі пәнге ерекше назар аудару қажет екені белгілі.

Тәуелсіздік қазақ әдебиеттану ғылымының өрістеуіне жол ашып берді. Қазақ әдебиеті тарихының кезеңдерін тәуелсіздік идеологиясы тұрғысынан жасау қолға алынды. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалды. Жаңа монографиялар жазылды.

Елбасымыз Н.Назарбаев «Тарих толқынында» атты кітабында қазақтардың арғы бабалары ежелгі сақтар мен ғұндар жайлы мол деректер келтіреді. Ал, «Ұлытау төріндегі толғаныс» атты сұқбатында («Егемен Қазақстан» газеті, 2014 жыл) «Біздің елдігіміз, қазақ жұртының арғы түбі ғұндардан басталады»-деп жазды.

Ал, қазақ ғалымдары Ә.Төлеубаев, Ж.Қасымбаев, М.Қойгелдиев, Е.Қалиева, Т.Далаева, «Қазақстан тарихы» атты кітабында «Сақ-қазақтардың (хассақтардың) ата-бабалары болып табылады...»-деген пікір өрбітті (2014 жыл).

Көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор М.Жолдасбеков «Егемен Қазақстан» газетінің 2012 жылғы 25 мамырдағы санында жарияланған «Күлтегін - біздің бабамыз» атты сұхбатында (Сұхбатты

жүргізген жазушы Болат Бодаубаев): «...Әр дәуір өзіне лайықты мәдениет, әдебиет қалыптастырған. Қазақ әдебиеті тарихының байырғы сақ, ғұн, түрк дәуірінен бастау алатынын бүгінде дәлелдеп жатудың еш қажеті жоқ...» - деп жазды.

Қазақ әдебиеті тарихының кезеңдері ежелгі сақ дәуірінен бастау алуы қажет. Осы орайда Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті «Білім» факультеті, «Филология» кафедрасы ауқымды ғылыми жұмыстарды іске асырды. Олай дейтін себебіміз - «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Өзбекстандағы, Түркіменстандағы, Қарақалпақстандағы, Тәжікстандағы, Қырғызстандағы, Қытайдағы, Моңғолиядағы, Түркиядағы, Ирандағы, Ресейдегі, Германиядағы қазақ түркілерінен шыққан қандастарымыз арқылы осы мемлекеттерде жасайтын қазақ түркілерінің ауыз әдебиеті, жазба әдебиеті жәдігерліктері тарихи Отаны - Қазақ Еліне келіп жетті.

Ежелгі қазақтар туралы жазба жәдігерліктер Қытайдан, Мыңқолиядан, Әрмениядан көптеп табылды. Мұның бәрі тәуелсіздік жылдарда табылған қазыналарымыз.

Есік қорғанынан табылған Алтын адамнан басқа еліміздің түкпір-түкпірінен төрт алтын адам табылды. Осы «Мәдени мұра» бағдарламасы Есік қорғанынан табылған Алтын адамды одан әрі тереңдей зерттеуге әсер етті. Ежелгі сақтардың алфавиті табылды. Ғалымдарымыз Алтын адамның жанындағы күміс

тостағандағы жазуды оқыды. Күміс тостағандағы жазу мынадай еді: «Аға, саған (бұл) ошақ! Бөтен (жат ел адамы), тізеңді бүк! Халықта азық-түлік мол болғай!».

Қазақ әдебиеті тарихында жазба әдебиетіміз өткен ғасырда Абай Құнанбайұлының шығармаларынан басталатын. Онан соң ғалымдарымыз жазба әдебиетті тасқа қашап жазылған VI ғасырдағы «Күлтегін», «Тонкөк», «Білге» дастандарынан бастады. Әрине, бұл жәдігерліктер бүкіл түркілерге ортақ қазына болып есептелді.

Ал, мұнан әлдеқайда бірнеше мың жыл бұрын пайда болған күміс тостағандағы жазу қазақ түркілері жазба әдебиетінің бастау көзі болып саналатыны анық. Себебі күміс тостаған Қазақ республикасындағы Есік қорғанынан, Алтын адамның жанынан табылып отыр. Демек, біз әдебиетіміздің тарихын, соның ішінде жазба әдебиетіміздің тарихын осы сақ дәуірінен бастауымыз қажет. Тәуелсіздік идеологиясы бізді осылай істеуге мәжбүрлеп отыр. Ал жазба әдебиетінен бұрын ауыз әдебиеті пайда болатынын ескерсек, біздің ауыз әдебиетіміз сақ дәуірінен бұрын пайда болып, қалыптасқанын атап айтуымызға болады. Ал, сақ дәуіріннен бастап Исламдық түркі дәуіріне дейінгі аралықтағы ауыз әдебиеті үлгілері орта ғасырда өмір сүрген әйгілі фольклоршы Махмұт Қашқардың «Түркі сөздерінің жинағы» атты кітабында жазулы тұр.

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясында пайда болған тарихтағы, әдебиеттегі, мәдениеттегі бетбұрыстар «Мәңгілік ел» идеологиясына жалғасты. «Мәңгілік ел» идеологиясы-тәуелсіздік идеологиясы. Тәуелсіздік идеология-қазақтың ұлттық идеологиясы.

Мұғалімдерге көмек

**М.ТЕМІРЖАНОВА,**  
**№ 25 ЖОББМ.**  
Павлодар қаласы

## **ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ПӘНІН ОҚИТУ БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ**

Мәңгілік Ел ата-бабамыздың сан мыңдаған жылдар бойғы асыл арманы екені баршамызға белгілі. Біз бұл армандарды ақиқатқа айналдырдық. «Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналды...», - деді Елбасы Н.Ә.Назарбаев 17 қаңтарда Қазақстан халқына арналған Жолдауында.

Біздің ойымызша, аталмыш Жолдаудағы осындай құнды пікірлерді келешек ұрпақтың бойына сіңіру үшін, оларды осы бағытта білімдендіру үшін мұғалімдер тарапынан қолдау көрсету ғана емес, «Мәңгілік ел» идеясын күнделікті білім беру үдерісінде ұстанған жөн. Неге десеніз, Жолдауда көрсетілгендей, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту негізінде білім беру мәселесі- бүгінгі таңда атқаратын міндеттеріміздің бірі.

Ғалым Нұрша Оразақиноваша айтсақ, «Елбасы бастамасымен өмірге келген «Функционалдық сауаттылық бойынша Ұлттық жоспардың» маңызы ерекше. Оның негізгі мақсаты – оқушылардың

білімдерін өмірде тиімді қолдануға үйрету. Сонымен қатар, ол орта білім жүйесінің парадигмасын түбегейлі өзгертудің негізі болып табылады.

Жалпы функционалдық сауаттылық деген ұғымды таратып айтар болсақ, адамдардың (жеке тұлғаның) әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторы. Яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесіп отыруы. Сонымен, функционалдық сауаттылық адамның мамандығына, жасына қарамастан үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Мұндағы басшылыққа алынатын функционалдық сапалар: белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдай алуға қабілеттілік, т.б. Яғни, жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі – мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс – оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Жаңа формация мұғалімі – рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық-әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдіреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани-адамгершілікті, азаматтық

жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.

«Жаңа әлемдегі - жаңа Қазақстанға» жету жолында алдымызда тұрған мәселе - әлемдік білім беру кеңістігіне ену, бәсекеге барынша қабілетті 50 дамыған мемлекеттің қатарына қосылу болса, бұл мәселенің шешімін табу болашақ ұрпақты оқытып тәрбиелейтін мұғалімге жүктеледі. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында да қарастырылған білімдегі жаңа бетбұрыс 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу, педагогтардың мәртебесін көтеру, білім және ғылымның кірігуін қамтамасыз ету, жеке тұлғаға бағытталған оқытуда білімі мен біліктілігі жоғары деңгейдегі, шығармашыл мұғалім қатарын арттыру. Пәнді оқыту әдісі мұғалімнің тәжірибесіне сәйкес қалыптасады, кеңейеді. Ұстаз өз пәнін жан-жақты білумен қатар, білім-тәжірибесін үнемі молайтып отыру керек деп есептеймін.

Оқушының жасырын, тым тереңде жатқан қабілеттерінің көрінуіне мүмкіндік жасау үшін қызықтыра білуді ояту қажет деп есептеймін. Оқылатын шығармашылық қызметті, ең алдымен, шығармашылық адамы сапаларының тұтас жиынтық дамытуға ықпал ететін қызмет ретінде қарастыру. Оған ойлау белсенділігі, еңбексүйгіштігі, талдай білетіндігі, өз ойын дәлелдермен қорғау шеберлігі жатады. Оқытудың мәңгілік сауалы: «Нені оқыту, қалай оқыту?» күрделеніп барады. Себебі, білім ауқымы кеңейді. Технология дамып, ақпаратты таңдай білу мәселесі алдыңғы қатарға шықты. Бүгінгі демократиялық,

құқықтық мемлекетті құру барысында қазақ әдебиеті пәнін жүргізу қоғам өмірімен тікелей байланысты болуы тиіс. Қазақ әдебиетін оқытуда назар аударатын басты ұстанымның бірі–білімнің ұлттық мазмұнының болуы. Алуан түрлі тарихи және осы заманғы деректерді, құжаттарды оқушылардың жан-жақты, сын тұрғысынан талдай білуі, қазіргі уақыттағы қоғамдық даму мәселелеріне өз бетінше қорытынды жасай алуы және шығармашылықпен ұғына білуі басты мәселе болып табылады.

Әдебиет қашаннан өмір оқулығы деп танылған. Әдебиет арқылы оқушы өмірді, қоршаған орта мен адамды танып-біледі, шығармашылықпен жұмыс істеуге дағды алады. Әдебиетті мектепте оқыту әдістемесінің алдына қояр мақсаты-әдебиетті өмірмен байланыстыра оқыту, әдеби шығарманың тәрбиелік мәнін тиімді пайдалану, шәкірттерді өз беттерімен көркем шығарманы оқуға қызығушылығын қалыптастырып, өз тарапынан ойланып-толғануға тәрбиелеу, таным әдісіне үйрету. Оқушының шығармашылық ойлауы мен қабілетін әдебиеттің адамтану, қоғамтанудағы қызметі - оқушының шығармашылық ойлауы мен қабілетін жетілдіруге, ауызша және жазбаша сөйлеуді меңгеруіне, жазушының эстетикалық мұраттары мен талғамын дұрыс танып, ұғына білуіне бағытталады деп ойлаймын.

“Әр пән өмір, болмыс сырын өзіне тән ерекшелікпен танытуымен құнды. Орта мектепте оқытылатын пәндер жүйесінде әдебиеттің алатын орны ерекше. Себебі, әдебиет - өмірге деген көзқарасты, эстетикалық

талғамды қалыптастыруға үлкен үлес қосады. Әдебиет - өнер, халықтың сана-сезімін, көркемдік ойлау қабілетін байытатын рухани дүние. Әдебиет – сөз өнері, көркем шығармадағы шындық, сөзкүдіреті. Халықтың айшықты сөзбен кестелеп, асыл ойлармен зерлеген баға жетпес бай қазынасы, тарихы. Әдебиетте адамның ілгеріге ұмтылған, жақсы өмірді аңсаған асыл арманы, ұшқыр қиялы, осы жолдағы күрес-тартысы, әр қилы оқиғалар, халқымыздың ерігі мен елдігі, өмірі суреттеледі. Суреткер, яғни шығарма авторы сол тағдырларды кәдімгі адам баласына тән болмысымен – мінез-құлқы, ерлігі, адамгершілігі сипатында көрсетеді. Мектепте өтілетін әдебиеттің орны да осынысымен ерекшеленеді. Әдебиет алдындағы тұрған мұндай мақсат-міндеттер, ең алдымен сабақ үдерісінде жүзеге асырылады. Мектептегі әдебиет пәнінің міндеті – көркем шығарма арқылы оқушылардың санасына көркем сөз күдіретін, эстетикалық, танымдық тәрбиені сіңіру. Қазіргі кезде пәнді оқытуға көп міндеттер жүктеледі. Себебі, ғылым мен техниканың ілгерілеуі, түрлі ақпарат көздерінің молаюы, білім беру жүйесінің түрленуі мектеп пен ұстаз алдына көптеген жауапкершілік жүктейді. Әдебиет пәнін оқыту мұғалімнен жан-жақты жауапкершілікті, дайындықты қажет етеді. Сабақты түрлендіріп, әдіс-тәсілді үнемі жетілдіріп отыру-оқушының үлгерімін, танымын жақсартып, қызығушылығын арттырады.

Қазіргі кезде білім мазмұнын жаңартудың негізі - өткендегі мәдени құндылықтарды тірек ете отырып, тарихи-мәдени экологияны қалпына келтіру, оқушылар санасына Отанын, халқының өміріндегі тарихи

тамырластық сезімін орнықтыру, олардағы ізгілік, имандылық, азаматтық, отаншылдық үлгі-өнегелерді, озық идеяларды оқушы бойына сіңіру, сол негізде гуманистік сана қалыптастыру. Әдебиет пәнінің мазмұны негізінен ұлттық ізгілікті құндылықтарға құрылған. Оқушының білімі мен білігінің сырына үңілсек, ол адамның мақсатты ісіне жету жолындағы талаптануы мен талпынысынан, жігері мен сабырынан, сұранысы мен ізденісінен құралып, ақыл-ой мен сезімнің, қиялдың ерекше бітімінен көрінеді.

Қазақ әдебиеті пәнін оқытудың басты мақсаттары мен міндеттері:

- оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып, эстетикалық, интеллектуалдық, көркемдік, сезімдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру;

- оқырмандық тұрақты ынта-ықыласты, биік талғамды қалыптастыру әдеби мұраны және онда бейнеленген құбылысты, эстетикалық қабылдауына қажетті біліммен, біліктілікпен қамтамасыз ету;

- бүкіл адамзат жасаған құндылықтарды, мәдени тарихи тәжірибенің негізін оқытып меңгерту;

- оқушылардың дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру, оларға адамзат жинаған әлеуметтік - рухани, адамгершілік тәжірибесін меңгерту;

- оқушылардың бойына ізгілік пен демократиялық құндылықты дарытып, тарихи тәжірибені ой елегінен өткізе отырып, оларда құндылық бағдармен сенімді қалыптастыру;

- тұлғаның жеке мүддесін, оның білімділігі мен танымдылық мүмкіндіктерін барынша ескере отырып,

оқушыларды өз халқы мен басқа да халықтардың мәдениеті мен тарихын, бүкіл адамзаттың мәдени мұрасын сақтауға және байытуға үлес қосуға тәрбиелеу;

- логикалық ойын, ауызекі және жазбаша тіл мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

Қазақ әдебиеті пәні арқылы меңгерілетін білім мен біліктер арқылы оқушының дүниетанымы қалыптасады, әлеуметтік дағдылары жетіледі, бүкіл танымдық іс-әрекетін дамытудың құралы игеріледі, ой-өрісі дамиды. Ал олар адамның саналы тіршілігінде жетекші рөл атқарады. Сондықтан әдебиет пәнін оқытудың алғашқы сатысында оқушылардың дүниетанымдық қабілетін қалыптастыруға, ал негізгі сатысында құзыреттілікті жетілдіруге басымдылық берілуі тиіс.

Қазақ әдебиетін оқыту үрдісінде жаңа технологияларды дамыта оқыту, деңгейлеп оқыту, эвристикалық оқыту, рефлексивті оқыту (сұрақ-жауап әдісі), ізденушілік тәсіл, жобалау тәсілдерін ұтымды пайдалану оқушылардың шығармашылық-зерттеушілік қабілетін арттырып, өз нәтижесін береді. Осылайша, әдеби білімнің нәтижеге бағытталуы терең де сапалы білім, білік, дағдылар мен іс-әрекеттің негізінде өздігінен дербес білім алатын ізденетін және өздігінен дұрыс шешім қабылдайтын нарық заманында өмір сүріп, адал еңбек ететін бәсекелестікке қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыруға септігін тигізеді.

Оқушылардың сабақ кезінде алған білімдерін сыныптан тыс тәрбие үдерісінде де іске асыруға болады, яғни әдебиетпен байланысты шығармашылық үйірмелер ұйымдастыру қажет. Оқушылардың



шығармашылық жұмыстарының басты формаларының бірі – әдеби кештер өткізу; сахналық көріністер дайындау; жыр мүшәйраларын өткізу; көрмелер ұйымдастыру. Көрмеде оқушылардың бейнелеу өнері, қабырға газеттері, қолжазба журналдары көрсетіледі. Менің ойымша, ондай шаралар оқушыларды қуанышқа бөлейді, көркемдік, әсемдік талғамын дамытады.

Өйткені қазіргі кезеңде білім беру жүйесінің ең басты мәселесі–шәкірттің білім сапасының деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Осыған орай мемлекеттік білім беру саясатының бағытында мектеп баланың дамуын жүзеге асырып, тұлғаның қабілеттілігін ескеріп, бір қалыпта қалыптасуын қамтамасыз етуі керек.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында шешуші рөл атқаратын құбылыс – оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыру. В.Рогова былай дейді: «Оқыту технологиясының ең басты мәселесі – ұжымдық жұмыста жеке оқушының жеке мүмкіндігін дұрыс аңғарып, оны дұрыс істете білу». Яғни, үнемі баланың тілін дамыту, сөйлеу тілін жетілдіріп, лексикалық қорын молайту.

Оқушылар сауатты сөйлеп, сауатты жаза білуге тек қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде ғана емес, мектептегі барлық қоғамдық жұмыстар мен іс-шараларда қамтамасыз етілуі тиіс. Сонда ғана оқушы сауаттылығы қалыптасады, белсенділігі артады. Білімді гуманизациялау үрдісі дегеніміз – білім берудің маңызды қажетті мәселелерін оқушының талабымен ұштастыра отырып, оқу міндетін дұрыс шешу.

Оқушыларды қызықтырып, назарын сабаққа аударудың бірден-бір ұтымды әдісі – сабаққа жаңалық элементін енгізу, әрбір сабақты қандай да болсын бір жаңалықпен әсерлендіріп, тартымды етіп отыруға тырысқан жөн. «Әсерлі сабақ – белсенді сабақ» - дегендей, мұның оқушыға да, оқытушыға да берері көп, ізденістерге бастайтыны анық.

Л.Выготский: «Мектепте ғылымға бағытталған жұмысқа, ережені жаттауға қабілеті аз адам, өз қызығушылығын оятатыны, белгілі бір іс-әрекет саласында өте дарынды және қабілетті болуы мүмкін. Егер мұғалім бір нәрсені жақсы меңгеруді ойласа, оның қызықты болуын қамтамасыз етуі керек», – дейді.

Ұлы Абай оқушылардың білімін қалыптастыруға зор ықпал ететін, зейін мәселелерін терең зерттеген. Ол баланың еске сақтау, зейін қабілетінің күшті болуының төрт түрлі жолын отыз бірінші сөзінде ашып көрсетеді. Абай ерік-қайраттың адам өмірінде алатын орнына ерекше мән берген, әркімнің өзін-өзі билеуі, өзінің мінез-құлқын басқаруы, мақсатқа жету жолындағы кедергілерді жеңуі – бәрі де ерік қызметінің нәтижесі. Сондықтан ол былай кеңес береді: егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәрте, болмаса жұмасына бір, ең болмаса айына бір өзіңнен өзің есеп ал. Өмірді қалай өткіздің, не білімге, не дүниеге жарамды не қылық жасадың? Бұл даналық ой толғауларын білім мазмұны мен білімге қойылатын талаптарды іріктеуде басшылыққа алатын қағидаларды таңдауда қолдануға болады.

Қазіргі өзгермелі дүние жағдайында адамның мәні мен әлеуметтік рөлі жаңа сипатқа ие болып отыр. Соған сай рухани құндылықтар әлемі де түбегейлі жаңарып, адамның ақыл-ой қуаты мен парасаттылық әлеуметін қалыптастырудағы білімнің маңызы туралы қағидалар түбірімен өзгерді. ХХІ ғасырдың оқыту жүйесінде меңгерілетін білімнің түпкі нәтижесі ең тұғырлы мәселеге айналды. Сондықтан жалпы білім беретін мектеп қабырғасындағы әрбір білім алушыны дара тұлға ретінде жетілдіруге, оның шығармашылық қабілеттерін құзыреттілік тұрғыда дамыта отырып нағыз ел азаматы етіп тәрбиелеу-бүгінгі күннің кезек күттірмес мәселесі. Сапалы білім алған, танымдылығы жоғары, құзыретті, бәсекелестіктің қайсыбір мықты тегеурініне төтеп бере алатын оқушылар ғана болашақтың кілтін аша алады. Еліміздің жаһандық дүниеде даралануы білімді, жігерлі, ұлттық санасы рухани бай жас ұрпақ арқылы ғана іске асады деп есептеймін. Егеменді еліміздің дүние жүзі елдерімен терезесі тең болу үшін оның негізгі тұтқасын ұстайтын дүние әлемін шарлайтын біздің дарынды да, қабілетті ұландарымыз. Халқымыз «Басында бұлағы бар өзен ұзақ ағады» - деп бекер айтпаған.

Әдебиеттер:

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.
2. Оразақынова Н. «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары».
3. Қазақ әдебиетін оқыту тұжырымдамасы. – А., 1997.

*Танымдық тәлім-тәрбие*

**К.ҚАЛИЕВА,  
Қ.МЕҢІЛБАЕВА,  
Абылай хан атындағы  
ҚазХК және ӘТУ.**

## **ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕСІ**

*Өнер- ағып жатқан бұлақ,*

*Ілім – жанып тұрған шырақ.*

Еліміздің өркениетті елдер қатарына қосылу бағытындағы үлкен мәселелердің бірі - келешек ұрпақтың рухани дамуы. Бұл бағытта Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ұлттық рухани дамудың кең көлемді мәселелерін ерекшелей келе «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекетімізді ұзақ меңзеп тұрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн» дегеніне сүйене отырып қазақ жастарын эстетикалық талғамы жоғары, мәдениетті, ізгілікті, сезімтал, өнер сүйгіш етіп қалыптастырудың маңызы ерекше. Адам баласы қай кезде болсын өнерді, оның түрлерін өзінің қабілетіне қарай қабылдап, оған бейімделе білген. Өнердің барлық түрі өзіне тән бейнелі тілін, тәсілдері мен әсемдік әлемін ашып көрсете отырып адам сезіміне әсер ететіні мәлім. Сондықтан да өнерді түсіну, одан ләззат алу үшін оқушының бойындағы эстетикалық сезімін ояту шарт. Қазіргі мектептің алдында тұрған міндеттердің ең маңыздысы-оқушыны жан-жақты дамыған тұлға ретінде тәрбиелеу. Сол тәрбиенің ішінде эстетикалық тәрбие де қомақты

орын алады. Эстетикалық тәрбие адамның өмірінде зор рөл атқарады. Әсемдікті көре, түсіне жасай білу адамның рухани өмірін байытады, қызғылықты етеді, оған ең жоғарғы рухани ләззатты сезінуге мүмкіндік береді.

Эстетикалық тәрбие, ең алдымен, үй іші мен отбасынан, екіншіден, бала-бақшадан, үшіншіден, мектеп қабырғасынан басталады. Баланың отбасы мен балабақшада алған эстетикалық тәрбие қоры мектеп қабырғасында жетіле әрі дами түсіп, оқушының өмірге деген көзқарасы қалыптаса бастайды. Бұрынғы сезінген, көрген, білген эстетикалық өмір құбылыстарында көптеген жаңалықтар орын алып, баланың білімі күн санап, апталап кеңейе, тереңдей түседі. Эстетикалық тәрбиенің маңызы міндеті – өнер және әдебиет салаларында балалардың қабілетін, ынтасын және бейімділігін дамыту. Осыған орай, мектепте оқушылардың ықтимал мүмкіндіктерін және қабілетін барынша анықтау керек. Эстетикалық тәрбиенің негізгі құралдары – әдебиет және өнер. Олар зор идеялық тәрбиелік рөл атқарады. Әдебиет пен өнер адамдарды қуанышқа бөлейді, жігерлендіреді, олардың идеялық жағынан баюына игі әсер етеді. Мінез-құлық эстетикасы - оқушылардың өзге адамдармен қарым-қатынасы және өмір сүріп отырған қоғамдағы іс-әрекет қылығын айтамыз. Мінез-құлықты дербес ғылым - этика зерттейді, сонымен қатар оны эстетикада қарастырады. Сыпайылық - ішкі мәдениеттің сыртқа шығуы. Ол ұстамды болудан, өзіне-өзі шек қоя білуден, шыдамдылықтан, өзгелердің билігі мен талғамын құрметтей білуден көрінеді. Әдептілік - көпшілік арасында өзінді ұстай білетінін

дәлелдейтін, шартты түрде қабылданған мінез-құлық қағидалары. Байыптылық - байқампаздықпен, сергектікпен, өз шамасынан, өзгелердің де өлшем-шамасынан шыға білуге негізделген мінез-құлықтағы сезім-түйсігі, өзін өзгелердің орнына қоя білу қабілеті. Эстетикалық тәрбие дегеніміз – қоршаған дүниенің, өнердің сұлулығын баланың көру және сұлулыққа талпыну қабілетін дамыту мақсатымен оның жеке басына ықпал етуге бағытталған жүйелі үрдіс. Тәрбие отбасынан басталады дегендей, балаға имандылық, инабаттылық, ар, ождан уағызы, қоршаған орта, табиғат сырына жастайынан тәнті ету тәрбиеден туатын үрдіс. Ананың сөзі - ақылдың көзі деп қарау, атаның өнегелі ісін мұра тұту, оның жолын қуу, ән мен күйді, жыр мен термені рухани азық ету, зергерлік, шеберлік, ұсталық өнерді үйрену, ананың әлдиі, әженің бесік жыры - бәрі тәрбиенің тағылымдары. Эстетикалық тәрбиеде халық ауыз әдебиетінің маңызы зор. Оның мазмұны халқымыздық бүкіл өмір тәжірибесін қамти отырып, жас ұрпақтың санасын, әсемдік сезімін, талғамын дамытуда рөлі ерекше.

Эстетикалық тәрбие беру жүйесінде ұлттық өнердің орны ерекше:

- Лирикалық, үйелмендік, тұрмыстық, әдет-ғұрыптың, еңбектік және т.б. әндер мен өлеңдер.
- Музыкалық аспаптар: домбыра, шертер, асатаяқ, шаңқобыз, мүйіз сырнай, жетіген, үскірік, т.б.
- Қолданбалы қолөнер бұйымдары: ағаш, тері, металл өңдеу өнері.
- Ауыз әдебиеті.

Олар жас ұрпақтың бос уақытында эстетикалық тәрбие беру ісіне қызмет етті. Әдебиет, музыка,

хореография, бейнелеу өнері, т.б. шығармашылық үйірмелер ұйымдастыру. Балалардың шығармашылық жұмыстарының басты формаларының бірі - көрмелер, сайыстар. Көрмеде оқушылардың бейнелеу өнері, қабырға газеттері, қолжазба журналдары көрсетіледі. Сайыста жақсы лирикалық, эстрадалық әндер, әңгімелер орындалады. Сайыс оқушыларды қуанышқа бөлейді, келешекке үмітін тұтандырады. Мектепте музыка, кескіндеме және әдебиет кештері өткізіледі. Онда оқушылар тыңдаушыларды өз шығармалары және әндерімен таныстырады, пікір алмасады, ұсыныстар айтылады. Шығармашылық конференцияларда оқушылардың зерттеу жұмыстары туралы баяндамалары, рефераттары талқыланады. Олардың жұмыстары жөнінде құнды пікірлер айтылып, ұсыныстар беріледі. Мектеп және сынып бойынша алдын ала жасалған жоспарларға сәйкес өткізіледі. Музыка сабақтары өте әсерлі сезімдерді оятып, музыка мұраттарын қалыптастырып, бала тәртібіне ықпал етеді. Музыканы тыңдау, ән салу балалар үшін өнегелік-әсемдік мәні бар, себебі көтеріңкі көңіл, ержүректік сезімдерден ортақ әсер алу оларды рухани өрлеу үстінде біріктіреді және топтастырады. Сондықтан саналы тәртіп пен мінез-құлықты тәрбиелеу үшін музыка пәні бағдарламасында халық әндерін игеруге үлкен мән берілген. Музыка пәнінің бағдарламасында, ән салу және жазылып алынған музыкалық шығармаларды тыңдау негізінде оқушылардың есту қабілетін дамытуды көздейді. Эстетикалық тәрбиенің өзіне тән міндеттері бар. Олардың бірі – эстетикалық сезімді және эстетикалық қабылдауды тәрбиелеу.

Өмірдегі, өнердегі әдемілікті сезу және көру адамдарда әр түрлі болады. Біреулер әдемілікке үңіле қарап, оның сырын білуге тырысады, ал, кейбіреулер оған онша мән бермейді, қалай болса солай қарап, жанынан өте шығады, әдемілікті сезу үшін, оны түсіну үшін, ең алдымен, бейнелеу өнері, музыка және ән саласы бойынша әрбір адамда түсінік, білім болуы қажет. Білім адамды әдеміліктің объективтік ұстанымдарымен қаруландырады. Білімді адам сұлулықты бағалай біледі, түсінеді. Айналадағы дүниеге сезімталдық, эстетикалық қабылдау қырағылығы, ықыластылық, қамқорлық баланың эстетикалық дамуының негізі болады. Эстетикалық ұғымды, пайымдауды, баға беруді қалыптастыру – эстетикалық тәрбиенің тағы да бір міндеті. Әдемілікті сүйу, оны түсіну үшін балаға негізінен көмектесетін білім. Сондықтан бала бейнелеу өнері саласындағы ырғақ, үндестік, музыка мен әндегі дыбыстарды және өнер әдістері туралы білімді игеруі қажет. Осыған байланысты ол эстетикалық терең түсінуге тырысады, пайымдай және бағалай алады. Мектеп оқушыларының эстетикалық түсініктері, олардың еңбекке әсемдік тұрғысынан қатынасы, өзіндік белсенді іс-әрекетімен байланысты екенін көрсетеді. Мәселен өзі шешу мүмкіндігі болғанда ғана оның әрі мінез-құлықты, әрі әсемдік көңіл-күйі жай табады. Балалардың оқу еңбегіне талғампаздық көзқарасын дамыту, білімдегі оқудың қозғаушы күші, дем берушісі ретінде пайдалану үшін балалардың өзіндік белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру, көркемдік ләззат және құлықтық әсер алуды қамтамасыз ететін еңбектің нәтижесіне жетуіне көмектесу қажет.

М.ҚАРАМЕНДИНА,  
Орталық Азия университеті.

## МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДЕГІ ТӨРТ ТҮЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ҒҰРЫПТАР

Әр халық тарихында бүкіл адамзатқа тән ортақ заңдылықтармен қоса, өзіндік ұлттық ерекшеліктердің, қайталанбас ерекше белгілердің, сол халық қана басынан өткізген ала бөтен жағдайлардың нәтижесінде қалыптасқан салт-дәстүрлердің болатыны даусыз. Халық даналығын тілінде түйіндеген. Сондықтан мақал-мәтелдер халық өмірін, философиялық түсінігін, тіршілік тынысын, әдет-ғұрпын кеңінен қамтиды[1]. Мысалы, «Мал баққанға бітеді» деген халық мәтелінен төрт түліктің қазақ өміріндегі орнын анық байқауға болады [2.3]. Төрт түлікті бағып-күту, шығынсыз өсіру оңай еместігін, малшының маңдай терін, қажырлы еңбегін, қиыншылықта төзімділік талап ететінін: «Сиыр бақтым – сидаң қақтым», «Ешкі бақтым – еңіреп бақтым» мәтелдері арқылы шаруа адамның зердесіне жеткізсе, байсалды, мақсатты еңбектің еш кетпейтінін: «түйе бақтым – түйме тақтым», «жылқы бақтым – жорғалаттым», «қой бақтым – қоңырау тақтым» деп мәтелдеп түйген [3.185].

Қазақ халқы малды аса жоғары бағалаған. Түйені – салтанат, жылқыны – мақтан, сиырды – қанағат, қойды – қазына санаған халық «Түйе – байлық, қой – мырзалық, жылқы – сәндік, ешкі – жеңілдік, сиыр – ақтық, Шаруашылықтың бәрі бес, диқаншылық оған ес» деген мақал қалыптастырған (4.521). Ежелден мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқы қай шөптің

қандай түлікке жұғымдылығын да дұрыс аңғарған. Мәселен, Сарыарқаның бетегелі, қауданды, қияқты, бидайықты өлкелерін – «боз от» - нағыз жылқының жері десе, жусанды жайылымды, яғни «қара отты» жерді түйе мен қой түлегіне қолайлы деп білетін. Ал, өзен, көл жағасындағы батпақ жерге шығатын шалғын жайылымды «өленді» жерде қара малдарын семіртетін. «Өленді жерде өгіз семіреді»... деген мәтел де сол себептен қалыптасқан болса керек [2.11].

Төрт түлік те түгелдей ауыл маңында белгілі бақташылардың бағу-қағуында болады. Мысалы, қойшылар қойды өгіз, түйе не шабан, шобыр ат мініп бағатын [2.66]. Соған байланысты мақалдар мен мәтелдер де туындаған. «Өгізді қойшы – өлген қойшы, жеп болғанды көрген қойшы», «Түйелі қойшы – тұрған қойшы, төбесінен ұрған қойшы», «атты қойшы – ашулы қойшы», «жаяу қойшы – жатқан қойшы» [5]. Түйе түлігі күндіз бағылмайды. Негізі бұл түлік түнде жусап, күндіз оттайды. Түйе өзге түліктердей көп күтімді қажет етпегендіктен халық «қазақ қартайса түйе бағады» деп мақалдайды [6.27]. Сонымен қатар, асау ұстаудың бірнеше тәсілдерін білген қазақ бақташылары ең алғаш рет, қалыптасқан дәстүр бойынша, екі жасар құнан-тайлақтарды үйреткенде, олардың кеңсірігін тесіп, мұрындық өткізуден бастайтын. Ол үшін асау түйені бұғалықпен немесе шалма арқан салып ұстайды да, бір жақ алдыңғы аяғына ұзын арқанның бір ұшымен тіз салып (бүкпе), екінші ұшын мойнынан асыра екінші жағынан төмен басып, түйені шөгереді де, барлық аяқтарын тізден алады. Мұндай жағдайда түйені мықты діңгектің жанына төмен басып, түйені шөгереді де, басын мойнымен қоса діңгекке тырп етпестей етіп таңып тастайтын [2.96]. Осыған байланысты қазақ

халқы «түйені тұзға айда», «түйе тұзға келер, күйеу қызға келер», «түйе деген жануар түзде жүрсе семіре; тіздеп қойса аяғын, тұзға қарай емінер», «шөк» десе түйе де шөгеді», «шөккен түйе соққанды білмейді», «түйе үлкен болса да, өз жолына шөгеді» деген мақал-мәтелдерін қалыптастырған. Қыстың қатты суықтарында түйе қолда ұсталынып, киіз жабулармен жабылып, қораларда ұстанған. Қыста қолға қараған түйеге тұзды көбірек беру керек. Егер түйе дұрыс тұз алмаса, көктемде азып, нәр татпай қалады. Бұндай кездерді қазақ «құмыр» деп атаған. Сондықтан да бұны болдырмас үшін қыста түйеге тұзды көбірек берген [6.27]. «Түйе тұзға тоқтайды», «Тұз десе түйе тұтпайды», «Түйе тұз деп қартаяды, жігіт қыз деп қартаяды» дейді қазақ [7.227].

Ауыр қыстан аман шыққан көтерем мал наурыздың аяғыда жер аяғы кеңі бастасымен мүмкіндігінше көсіле жайылып, біртіндеп көтеріле бастайды. Осы уақытта төрт түліктің төлдеу мерзімі басталып, мал өсіруші халықтың негізгі науқаны ішті малды аман төлдетіп, жас төлді дұрыс тәрбиелеу болатыны даусыз. Бұл уақытта қыстауда немесе қыстау маңындағы ертерек көктеген өріске көшіп қонып, қыстан арықтап шыққан малдың көтерілуі мен жас төлдің аяқтануын күтеді [2.61]. Х.Арғынбаевтың пікірінше: «Аймақ отайса ала тайға жал бітеді, ерінбеген жігіттің есігіне мал бітеді» деген мақал осыған орай қалыптасса керек.

Қазақтың түсінігінде: «Түйеде – жампоз, жылқыда – тұлпар, сиырда – тынжы, қойда құтпан асыл» екен. «Жылқы – малдың патшасы» болғанмен, «құстың бәрі бұлбұл болмас, жылқының бәрі дүлдүл болмас» деген мақал да бар [4.538-540]. Осыған байланысты жылқы тұқымын асылдандыру, жақсарту барысында

ғылыми тұрғыда болмағанмен, біраз игілікті әрекеттер істелгенін байқау қиын емес, себебі жаугершілік заманда, қысымның бәріне қарсы өзінің елдігін сақтау үшін қазақ халқы сақадай сай дайын тұру қажет болды[2.16]. Ол үшін ер азаматтың, ең алдымен, сайгүлік аты болуы керек. Қазақтың ауыз әдебиетінде ер-азаматтың тақымына басқан аттарын әрқашан «арғымақ», «тұлпар» деп сипаттайды да, көбінесе оларға мал табиғатынан тыс қасиеттерді де тән етеді, тіпті адамша ойлатып, сөйлетіп те қояды. Бұның бәрі тегін қалыптасқан жай емес, өйткені қиыншылықта жігітке қанат болатын ер серігі жел қанат аттардың көбеюін, оның соншалықты қажет екенін көксеген халық қиялы [2.17]. Қазақ «Ер қанаты – ат», «жүйрік ат бірде ат, бірде қанат», «сұңқар көптен шығады, тұлпар топтан шығады», «тұлпар шаба жетіледі, сұңқар ұша жетіледі» дейді. Сондай-ақ «қазанат қамшы салдырмайды», «қара байыр қазанат, қара жолда қалдырмас; Қара жолда қалдырып, қанатыңды талдырмас» дейді [5.394]. Қазанат – жылқы тұқымының бір түрі. Жылқы тұқымдарының бір-бірінен көптеген ерекшеліктерімен айрылатынын былай қойғанда, әрқайсысының өз ішінде де бірқыдыру өзгешеліктері бар. Мұны қазақ халқының өзі де дұрыс айыра білген, яғни әр тұқым түрін «жабы» және «қазанат» деп екіге бөлетін. Қазанат салт міністің аты деп бағаланады. Бұлардан жүрдектік, аяңшылдық, желістілік, ұшқыр шабыстылық, нағыз алысқа шабатын жүйріктік қасиеттер де табылады [2.20]. Жылқы малының қыр-сырын терең білген қазақ халқы тегі мен күтімі мықты жылқы малының қандай қиын кезеңде де қасиеті кемімейтінін «Арғымақ ат жабы болмайды, жалы кетіп арыса да» деген мақалда бекіткен [8.104].

Қазақ жылқысынан сан алуан жорға түрлері де

шыққан. «Төрт аяғы тең жорға, сүдігерге сүрінеді» дейді халық. Жорғасы бар жылқыны халық жүргізбей-ақ, дене бітіміне қарап айыра біледі. Қазақтың жорға сүйетіні соншалықты, тіпті жорғасы жоқ құлынды кейде жас кезінен жорғалай басуға дағдыландыратын әуесқойлар да жиі кездесетін. Ол үшін құлынды былқылдаған батпақты жерден не қалың құмды жерден жиі өткізеді, немесе екі аяғына өре салып айдау арқылы аяқтарын жорғалай басуға дағдыландыратын. Мұнымен көбінесе жасөспірім балалар әуестенетін. Бұл әдіспен жорғасы жоқ малды нағыз жорға етуге, әрине, болмайды [2.21].

Қазақта «жылқының бәрі жорға болмайды» десіп жатады. Оның жүрісі тыныш келеді. Содан да қазақта «жорға аттың сауырына тостағанға су құйып қойса, төгілмейді» дейтін теңеу, тәмсіл бар. Жорғаны хан, қаған, би, төре, сал-серілер, ұзатылар қыздар сәнге, салтанатқа мінеді. Тойға да жорға мініп баратын салт бар. Жорға сый-сияпат жораға жүреді. Оны ел басылары бір-біріне сыйға тартып жатады. Сол сияқты қалың малға, белдеуге байлауға да жорға жүреді. Жорға – жосын-жораға да арналған қасиетті, қастерлі бағалы мал. Содан да қазақта «Бай мен бай құда болса арасында жорға жүреді, кедей мен кедей құда болса арасында дорба жүреді» деген тәмсіл бар [9.499].

Төрт түлік малдың қыр-сырын жетік білген қазақ халқы «Түйе шудасын, жылқы жалын, сиыр мүйізін төсейді» деп түйе мен жылқы қай кезде де өзіне етене жақын екенін білдірген. Бұл мақал тек жылқы түлігіне қатысты «жылқы үстінен жығылған кісіге жалын төсейді» деп те айтылады [8.103].

Қазақстанның барлық аудандарында, әсіресе Солтүстік жартысында көбірек кездесетіні – айыр (екі өркешті түйе) болса, Оңтүстігіндегі айыр өркешті

түйе тұқымымен қатар жалғыз өркешті нар тұқымы да көп болады. Айыр түйеге қарағанда, нар әлдеқайда денелі, қуатты, шөлге шыдамды болуына байланысты халық арасында оның әр түрлі қасиеттеріне сай сан алуан мақал-мәтелдер де қалыптасқан. Мысалы, оның әділдігін, жүк көтергіштігін «нар жолында жүк қалмас» деген мәтел сөздер анық аңғартады [2.22]. Осыған ұқсас «Түйе жисаң нардан жи, жүк қалдырмас жолында», «Түйенің бәрі нар болса, жер бетінде жүк қалмас», «жалғыз өркеш түйенің бәрі нар, дегенмен нардың да нары бар» делінеді. Халық арасында қиындықты мойымай жеңіп, төзімді, күшті адамдарды да «нарға» теңейді [6.24]. Қазақтар түйені тұқымдарына қарай байбатша нар, жампоз нар, үлек нар, ара қоспақ, мырза қоспақ, т.б. деп атаған [10.48]. Қазақ «Нарға ашамай, қоспаққа жазы» дейді. Біртуғанмен таза нар тұқымын немесе айыр түйені будандастырудың нәтижесінде – қоспақ туады. Қоспақтың өркеші біреу, не екеу емес әрі-сәрі болады [2.23]. Ж.М.Сейітқұлованың дерегі бойынша: жаман түйе қатарына – қоспақ, қылағай, кірісті қоспақ, жарбай жатады. Жарбайды кейде көрт деп те атаған, сондықтан да болар «Түйенің жаманы көрт, шөп жаманы керт» деуі [6.26-27]. Айыр түйенің де нарға бергісіз жақсысы жиі кездесетін. Бұларды қазақ жампоз атандырған. «Жолаушыға лайық жол тұрады, жампозға лайық қом тұрады», «Нардан туған жампозға, арыса кере сала алмас» [5.386].

Түліктің мінезіне қарай да қазақ тілінде тұрақты атаулар қалыптасқан. Мәселен: жуас, асау, шөлкеш, үркек, тарпаң, шақар, қашаған, ерқашты, тебеген, тістеуік, қарашыл, шабан, көсем [2.30]. «Үйірлі құлан көсемсіз болмас», «Үріккен түйеге шаңырақ салма, сындырады», «Жуас түйеге әркім ие». Ірі қарадан басқа

түліктердің жүні, түбігі, шудасы және қылы қазақ халқының әр түрлі керегіне жарайтын [2.88]. Түйе жүндеу де әжептәуір науқан. Әсіресе түйе табынындағы көптеген асау тайлақтарды жүндеу бірқыдыру еңбекті керек ететін. Сондықтан түйе жүндеуге көбінесе еркектер араласады. Дегенмен, «Жуас түйе жүндеуге жақсы» дегендей бірлі-жарым жуас түйесін кейбір әйелдер өздері де жүндей береді екен [2.90].

«Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі кетпес, қара қайыста соққан түйенің табы кетпес» деген мақалдың түйе малын аң ретінде аулап соққылап, жығып ұстап жеу заманын еске түсіретіндігін ұғыну қиын емес. «Қара қайыс түйе» деген тіркесі – жүні түскен түйе дегені [8.79].

«Көш көлікті, көрікті болсын» дейді қазақ [5.250]. Қазақстанның солтүстік жартысын қыстайтын қазақ руларына қысқы жайылымның жетіспейтіндігі, олар Ертіс, Тобыл, Жайық өзендерінің бойындағы қазақ-орыс жерінен жайылым алумен бірге, Қазақстанмен тікелей шектесетін Ресей губернияларынан да жалға жер алып отырған [2.39]. Сондықтан жартылай отырықшылыққа айналған елдердің жайлауы мен қыстауының арасы көшпелілерге қарағанда анағұрлым жақын болатын... Мұндай айырмашылық бері келе қазақ жұртшылығының әл-ауқатына да байланысты болды, өйткені алыстағы жайылымды пайдалануға күш көлігі сай байлар мен олардың жақындары көшетін де, көлігі аз шаруалар қыстаудан ұзамайтын. Бері келе, тіпті көліксіздіктен, жұртта қалып қоятын кедейлер де аз болған жоқ. Оларды «жатақ» дейтін. Көш кезінде көліктің керектігі сонша, көшіп жатқан ауылға «Көш көлікті болсын» деген мақал сонан қалыптасқан болса керек [2.40].

Көшпелі тұрмысқа сәйкес қазақ халқы жылқыларды қысы-жазы бағуға қолайлы болу үшін, үйірлерге бөліп, жақсы тұқымнан айғыр салатын болған [10.7]. Қазақта «Жақсы айғырдың үйірін ат жақтайды» деген мақал бар, онысы «жақсы адамның маңына өзгелер үйірілімпаз келеді» деген мағынада айтылады. «Кісінеген айғырдың үйірін көр, шіренген жігіттің үйін көр» деу сөзі мен ісі дәл келу мағынасындағы мақал [11.72].

Жылқы өсіруші шаруалар бойдакерек жылқыларды айғыр және саяқ деп екіге бөледі [10.25]. Саяқ – өзге жылқыларға жоламай, бөлек жайылатын аттар. «Ат болатын тай саяққа үйір, адам болатын бала қонаққа үйір» дейді қазақ. «Саяқ жүрсең таяқ жейсің» деген мақал «елден бөлек жүрсең» деген мағынада айтылады. Жылқыны өзге мал түлігінен артық көріп, қастерлейтін қазақ адамға тән қылықтардың бірталайын жылқының жүріс-тұрысымен, түр-сипатымен т.б. салыстырады. Мысалы, «Аттыға ерем деп жаяудың таңы жыртылды» деген мақал күш келмейтін іске жармасатын адамдар жайында айтылады. «Тай – атқа, ат – мұратқа жеткізеді» деу, «орнында бар оңалар, орнында жоқ жоғалар» мағынасында айтылады [11.72]. Өзгермелі дүниенің бір көрінісі «Ер арыса – аруақ, ат арыса – тулақ» деген мақалда бейнеленеді [8.105].

«Ақ найзасы болмаса, ерді қайдан танырсың, ентаңбасы болмаса, малды қайдан танырсың» дейді халық. Осындағы таңба – жылқығы басатын мөр, рудың жеке меншігі [12; 12a]. Ер рулық емес, отбасылық белгі. «Жеке шаруа болып» әкеден бала бөлінгенде «енші алады» [13.299].

Қой да көшпелі елдердің ерте заманнан малданған түлігінің бірі. Ол әрі киім, әрі тамақ. Киім дегенде, оның жүнінен ертедегі көшпелі халыққа терісі



қымбат болады. Өйткені қыс, күз айларында жылы киім керек. Оған илеген қой терісінен тігілген тоннан қолайлы киім табылмайды. Сондықтан да «Тоғыз қабат торқадан тоқтышақтың терісі артық» деген мақал тегін айтылмаған [11.74]. Мінсе көлігі, ашықса азығы болған төрт түлік малды күтіп-баптаудағы жинақтаған тәжірибесі мал баққан адамға күндіз-түні тыныштық жоқ деген мағынада жұмсалатын «Күндіз қойын күтерсің, түнде жүнін түтерсің» деген парамедияда бекіген [8.103]. Қазақтың даналық қорында қырқым науқанына қатысты туындаған «әр істің басын бір шалып жүрген берекесіз адам» туралы айтылатын «ала қойды бөле қырыққан жүнге жарымас», «кез келген адамның бір кемшілігі бар» дегенді білдіретін «Ала қойда күнә жоқ жүні болмаса», «өз уақытында, дер кезінде бітпеген істе айтарлықтай нәтиже болмайды» деген мәнде жұмсалатын «Қырсықты қой қыста қырқылады», «біреудің басынан өтетін жақсы-жаманды оқиғаның екінші бір адамның да басынан ерте ме, кеш пе өтуі мүмкін» екенін ескеретін «Қырықтық тимес қозы жоқ», т.б. мақал-мәтелдер арқылы сан алуан өмірлік жағдаяттардың суретті сипаттамасы жасалынады [8.108]. Екі жасқа келген еркек қойдың аты – ісек. Жасына жетпей қартайған адамға «жаман қой ісегінде қартаяды» деп күлетіні осыдан. Қазақта «Ісек қойдың басы үлкен, саулық қойдың жасы үлкен» деген де мақал бар [11.80]. Мезгілсіз туған қозыны арамза деп атап, мұндай қозылар малға жайсыз, суық кезде туылатындықтан күтімі нашар болатыны, бірден оңалып, қоң жинауы да қиын, әрі оның болашақ тұқымы да әлжуаз, арық болатынын білген «Арамзаның құйрығы бір тұтам» мақалының негізгі мағынасына тірек болып, «Адам-жануар» арақатынасы арқылы өмірде де мінез-

құлқы сүйкімсіз, нашар, басқаларды алдауға дайын тұратын, бірақ қулығы алысқа бармайтын адамдарға бағытталады[8.106].

Қазақ бесті ұрғашы жылқыны байтал десе, алғаш құлындаған байталды қулық деп атаған. «Қулық құлын жанды» деген мәтел сонан болар. Қазақ әдетте, жылқының ұрғашыларына тән кейбір жайларды әйелдерге тән қасиеттермен салыстырып отырады. Мысалы, жаңағы мәтелді жас босанған бала жанды әйелге қатысты айтса: «құлындаған биеден, құдықтағы су артылмайды» деп жаңа босанған әйелдің сұйық асқа (сорпа-су, шай т.б.) құмар болатындығы жайында айтады[11.79]. Сондай-ақ, қазақ ұрғашы жылқыны бәйгеге қоспаған, «байтал шауып бәйге алмас, құнан шауып құр қалмас» деген мақал осыдан қалса керек[14.360]. С.Мұқанов бұл мақалдың әйелді кемсітіп қарайтын кертартпа заманда, соған қатыстырып айтудан шығарғанын айтады[11.79].

Жүйрікті баптау дәстүрінде жүйрікті жарату салты да бар. Жүйрікті жарату деген оны бәйгеге баптаудың басты бір әдісі болмақ. Яғни, жүйрікті бәйгеге қосуға жарату, жарамды болу, жан-жақты болу дайын болу дегенге жатады. Қазақта: «жүйрікті жарату – ұстараның жүзіндей» деседі. Бұл ұстара жүзіндей құбылмалы суын табу қиын деген сөз. Сол үшін әркім жүйрігін жаратуға саналы, байыпты түрде кірісуі абзал, сонда аты бәйгелі болары сөзсіз болмақ[9.492]. «Ат жақсысы кермеде».

Ат бәйгесі дәстүрінде жүйріктерді аламан бәйгеге қосарда, жүйрікті жаттықтыру үшін оның терін алуға қара жарыстар жүргізіледі. Қаражарыстың ең басты мақсаты жүйрікті терлетіп, бойындағы әртүрлі артық нәрселерден арылту болмақ. Бастысы басында арам терлері шығып, қара жарысқа қосыла келе таза,

тұнық терлер шығады. Бұл жарыста бәйге, сыйлықтар берілмейді. Сонан да «Кедейдің аты қара жарыста озады» деген тәмсіл бар[9.495].

«Арқанды ат қазығына оралар». Жылқыны қастерлеген халық оның әбзел жабдықтарын таза жерге, биікке жиып, іліп қояды. Сол сияқты ат байлайтын сын тас, діңгек, кермелерді, қазықтарды да киелі деп көреді. Соның бірі жүйрік, дүлдүл, әндігер аттарды жеке байлайтын қазықтар болады. Қазақта: ат айналып қазығын табады» деген сөз бар. Жүйрік аттарды байлайтын қазықтарды суырып алмайтын дәстүр кейбір ауылдарда сақталып қалған. Жазда жүйрік аттарын байлап жаратқан қазықтарын әндігер, әккі ат бапкерлері күзде күзеу, қыстауға көшкенде жұртта қалдырып, суырып алмай кетеді. Мұнысы «Қазық келер жазға дейін жүйріктердің аман-есен болып, қайтадан келіп қазыққа байлануының тілеуін тілеп жатады» деген сенім-нанымнан туындаған салт-дәстүр [9.498].

Түйелер ауа-райының өзгерісін 2-3 күн бұрын біледі деп болжайды. Жел соғып, боран соғатын болса, түйе күлде, бұта түбінде, ши маңайында төмен қарап шөгіп жатады. Түйе ертеңгісін жайылымға жайбарақат өзі шықса, күн жылы, желсіз, жауынсыз, қарсыз болады. Түйелер: тайлақ, бота, атандар тайраңдаса күн суытатынның белгісі болмақ. Содан да қазақта: «атан түйе тайраңдаса жұт болады» немесе «Кәрі түйе ойнақтаса жұт болар [7.225]» - деген тәмсіл бар [9.763]. Түйенің аталығын 3-4 жасында қайытуға қосады. Түйенің аталық будандарын тарттырып тастайды. Бұл үдеріс негізі төрт жасында екі өркешті түйені дөнен кезінде жасап, оны «атан» десе, нардың тарттырылғанын «ақта нар» деп атайды. Ақта нарлар мен атандарды

халқымыз қара жұмысқа арнаған. Олардың, әсіресе, атанның күштілігін халқымыз былай келтірген: «Көлік артсаң атан арт, үдере көшсең мұңаймас» [6.25] немесе «Көлік жисаң атан жи, қияға салсаң мойытпас. Сауын жисаң бие жи, үш ай тоқсан болғанда, ариды деп ағытпас» [4.526].

Қазақ халқының көші-қонының өзіндік салт дәстүрі, салтанаты болады. Түйеге жүкті жақсылап артады. Оны ықпар адамдар басқарады. Бас түйе, орта түйе, соңғы түйе деген сияқты. Түйелердің ретіне қарай төргі, есік жақ, оң жақ, қазан жүктері дегендей әр түйеге асау, жуасына сай жүктер тиеледі. Кейде соңғы түйелерге жүк көп қалады. Содан да «Соңғы түйенің жүгі ауыр» деген мақал қалған [9.982]. «Түйе – көштің көркі, жылқы – жетекші, қой – береке» дейді қазақ [4.527]. Қазақи көші-қонның түрі көп. Оларға жеке үй көші, ауыл-аймақ көші, ұлы көш, үдере көшу, соңғы көш, алдыңғы көш, қаралы көш, салтанатты көш, байдың көші, кедей көші, озған көш, тозған көш деген сияқты тіршілікте көш түрі көп. Жеке үй көш мәселесін өздері шешіп екі-үш түйесіне үйін артып қонар жеріне көшіп жатады. Ауыл аймақ көші халықтық «науқанды іс». Бұл көптің күшімен бітетін шаруа. Мұны күн бұрын жоспарлап, ақылдасып, көш дайындығын жасап алып барып жасайды. Содан да қазақта «Көшер болсаң көшінді сайла» дейтін мақал бар [9.983]. Қазақ көшін көбіне түйеге артады. Алдыңғы түйені дұрыс жетектесе, соңғы түйелер соның ізімен жүретін қағида бар. Содан да қазақта «Алдыңғы түйе қалай жүрсе, соңғы түйе солай жүреді» дейтін мақал бар. Сондай-ақ көш керуенін жетектеп жүретін «көш жетекшісі» болады. Оны ыспар, ақылды адамдардан тағайындайды. Ондай еркек адам жетіспесе, бәйбіше, тоқал, әйел адамдарға

да көшті жетектеткен. Алайда қазақта «Қатын бастаған көш оңбайды» деген де бар. Көш жетекшісі жауапты болуға тиіс [9.984], сондықтан «Көш мәнісін білмеген көшсе, көлік өлтірер...» деген де мақал бар [7.51].

«Киелі мал иелі» деп сенетін қазақ түсінігінде әр түлік малдың атасы, пірі өз түлігіне қамқорлық жасайды-мыс. «Жылқы атасы – Қамбар ата, сиыр атасы – Зеңгі баба, түйе атасы – Ойсылқара, қой атасы – (Қошқар) Шопан ата, ешкі атасы – Шекшек ата» дейді қазақ.

Ауыл қоныс тебетін жерге келген бетте әдетте оның үстімен бір отар қойды айдап өтетін еді [15.79]. Бұл ежелден қалыптасқан ғұрып. Оның киелі мағынасымен қатар тұрмыстық мәні де бар. Қой шөппен бірге бүйі, сарышаян, қарақұрт сияқты улы жәндіктерді жейді, оның иісінен жыландар қашып кетеді, бір сөзбен айтқанда «ең таза, оттан жаралған» жануарлар маңайды санитарлық жағынан тазартудың ең бір қауіпсіз түрін іске асырады [15.82]. Мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқында мал дәрігерлік – халықтық ем белгілі дәрежеде дамыған [16.291]. «Ауру атанды да жығады» дейтін қазақ малдың түрлі ауруын ажырату, оған сәйкес дәру және індетке қарсы сақтық шараларын жасауда да елеулі еңбек сіңірген. Мысалы, мал астаудан суарылса, оның тазалығын қадағалаған, суат басында шалшық судың жиналуына жол бермеуге тырысқан [17.39]. Қазақтың «Сынықтан өзге жұғады» дейтіні аурудың жұғымталдығын түсінгендіктерін көрсетеді [18.46]. «Сылдырсыз аққан судан без», «Тұйық судың түбі – құрт» деп түйген халықтың: «борсыған су өкпе ауруына желеу болады» деп топшылауында қисын бар, ластанған су – жұқпалы індеттің көзі [18.23].

«Басты балта бұзар, жылқыны маңқа бұзар» деген мақал бар. Жылқыда болатын жұқпалы маңқа ауруы

Қазақстанның барлық жерлерінде кездесетін. Халық арасындағы түсінікке қарағанда, маңқа ауруы көбінше, ең алдымен, көп мініліп, ыстық-суықты болған жылқыларда болады-мыс. Кейде тіпті жүген-құрық көрмеген асаулар, айғыр көп қуғандықтан, ыстық-суықты болып маңқаға шалдығады дегенге де қатты сенетін. Мұндай ұғым, әрине, дұрыс емес [18.15]. «Сиыр тілінен қыршаңқы болады» [19.163] деген мақалда қыршаңқы 1. Жылқыда болатын тері ауруы, індет, қышыма, қотыр. 2. Ауыспалы мағынада: қырсық, қыңыр, шақпа тілді [20.563].

Емшілікте әр түрлі діни сенімдерге байланысты отпен аластау, қыздырған темірмен қарып емдеу әрекеті жасалатын. Мысалы, «ошақ» болған малдың ісігін темір ошақтың қыздырылған бір сирағымен қаритын [18.8-9]. Халық емсектері қолданатын саймандар өте санаулы ғана болатын, яғни пышақ, қандауыр және қамыс түтіктен басқа жөнді арнаулы құралдар болмайтын. Бірақ, керек болған уақытта басқа қажетке арналған бұйымдарды да (ине, біз, қуысқұлақ, тістеуік, қашау, көсеу, тарамыс және солар сияқты заттар) олар пайдалана білген. Мысалы, қазақ емшілері ине, біз, қандауыр, пышақ тәрізді құралдармен бітеу жараны жаруға қолданған [14.589].

Қазақта көпке дейін орын алған ұғым ала жіпке не ала арқанның қасиетіне сену еді. Ала жіп – ескі шаман дінінен қалған салт-сананың бір түрі. Оның негізгі мазмұны біреудің ауруын көшіріп далаға жіберу не өлген адамның күнәсін тізіп өзі көнген тірі адамға жүктеу [2.162].

Дәстүрлі сенімде төрт түлік кез келген адамға емес, іске, шаруаға қыры бар жанға бітетіндігін қазақ «Сиыр қалың нуға, қоры үзілген қуға бітеді» деген мақалда

келтіреді [70.30]. «Мал жақсысы – сиыр», «Сиыр жайған тоқ болады, уайым-қайғы жоқ болады», «Түйелі кісі күйлі, сиырлы кісі сыйлы», «Сиыр судан жериді, су сиырдан жериді» дейді қазақ [4.551]. Сиыр – кара (түрі-түсі кара) халықтардың бабасы, екінші сөзбен айтқанда, сиыр үнділердің, негірлердің бабасы деп аударуға тура келеді [21.62]. «Сиыр сары болмас, түйе торы болмас» деу себебі осы түстердің оларда кездеспеуінен [6.50]. Аязды күні сиыр мен ешкі басын шайқайды. Аяз мүйізді қысса, мүйіз тұқылды қысады. Күннің аяздығына байланысты «Ойда он сиырдың мүйізі сырқыраса, қырда қырық сиырдың мүйізі сырқырайды», -деп қосады қазақ мақал-мәтелінде [6.68]. Қазақта ешкіге де қатысты мақал-мәтелдер жетерлік. «Ешкінің еті желге, сүті емге», «Ешкі – малдың ептісі, Жылқы – малдың тектісі», «Ешкілі қой өреген», «Теке де болса құты болсын, ешкі де болса сүті болсын», «Үлкен десең түйеге жүгін, сақалды десең текеге жүгін» [7.220] дейді халық. Дегенмен, түйе, жылқы, сиыр, қой малын айналысатын шаруашылығының, ата кәсібінің негізі санайтын қазақ ешкіні төрт түлік қатарына жатқызбайды. «Ешкіні түлен түртерінде шопанның таяғына сүйкелер» дейтін мақалда түлен түртті – сайтан түртіп бір пәлеге ұрынды деген мағына беріп тұр [20.832]. Ешкінің тастан-тасқа секірген, шошаңдаған мінезі, т.б. жағымсыз қасиеттеріне байланысты шығар, ел ішінен таңдап жүріп, текті жерден қалың малын матап беріп, қыздай алған жігіттің алғашқы жарын «құдайдың бұйрығы», «құдай қосқан қосағы» деп марапаттаған қазақы дәстүрлі санада бәйбішенің орнын баса алмай, күндестікпен күнін өткізетін, бәйбішеден артықтығын дәлелдеймін деп жағымсыз мінез-құлық танытып, абыройсыздыққа ұрынатын тоқалдың қылық-қимылы, іс-әрекеті ешкінің

шошаңдаған құйрығымен салыстырылып, жасалған пайым тілде «Бәйбіше – құдай бұйрығы, тоқал – ешкінің құйрығы» мақал-мәтелі түрінде бекиді [8.109]. «Сақал текеде де бар» деген мәтел арқылы өз жасына лайық емес мінез, қылық, қимыл көрсетіп, сақалын сатқан кәріні айыптайды. «Сақалын сатқан кәріден еңбегін сатқан бала артық» дейді қазақ. Бұл жас ұрпаққа үлгі, өнеге беретін өмірлік тәжірибесі мол, жасы үлкен адамның жүріс-тұрысы келісті, мінезге бай, сабырлы да байсалды болуы қажеттігін ескертеді.

Демек, халықтық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан кез келген ұлттың өзіне тән сипатын айқындай түсетін асыл қасиеттер болып табылады, сондықтан, төрт түлікке қатысты мақал-мәтелдердің мән-мағынасын, логикалық астарын толық түсіну үшін оның тарихи шаруашылық дағдысын, салт-дәстүрінен хабардар болудың маңызы зор.

Әдебиеттер:

1. Дина Бекзат Бегалықызы. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық-прагматикалық аспектісі. – Алматы: 2002.
2. Арғынбаев Х. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. – Алматы: «Ғылым», 1969.
3. Кейкін Жәрдем. Қазақы атаулар мен байламдар. – Алматы: «Өлке», -2006. -456 б.
4. Жәрдем К. Қазақ мақал-мәтелдерінің Алтын кітабы. -Алматы, 2015.
5. Кейкін Жәрдем. Қазақтың 7777 мақал-мәтелі. – Алматы: «Өлке», 2002.
6. Сейтқұлова Ж.М. Қазақтың 4 түлікке байланысты әдет-ғұрыптары мен салт дәстүрлері. Тарих ғ.к.дисс. – Алматы, 2002.

7. Қазақтың мақал-мәтелдері (құраст.Смайлова ). –Алматы: «Көшпенділер» баспасы, 2002. -272 бет.
8. Коканова Ж.А. Қазақ тіліндегі төрт түліктің түк және тері атауларының тілдік сипаты және этномәдени мазмұны. Филол.ғ.к.дисс. –Алматы, 2010.
9. Қ.Бикұмар. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Уланбатор.2013.
10. Жанәбілов Ш. Қазақша мал атаулары. –Алматы, «Қайнар», 1982. -150 б.
11. Мұқанов С.Халық мұрасы. –Алматы, 1974.
12. Әжіғали С.Е. Архитектура кочевников.-Алматы: 64а.Карамендина М. Таңба – рудың меншік белгісі. // Қазақ тарихы.2012. № 6.
13. Ер қанаты. –Алматы: «Қайнар», 1987. -328 б.
14. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. II том. Е-И: -Алматы, 2012. -736.
15. Қазақтың киіз үйі. Атырау-London, 2005.
16. Тоқтабаев А.Қазақ жылқысының тарихы. – Алматы, 2010.
17. Карамендин Ө.С. Қойдың нематодирозы. – Алматы: «Қайнар», 1971. -44б.
18. Арғынбаев Х.Мал ауруларын емдеудегі қазақтың халықтық тәжірибесі туралы. –Алматы: «Ғылым», 1963. -51б.
19. Қазақтың мақал-мәтелдері (құраст. Ж.Малайсарин). –Алматы: «Ана тілі», 2006. -184 б.
20. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. –Алматы: «Дайк-пресс», 2008. -968 б.
21. Айтмұқашова А.А. Ғұрыптық фольклор лексикасы: идиоэтникалық семантика. филол.ғ.к.дисс. –Алматы, 2007.

*Авторлық бағдарлама*

**А.ТҰРСЫНОВА,**  
**«Жаңа Ғасыр»**  
**№175 гимназиясы.**  
Алматы қаласы

## **«ТІЛ БІЛГІРІ» БАҒДАРЛАМАСЫ**

«Тіл білгірі» таңдамалы курсының бағдарламасы 8-9-сыныптарға арналған. Бағдарламаға жылдар бойы орта мектеп бағдарламасынан аз ғана уақыт бөлініп келген жаттығу жұмыстарының деңгейлік түрлеріне қатысты материалдарды іріктеп алып отырмыз.

Бұл курсты жүргізудегі мақсатымыз – оқушылардың тіл байлығын молайтуға, тілдік жаттығуларды орындау барысында деңгейлік тапсырмалар мен шығармашылық жұмыс түрлерін өздігінен орындай білуге, сондай-ақ топтық, жұптық жұмыстарына қызыға ден қоя білуге, көркем мәтінді талдай білуге дағдыландыру.

«Тіл білгірі» таңдамалы курсына қазақ тілін оқытудағы басты мақсат, бір сөзбен айтқанда, оқушылардың қазақша сөйлеу құзыреттілігін қалыптастыру. Ол оқушылардың фонетикалық, лексикалық, грамматикалық құзыреттіліктерін қалыптастырудан басталады. Ал мұның бәрі оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым, тілдесім барысында қалыптасады.

Бағдарламаның ерекшелігі. Оқу нәтижесінде

оқушылар өтілген материал шеңберінде тілдік қарым-қатынасқа түсе алады, яғни жағдаятқа байланысты сөйлеп, сол тақырып төңірегінде өз көзқарасын білдіре алумен қатар, қойылған сұраққа жауап беріп, өздері де сұрақ қоя алады. Мұндай деңгейге жету үшін үлкен сөздік қор жинақтау, қазақ тілі грамматикалық категорияларын білу аз, оқушылар қазақ тілін тәжірибеде қолдана алу дәрежесіне жетулері керек.

«Тіл білгірі» арнайы курсына қазақ тілі пәнінің барлық саласы оқушы деңгейіне сай қамтылады. Күрделі тақырыптарға баса назар аударылып, сол тақырыптардың мазмұнын пысықтау мақсатында сабақ соңында, бөлім соңында жаттығу жұмыстары мен тест сұрақтары беріледі.

Бұл курс 8-9-сыныптарда қазақ тілі пәнінен алған білімдерін жүйелеп қайталау, талдау, одан әрі тереңдете түсуде маңызы зор болмақ.

Білімі, икем дағдыларына қойылатын талаптар:

- грамматикалық материалды жан-жақты зерттеп, жаттығулар түрін және санын көбірек дайындау;
- оқушыларға тілдің теориялық жағын жақсы меңгертумен қатар оқу көрнекі құралдарын жүйелі пайдаланып, оқушыларды пәнге қызықтыру;
- жан-жақты білім бере отырып, ізденгіштік қабілеттерін дамыту;
- оқушының білімін тексеру, бақылау;
- шығармашылық қабілетін арттыру;
- үйретудің әдіс-тәсілдеріне төселдіру;
- сөздік қорын байыту, тіл дамыту.

Қазақ тілі сабағында оқушыларға өздігінен орындауға берілетін жұмыстар ойлау қабілетін арттыруға, берілген тапсырмалар бойынша өз бетімен шешім қабылдауға талпындыратындай болуы тиіс.

Тұрақтылау (мазмұндық) бөлімі.

Кіріспе. «Тіл білгірі» арнайы курсының базалық білім мазмұны – 34 сағат, аптасына 1 сағат.

1. Кіріспе – 1 сағат. Қазақ тілі туралы түсініктерін білімдерімен ұштастыру.

2. Қазақ тіл білімі – 1сағат. Қазақ тіл білімінің өзге тілдерден ерекшелігі, салалары туралы мағлұмат алу.

3. Терминдер – 1сағат. Терминдердің қазақ тіліндегі маңызын, өзіндік ерекшелігін, емлесін ұғыну.

4. Фонетика -5 сағат. Фонетикалық түсініктерін қайталау, толықтыру, талдата отырып білім беру. Дыбыстардың ерекшелігін ашып көрсету. Орфоэпия, орфографиялық нормаларды дұрыс сақтап айтуға дағдыландыру.

5. Лексика-3 сағат. Лексикалық бірліктердің маңыздылығын, сөз, сөйлем талдаудағы сөз мағынасының маңыздылығын ұғыну, пайымдау.

6. Морфология- 14 сағат. Сөз таптарының өзіндік тұлғаларын, қолданылу ерекшеліктерін, талдау, жинақтау барысында түсіну, қорытынды шығару.

7. Синтаксис – 8 сағат. Сөз тіркесі, сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдерін, сөйлем туралы білімдерін дамыту, кеңейту, қолдана білу, қатемен жұмыс арқылы білімдерін дамыту.

8. Құрмалас сөйлем. Салалас құрмаластың жасалуы,

тыныс белгілері.

Стиль -1сағат.

Стильдік ерекшеліктерді ұғыну.

Қорытынды – 1 сағат.

Бастапқы (қыркүйектегі) білім сапасымен салыстыру,  
қорытынды жасау.

8-сынып. Нормативті бөлім.

### Күнтізбелік-тақырыптық жоспары

Р/с	Тақырыптың аты	Сағат саны			Өткізілу түрі	Білімдік қазынасы
		Барлығы	Лекция	Практика		
1.	Кіріспе	1	1		Лекция	Конспект
2.	Қазақ тіл білімі	1	1		Лекция	Конспект
3.	Қазақ тіл біліміне енген термин сөздер	1	1		Семинар	Талдау
4.	Фонетика, дыбыс, әріп	1	1		Лекция	Конспект
5.	Дыбыстың өзіндік ерекшеліктері	1	1		Семинар	Жаттығу
6.	Дауысты дыбыстар ерекшелігі	1	1		Лекция	Конспект
7.	Дауыссыз дыбыстар несімен бөлек?	1		1	Семинар	Жаттығу жұмысы
8.	Буын. Үндестік заңы. Тасымал. Орфография, орфоэпия	1	1		Семинар	Талдау
9.	Лексика, зерттеу саласы. Сөздің ішкі, сыртқы қабығы.	1	1		Лекция	Конспект
10.	Қолданылуы шектеулі сөздер.	1		1	Семинар	Тәжірибелік жұмыс

11.	Қанатты сөздер, тұрақты сөз тіркестердің өзіндік ерекшеліктері	1		1	Семинар	Мәтінмен жұмыс
12.	Сөзжасам, морфология, сөз құрамы	1		1	Лекция	Талдау
13.	Қосымша, жұрнақ, жалғау. Омонимдес қосымшалардың айырмашылығы, өзіне тән белгілері.	1		1	Семинар	Мәтін талдау
14.	Сөз таптары. Зат есім	1	1		Лекция	Конспект
15.	Сын есім, сан есім	1	1		Лекция	Конспект
16.	Есімдік, жасалуы, түрлері.	1	1		Лекция	Конспект
17.	Бақылау тесті	1		1	Тест жұмысы	Тест жұмысы
18.	Етістік, жасалуы, түрлері. Етістіктің заттануы (субстантивтену)	1	1		Лекция	Конспект
19.	Етістіктің мағыналық ерекше түрі. Етіс түрлері	1		1	Семинар	Тәжірибелік жұмыс
20.	Етістіктің түрлену категориясы. (Шақ, рай категориясы)	1	1		Лекция	Конспект
21.	Орындаушының іс-қимылға байланысты ой-пікірі, қатынасы.	1	1		Лекция	Конспект
22.	Тұйық етістік, емлесі	1		1	Семинар	Жаттығу жұмысы
23.	Үстеу, түрлері, жасалуы	1	1		Лекция	Конспект
24.	Шылау сөздер және еліктеу сөздер, одағай сөздер	1		1	Семинар	Тәжірибе
25.	Қорытынды тест	1		1	Тест	Тест жұмысы

26.	Синтаксис, сөз тіркесі, сөйлем	1	1		Лекция	Жаттығу
27.	Сөздердің байланысу түрлері, тәсілдері	1	1		Семинар	Тәжірибелік жұмыс
28.	Сөйлем түрлері, сөйлем мүшелері	1	1		Семинар	Тәжірибе
29.	Жалпылауыш сөздер	1		1	Семинар	Мәтінмен жұмыс
30.	Төл сөз, автор сөзі, төлеу сөз	1	1		Лекция	Талдау
31.	Құрмалас сөйлем. Салалас құрмаластың жасалуы, тыныс белгілері.	1		1	Лекция	Жаттығу жұмысы
32.	Сабақтас құрмалас сөйлем және жасалу жолдары	1		1	Семинар	Жаттығу жұмысы
33.	Құрмалас сөйлемнің тыныс белгісі	1	1		Лекция	Талдау
34.	Қорытынды	1		1	Бақылау тест	Тест жұмысы
	Барлығы	34	20	14		

9-сынып.

Нормативті бөлім.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспары.

Р/с	Тақырыптың аты	Сағат саны			Өткізілу түрі	Білімдік қазынасы
		Барлығы	Лекция	Практика		
1.	Кіріспе	1	1		Лекция	Конспект
2.	Қазақ тіл білімі	1	1		Лекция	Конспект
3.	Қазақ тіл білімінің салалары	1	1		Семинар	Талдау

4.	Фонетика. Қазақ тіл білімі. Фонетиканың қарастыратын мәселелері. Қазақ тілі фонетикасының зерттелуі. Тіл дыбыстары туралы жалпы ұғым. Тіл дыбыстарының сөз мағынасымен арақатынасы. Тіл дыбыстарының жасалуы.	1	1		Лекция	Конспект
5.	Дыбыс үндестігі. Ілгерінді ықпал. Ілгерінді ықпалдың жазылуда ескерілмейтін орындары, емлесі.	1	1		Семинар	Жаттығу
6.	Сөз аралығындағы, сөз ішіндегі дыбыстардың үндесу ерекшеліктері.	1	1		Лекция	Конспект

7.	Кейінді ықпал, кейінді ықпалдың жазылуда ескерілетін орындары, кейінді ықпалдың жазылуда ескерілмейтін орындары.	1		1	Семинар	Жаттығу жұмысы
8.	Лексика. Сөз мағыналары. Ауыспалы және тура мағына. Көп мағыналы сөздердің омоним сөздерден айырмашылығы мен ерекшелігі.	2	2		Семинар	Талдау



9.	Архаизм мен тарихи сөздердің айырмашылығы. Қолданылу өрісі тар сөздер.	1	1		Лекция	Конспект
10.	Сөзжасам, морфология, сөз құрамы	1		1	Семинар	Тәжірибелік жұмыс
11.	Сөз тудырушы және сөз түрлендіруші жұрнақтар	1		1	Семинар	Мәтінмен жұмыс
12.	Қосымша, жұрнақ, жалғау. Омонимдес қосымшалардың айырмашылығы, өзіне тән белгілері	1		1	Лекция	Талдау
13.	Есім сөздер тобы (Зағ есім, сан есім, сын есім, есімдік)	1		1	Семинар	Мәтін талдау
14.	Етістіктің ерекше жұрнақтары (есімше, көсемше, етіс, тұйық етістік) болымсыз етістік, сабақты, салт етістіктер	2	2		Лекция	Конспект

15.	Көмекші есімдер мен көмекші етістіктер	1	1		Лекция	Конспект
16.	Бақылау тест	1	1		Лекция	Конспект
17.	Етістіктің шақтары мен райлары, олардың түрлері.	1		1	Тест жұмысы	Тест жұмысы
18.	Синтаксис. Сөз тіркестерінің байланысу тәсілдері мен байланысу түрлері	2	2		Лекция	Конспект
19.	Сөз тіркесі және тұрақты тіркес пен күрделі сөздердің ерекшеліктері.	1		1	Семинар	Тәжірибелік жұмыс

20.	Дара және күрделі және үйірлі мүшелер. Олардың тыныс белгілері.	1	1		Лекция	Конспект
21.	Бірыңғай мүшелер мен үйірлі мүшелер, тыныс белгілері	1		1	Лекция	Конспект
22.	Оқшау сөздер, олардың түрлері және тыныс белгілері. Қыстырма, сөздердің мағыналық түрлері.	1		1	Семинар	Жаттығу жұмысы
23.	Жай сөйлем. Жай сөйлемнің түрлері. Олардың құрылысы мен көлемі.	1		1	Семинар	тәжірибе
24.	Құрмалас сөйлемдер. Құрмалас сөйлемдердің жасалуы	1		1	Тест	Тест жұмысы

25.	Салалас құрмалас сөйлем. Оның түрлері мен жасалуы. Жалғаулықты, жалғаулықсыз салаластар. Салаластың тыныс белгілері	1	1		Лекция	Жаттығу
26.	Сабақтас құрмалас сөйлем. Бағыныңқы компоненттердің жасалу жолдары. Тыныс белгілері.	1	1		Семинар	Тәжірибелік жұмыс

27.	Көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер. Оның түрлері. Аралас құрмалас сөйлемдер.	1	1		Семинар	Тәжірибе
28.	Әдеби тілдің стильдік тармақтары. Ауызекі сөйлеу стилінің түрлері мен ерекшеліктері	1		1	Семинар	Мәтінмен жұмыс
29.	Ресми іс қағаздары мен қатынас қағаздар стилінің белгілері, қолданылуы, тілдік амал-тәсілдері	1	1		Лекция	Талдау
30.	Көркем әдебиет публицистикалық стильдің сипаты және ауызекі сөйлеу стиліне тән ерекшелігі мен ұқсастығы	1		1	Лекция	Жаттығу жұмысы
31.	Қорытынды	1		1	Бақылау	Тест
	Барлығы	34	20	14		

#### Ақпараттық-әдістемелік бөлім

Қазақ тілі – эстетикалық талғамы зор тіл. Көркем өнерін, мақал-мәтелін, қанатты сөзін, теңеулерін, бейнелі сөзін, өлең сөздері мен даналық талғамын, барлығын нұрландырып тұрған нәрлі тіл – қазақтың баба тілі, қазақтың ана тілі. Осылардың бәрін шәкірттерге танытып, бойларына сіңіру үшін бүгінгі күннің қазақ тілі пәнінің мұғалімі ұлт рухын асқақтататын,

аспандататын нағыз шебер болуы хақ. Яғни тілді басқа ұлт оқушыларына оқыту – негізгі мәселелерді шешудің басты тетігі. Бүгінгі таңда оқытуда түрлі жаңа педагогикалық технологиялардың туындауы да осының дәлелі. Осыны басшылыққа ала отырып тілді тиімді әрі оңтайлы үйрете отырып, келешек ұрпақтың біздің ана тіліміздегі шығармашылық қабілеттерін дамытуды оңтайлы жүргізу қажет. Ол, ХХІ ғасырдың үлкен жетістігі-ақпаратты- қатынастық технология құралдарымен етене байланысты.

Мақсаты: АКТ мүмкіндіктерін пайдалана отырып, ғаламдану, жаһандану кезеңіндегі тілдік қабілеті жоғары тұлғаны қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Оқу үдерісінде ақпараттық технологиялардың орнын, тәсілі мен рөлін анықтау.

2. Интербелсенді әдістерді қолдана отырып, оқушылардың өз беттерімен жұмыс жасау іскерліктерін қалыптастыру;

3. Интерактивті тақтаның қызметі, түрлері, тақтаны сабақта тиімді қолдану.

4. Интерактивті тақтаның тиімді құрал-саймандарын қолданудың мүмкіндіктерін нақты мысалдар арқылы көрнекі түрде көрсету;

5. Интерактивті құралдарды қолданудың қажеттілігі мен тиімділігіне көз жеткізу.

Болжам: егер әрбір мұғалім интербелсенді әдістермен ақпаратты-техникалық құралдарын жетік меңгерсе, онда олар өз тәжірибелерінде (сабақтарында) интерактивті тақтаны, электрондық оқулықтарды

тиімді де пайдалы түрде қолдану мүмкіндігіне ие болар еді.

Күтілетін нәтиже:

- Оқу үдерісінде үнемі қолданыста жүрген интербелсенді әдісті тиімді қолдана алады;
- Заман талабына сай ақпараттық технологиялармен танысады;
- Интерактивті тақтаны қолдануды үйренеді;
- Интерактивті тақтаны, интерактивті тақтаның тиімді құрал-саймандарын сабақта тиімді қолданады, мәліметтерді өз бетінше жинақтап, өндей алады;
- Интерактивті құралдарды қолданудың қажеттілігі мен тиімділігіне көз жеткізеді;
- Туындаған қиындықтардың жолын іздеуге машықтанады.

«5» деген баға оқу бағдарламасының мазмұнын терең және толық білетін, оқу материалындағы теория мен деректі ажырата алатын, жауабын өз бетімен жүйелі етіп құрастыратын, анықтама, ұғымдарды түсінетін, тілдік нормаларды сақтап сауатты, қатесіз жауап беретін қосымша материалдарды орынды қолдана алатын ойы оралымды оқушыға қойылады.

«4» деген баға ұғым, ереже, анықтамаларды дұрыс түсініп, дәлелдей алатын, бірақ кейбір теориялық материалдарды нақты айтпайтын, жекелеген қате жіберетін оқушыға қойылады.

«3» деген баға оқу материалындағы негізгі ережелерді, қосымшалардың жалғану ретін үстүрт түсінген, ой-пікірлерді талдай алмайтын, жауабы жүйесіз, мұғалім көмегімен жауап беретін оқушыға қойылады.

«2» деген баға білімі жүйесіз, негізгі мен көмекшіні, теория мен деректі ажырата алмайтын, жаттанды сөйлейтін, бағдарламаны игеруге мүмкіндігі төмен, бағдарламаның материалын түсінбейтін оқушыға қойылады.

Әдебиеттер:

1. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. -Алматы.
2. Бейсенбаева З. Сөзжасамды оқыту. «Республикалық баспа кабинеті». -Алматы. 1998. 216 бет.
3. Ермекова Т. Қазіргі қазақ тіліндегі есім баяндауыштар. «Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспасы». -Алматы, 1999. 98-бет.
4. Исаев С.М. Қазіргі қазақ тілі жайындағы ойлар. «Атамұра». -Алматы. 1997. 221-бет.
5. Аблақов Ә., Исаев С., Ағманов Е. «Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің дамуы мен лексикалану процесі». «Санат». - Алматы. 1997. 320-б.
6. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. -Алматы, «Білім». 2004.
7. Қазақ тілі оқулығына методикалық нұсқау. -Алматы. «Мектеп». 1986.
8. Шәукенов К. «Үйірлі мүшелер, оларды оқыту методикасы» -Алматы. «Қазақ университеті» 1991. 112-бет.
9. Ерғалиева Б.Қ., Жақсыбаева Ж.Б. «Қызықты қазақ тілі». 2011.
10. Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарына түсушілер үшін тесттер жинағы Алматы. 2013.
11. Интернет желісі. [www.45minut.kz](http://www.45minut.kz).

**Ә.НЫҒМАНОВА,**  
**№23 ЖОББМ.**  
Екібастұз қаласы

## **АҚПАРАТТЫҚ - КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ САБАҚТЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ**

Мақсаты: Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы сабақтың тиімділігін арттырудағы іс-тәжірибемен бөлісу.

1-бөлім. Теориялық бөлім

2-бөлім. Практикалық бөлім

I. Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. «7 модуль» бағдарламасы бойынша сабақтарды қызықты етіп өткізу үшін үнемі оқушылардың сабақтан жақсы әсер алуына байланысты инновациялық технологияны қолдану қажет. Бағдарлама оқушыларға қалай оқу керектігін үйретіп, соның нәтижесінде еркін, өзіндік ой-пікірін жеткізе білетін ынталы сенімді болуды қалыптастырады. Күнделікті сабақтарда сыныпта ынтымақтастық ахуал қалыптастыру білімге құштарлықтарын, көңіл-күйлерін жақсартуына оң әсерін береді. Ынтымақтаса жұмыс істей отырып, олар бір нәтижеге жету үшін топ ережелерін сақтауды үйренеді. Өз-өздерін реттеулері мен көшбасшылыққа

ұмтылулары, дарындылары айқындала бастайды.

Соның ішінде жеке балалармен жұмыс жүргізуде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (АКТ) түрлерін пайдаланып, әр түрлі ойындар, жарыстар, тест жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу кезінде бала бойындағы тапқырлық, бейімділік, қабілеттілік, таланттылық байқалады. Мұның бәрі де оқушы бойындағы дарындылық қасиетін аша түседі. Сабақта АКТ түрлерін пайдалану оқушыларға ұнайды.

Аудио-бейне жазбаларды қолдану қиялды, абстрактілі ойлауды, оқытылатын оқу материалына және пәнге қызығушылықты арттырады. Тұсаукесер бір жағынан оқушыларға жаңа материалды (иллюстрация, фотосуреттер, бейнелік, дидактикалық материалдар, т.с.с.) көрнекті түрде көрсету құралы болса, екінші жағынан, мұғалімдерге осы материалдарды және оны қолдану арқылы сабақты меңгерту үдерісін жеңілдетеді. Аудио-бейне сабақтары педагогикалық технологияның алға басқан тағы бір қадамы. Оқушылардың ақпаратты теледидар, компьютер, ұялы телефон және т.б. техникалық құралдардың көмегімен жақсы қабылдайтынын білеміз.

Сөйлесім әрекетінің барлық түрлеріне тән ең басты көрсеткіш: ол – түсіну. Бір адам екінші бір адамның айтқанын түсінбесе, ұқпаса, онда пікірлесу де, сөйлесу де жүзеге аспайды. Ал, бұл сайттар оқушылардың оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім сөйлеу әрекеттерін дамытуға септігін тигізеді деп ойлаймын.

II. Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында пайдалануға ұсынатын сайттар:

[www.kaz-tili.kz](http://www.kaz-tili.kz)

<http://kitap.kz/>

<http://old.el.kz>  
[www.bilimland.kz](http://www.bilimland.kz)  
[www.soyle.kz](http://www.soyle.kz)  
[www.abay.nabr.kz](http://www.abay.nabr.kz)  
[www.youtube.com](http://www.youtube.com) қазақша ертегілер

Сабақта теориялық және тәжірибелік білімдерді қолданған кезде, анықтаушы фактор оқыту үдерісінің мазмұны, әдістемесі, технологиясы саласындағы білімнің қалыптасқандығы болып табылады.

АКТ құралдарын пайдалану, заман талабына сай оқушы үшін де, мұғалім үшін де пайдалы.

Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру.

Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында пайдалануға ұсынатын сайттар:

Қарапайым деңгей	Тақырыптары
1-тарау	Танысу, амандасу, қоштасу
2-тарау	Отбасы, менің үйім
3-тарау	Жұмыс, менің мамандығым
4-тарау	Уақыт, сағат, апта күндері
5-тарау	Жыл мезгілдері, айлар, ауа райы
6-тарау	Күн тәртібі, бос уақыт
7-тарау	Азық-түлік, жемістер, көкөністер
8-тарау	Негізгі түстер, киім, өлшем, түр, салмақ
9-тарау	Дүкенде, сауда орындары
10-тарау	Жас, келбет, дене мүшелері
11-тарау	Шақыру, ұсыныс айту, құттықтау, тілек айту
12-тарау	Көзқарас, түсіністік, келісім беру, қарсы болу

Орта деңгей	Тақырыптары
1-тарау	Қала, қаланың көрікті жерлері, қыдыру

2-тарау	Аялдамада, көлікте, вокзалда, әуежайда
3-тарау	Пошта, байланыс құралдары, анықтама қызметі
4-тарау	Мейрамханада
5-тарау	Банкте, ақша, ақша айырбастау
6-тарау	Білім, мектеп, колледж, жоғары оқу орындары
7-тарау	Кітапханада
8-тарау	Денсаулық, спорт, дене шынықтыру
9-тарау	Медициналық қызмет, дәрігердің қабылдауында, дәріханада
10-тарау	Қонақүй, қонақүйде, қызмет көрсету
11-тарау	Сұлулық салонында
12-тарау	Театрда
13-тарау	Мұражай
14-тарау	Халыққа қызмет көрсету орталығында

Жоғары деңгей	Тақырыптары
1-тарау	Тәуелсіз Қазақстан
2-тарау	Қазақстан Республикасының рәміздері
3-тарау	Қазақстан тарихы
4-тарау	Астана-бейбітшілік қаласы
5-тарау	Қазақстан табиғаты. Көрікті жерлер.
6-тарау	Ұлттық ойындар
7-тарау	Ұлттық киімдер
8-тарау	Қазақтың ұлттық тағамдары
9-тарау	Қазақстан мәдениеті. Музыка. Өнер.
10-тарау	Қазақ халқының салт-дәстүрлері

Бұл сайттар оқушылардың оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім сөйлеу әрекеттерін дамытуға септігін тигізеді деп ойлаймын.

Сабақта теориялық және тәжірибелік білімдерді қолданған кезде, анықтаушы фактор оқыту үдерісінің мазмұны, әдістемесі, технологиясы саласындағы білімнің қалыптасқандығы болып табылады.

АКТ құралдарын пайдалану заман талабына сай оқушы үшін де, мұғалім үшін де пайдалы.

**Ж.ҚАРАЙДАРОВА,**  
**Сарыкөл орта мектебі.**  
Ақтөбе облысы,  
Темір ауданы,  
Сарыкөл ауылы

## **А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ.** **«ӨГІЗ БЕН БАҚА»**

Мақсаты: білімділік-А.Байтұрсынұлы өмірі мен шығармашылығынан игерген білімдеріне шолу жасап, А.Байтұрсынұлының еңбектерінің халық үшін маңыздылығын, ақын мысалының мазмұны мен идеясын ұғындыру; дамытушылық-А.Байтұрсынұлының шығармаларымен таныстыра отырып шығармашылық жұмысқа баулу, ой қорытындысын жасауға үйрету; тәрбиелік-оқушыларды адамгершілікке баули отыра, адам бойындағы көрсеқызар, көре алмаушылықтан аулақ болуға тәрбиелеу.

Типі: аралас сабақ.

Түрі: Жаңа білімді меңгерту.

Әдісі: мәнерлеп оқу, рөлге бөліп оқу, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау.

Көрнекілігі: интербелсенді тақта, А.Байтұрсынұлының портреті, сызбалар.

Пәнаралық байланыс: орыс әдебиеті, қазақ тілі, тарих, биология.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру: оқушыларды түгелдеу, назарын сабаққа аудару.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

«Нақты сұрақ, дәл жауап» (сұрақтарға жауап беру арқылы үй тапсырмасы сұралады. Сұрақтар слайд арқылы интербелсенді тақтадан көрсетіледі)

1. А.Байтұрсынұлы өмір сүрген жылдар (1873-1938)

2. Ахмет аталарыңның әкесі туралы не білеміз?

(Байтұрсын Шошақұлы-беделді, намысшыл, әділетті адам)


3. Ахмет қай жылы жазықсыз жалаға ұшырады? (1929)

4. «Қырық мысал» кітабы қай жылы, қай жерде жарық көрді? (1909 ж. Петербург)

5. Қай жылдардан бастап мысалдар жаза бастады? (1901 ж.)

6. Ахмет кімнің мысалдарын аударды? (И.Крылов)

Топтастыру (слайд)



3 оқушы үйге берілген «Егіннің бастары» мысалын рөлге бөліп, кезектесіп оқып шығады.

«Тәкаппарлық-жаман қасиет» тақырыбында үйден жазып келген шағын шығармаларын оқытамын, салған суреттерін тексеремін.

III. Жаңа сабақта «Өгіз бен бақа» мысалының мазмұнын ұғындырып талдау жасатамын. (Сабақ басында интербелсенді тақтадан А.Байтұрсынұлы портреті, көл басында су ішкелі келген өгіз бен көл жағасындағы бақа суреті көрсетіледі). Тақтаға сабақ эпиграфы жазылады.

*«Жақсы мінез –бүкіл өміріңнің сарқылмас байлығы»  
Х.Досмұхамедұлы*

Мұғалім оқушыларға 2 жұмбақ жасырады.

*Таңдайлары тақылдап*

*Шулайтын кім шалшықта,*

*Бірін-бірі мақұлдап? (Бақа)*

*Төрт түліктің бірі,*

*Жүк көтеріп, жер де жыртыты. (Өгіз)*

Балалар өгіз бен бақаға сипаттама береді.

- Балалар, бүгін біздер Ахмет аталарыңның «Өгіз бен бақа» атты мысалының мазмұнын ұғынамыз. Ахмет аталарың Крыловтан көп мысалдар аударды. Аудармаларын «Қырық мысал» деген атпен кітап етіп бастырып шығарды. (кітап суреті слайдтан көрсетіледі). Оқушылар электронды оқулықтан мысалды тыңдайды.

Мысалдың композициялық құрылымына талдау жасайды.

1. Өгіздің шөлдеп келіп су ішуі.
2. Бақаның көрсеқызарлығы.
3. Бақаның қарнын керуі.
4. Бақаның жарылып өлуі.
5. Әлін білмеген әлек.

Оқушылар мысалдан мәтелді дәптерлеріне теріп жазады. Мысалдың тақырыбы мен идеясын ашады.

Мұғалім оқушыларға сұраулар береді:



-Ал, балалар, мысалдағы кейіпкерлер кімдер?

-Ақын олар арқылы кімдерді, нені сөз еткен болды?

-Мысалдағы түйінді ойды көрсету үшін ақын қандай әдіс-тәсілді қолданды?

Оқушыларды қатыстыра отыра мысалдағы 1 шумақ өлеңге өлең құрылысына талдау жасалады (интербелсенді тақтада орындайды).

- Бүгін біздер адам бойындағы жаман қасиет –көрсеқызарлықпен таныстық. Олай болса адамды жақсылыққа жетелер «жақсы қасиеттер» мен құрдымға кетіретер «жаман қасиеттерді» саралайық.



Жаңа сабақты бекіту мақсатында оқушылар «Мен ойлымын» атты тапсырма орындайды (өлең жолдарын толықтыру арқылы шығармашылыққа баулу- 5 минут)

Бәрінен де не жақсы? (слайд)

Біріншіден не жақсы –білімді болсаң, сол жақсы,

Екіншіден не жақсы – Отанын сүйген, сол жақсы,

Үшіншіден не жақсы – иманды болса ұрпағың, сол жақсы,

Төртіншіден не жақсы – ана тілін сүйген, сол жақсы.

Бесіншіден не жақсы -..., сол жақсы.

**Г.ТӨЛЕНОВА,**  
**Ы.Алтынсарин атындағы жалпы**  
**білім беретін орта мектебі.**  
 Қостанай облысы,  
 Аманкелді ауданы

## **МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ.** **«САҒЫНДЫМ» ӨЛЕҢІ**

Мақсаты: «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясын қолдана отырып, оқушыларға Алашына арнаған ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың «Сағындым» өлеңінің мазмұны мен идеясын меңгерту.

Күтілетін нәтиже: оқушы өлеңінің мазмұны мен идеясын сыни тұрғыдан талдай біледі, тақырыптар бойынша өз сұрақтарын қойып, оған жауап таба алады, алған білімдеріне болжам жасай отырып, өз ойын, өз пікірін айтып жаза алады.

Түйінді идеялар: өлеңнің мазмұнын меңгеріп, мағынасын ұғынып, мәнін ашады.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер: жекелей, жұптық, топтық.

№	Сабақтың кезеңдері	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Ресурстар
I	Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық ахуал. Тұлға аралық байланысты орнату.	Оқушылармен амандасу, түгелдеу, сабаққа қатысуы мен дайындығы тексеру, зейінін мақсатқа бағыттау, топтарға бөлу. Сабакка қолайлы ахуал тудыру үшін «Жүректен-жүрекке» тренингін жүргізеді.	Оқушылар жүрек парақшалары арқылы топқа бөлінеді және бір-біріне тілек тілейді.	Қима қағаз Интер-белсенді тақта

.....  
 Оныншыдан не жақсы – ....., сол жақсы.  
 Орындалса мұратың,  
 Қалса жақсы бір атың,  
 Бәрінен де сол жақсы.  
 Бәрінен де не жаман? (слайд)  
 Біріншіден не жаман –білімсіз болсаң, сол жалған.  
 Екіншіден не жаман –бұзақы болған ұл жаман.  
 Үшіншіден не жаман –жетесіз болсаң, сол жаман.  
 Төртіншіден не жаман –ана тілін сүймеген сол жаман.

Бесіншіден не жаман-..... , сол жаман

Оныншыдан не жаман -..., сол жаман.

Орындалмаса мұратың,

Қалмаса жақсы бір атың,

Бәрінен де сол жаман.

Үйге тапсырма: адамгершілікке байланысты мақал-мәтел жаттау, мысал бойынша сурет салу.

- Сонымен балалар, жақсы қасиеттер адамды биікке көтереді, ал жаман қасиеттер адамды орға құлатады. Олай болса адамгершілік, ізеттілік сияқты асыл қасиеттерді бойға жиған саналы азамат болып өсе беріңдер!

Балалар бүгінгі сабақта алған өз әсерлерін түрлі-түсті қағаздарға жазып, тақтаға іледі. Оқушылар орындаған тапсырмалары бойынша бағаланады.



II	Үй тапсырмасы	Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы деректерді бейнетаспадан тыңдау. Хронологиялық кесте арқылы оқушылардың білімдерін тексеру.	Оқушылар бейнетаспаны тыңдайды және хронологиялық кесте арқылы білімдері шындалады.	Интер-белсенді тақта, смайлик
III	Қызығушылықты ояту. Жана сабақты түсіндіру.	«Сағындым» өлеңін электронды оқулықтан тыңдату. Ақын кімдерді сағынады? Нені сағынады? Ол қайда? Абақты сөзінің синонимін кім айтады? Абақтыда кімдер қамалады? Мағжан неліктен түрмеге қамалған?	Өлеңді ұнтаспадан тыңдайды.  Оқушылар өз ойларын айтады.	Интер-белсенді тақта
IV	Мағынаны ажырату.	Сағыныш жайлы еркін ауызша ой-толғаныс. «Сағыныш» сөзінің мағынасын қалай түсінеміз? Сағыныш қандай сезім? Біз өмірімізде кімдерді, нелерді сағынамыз? I топ. Өлеңге сатылай кешенді талдау жасау. II топ. “Туған жерге аңсау” эссе жазу, өлең шығару. III топ. «Сағындым»	«Сағыныш» сөзінің мағынасын түсіндіре отырып, ой бөліседі.  Топтық жұмыс Постер қорғайды. Оқушылар эссе жазады. Өлең шығарады.	Интер-белсенді тақта  Плакат, маркер, смайлик

		өлеңінің өн бойынан қандай қасиеттерін байқадыңдар? Проблемалық сұрақ: Мағжан Жұмабаев жазықсыз айыпталуда. Сен оны қалай құтқарар едің? Шығармашылық тапсырма: <i>Тірі, жсыры, пірі</i> деген тірек сөздер арқылы өлең құрастыру.	«Егер мен адвокат болсам...» деген сөзді басшылыққа ала отырып, өз ойларын ортаға салады. Тірек сөздерді пайдалана отырып, өлең құрастырады.	
V.	Жаңа сабақты бекіту, қорыту:	Жүсіпбек Аймауытовтың тілімен айтқанда, «Мағжан-сыршыл ақын. Мағжан сөзіндей тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиетін нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес! Мағжан елін, жерін жан-тәнімен сүйген ақын. Біз туған елді, жерді сүюді ақын ағамыздан үйренуге, ол кісінің жырларын іздене оқып, көкейімізге түйіп өсуге тиіспіз».	Оқушылар бүгінгі сабақта нені үйренгені туралы және ақынның өлеңінде не туралы айтылғаны жайлы ой қорытады.	Интер-белсенді тақта
VI.	Үйге тапсырма	Мағжан Жұмабаевтың “Сағындым” өлеңін жаттау. “Мағжандай боп өсемін” тақырыбында эссе жазу.	Үй тапсырмасын күнделікке жаздырту.	Интер-белсенді тақта
VII.	Бағалау	Сабаққа белсенді қатысқан оқушылар бағаланады.	Бағалау парағы	Смайликтер арқылы
VIII	Рефлексия	Сабақтан алған әсерлерімен ой бөліседі.	«Екі жұлдыз, бір тілек»	Стикер

**Ш.КИСТАУОВА,**  
**Мұхаметқұл Исламқұлов**  
**атындағы жалпы орта мектебі.**  
Оңтүстік Қазақстан облысы,  
Ордабасы ауданы,  
Шұбар су ауылы

## **ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР**

Сабақ негізделген оқу мақсаты (мақсаттары): шешендік сөз өнерінің «өнер падишасы» саналатындығын, сыр мен сезімнен туатынын, даналық ой, көркем сөз өрілімін талдай оқу.

Сабақ мақсаттары.

Барлық оқушылар: шешендік өнердің алуан сипаттарын, шешендік сөздердің түрлері мен ерекшеліктері туралы мағлұматты алады;

Оқушылардың басым бөлігі: халқымыздың даналығының – шешендік асыл қазынасының тәлім-тәрбиелік сипаттарын, ғасырлар бойы халық сынынан екшелеп өткен құнды мұра екендігін таниды;

Кейбір оқушылар: шешендер сөздеріндегі оралымды өткір ойды анық танып, талдай отырып, ой белсенділігі мен шығармашылық ізденісі артады.

Негізгі сөз тіркестер: диалогқа түсу арқылы сөздік қоры дамиды.

Алдыңғы оқу: Лиро-эпостық жырлар. «Қыз Жібек» жыры.

Көрнекілігі: дербес компьютер, қанатты сөздер,

бүктемелер, сызба-кестелер.

Пәнаралық байланыс: Қазақстан тарихы.

Сабақтың түрі: аралас сабақ.

Сабақтың әдіс-тәсілі: диалог, «ойлан, жұптас, бөліс», сұрақ-жауап.

Сабақтың өтілу барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі: оқушыларды топқа бөлу, зейіндерін сабаққа аудару, оқушы білімін есепке алу және бағалау.

2. Үй тапсырмасын сұрау:

I топ. Төле би ауылының сөзге шешен жастары.

1. Лиро-эпостық жырлар дегеніміз не?

2. Лиро-эпостық жырлардың тақырыбы қандай?

3. Лиро-эпостық жырларға жататын қандай жырларды білесіңдер?

II топ. Қазыбек би ауылының сөзге шешен жастары.

1. «Қыз Жібек» жыры қай ғасырдың оқиғасын баяндайды?

2. «Қыз Жібек» жырын зерттеушілер кімдер?

3. Жыр неше бөлімнен тұрады?

III топ. Әйтеке би ауылының сөзге шешен жастары.

1. Біздің жазба әдебиетімізде сақталған нұсқа қай жыраудың нұсқасы?

2. Жыр оқиғасы қай кейіпкерлер бейнесі арқылы берілген?

3. Жырдың 500 жылдығы қашан атап өтілді?

3. Жаңа сабақ.

I. Қызығушылықты ояту.

Ой шақыру	Сауат ашу
-----------	-----------

Қазақ шешендік сөз тарихы		Сәулет өнерпазы қиялға неғұрлым бай болса, салған үйі де соғұрлым сәулетті, әдемі болып шығатыны сияқты шешен сөзге неғұрлым бай, пікірге шебер болса, айтылған ойы пікірлі, әсерлі, әдемі шықпақ. Ахмет Байтұрсынұлы.
XII-XIII ғ. Майкы би Аяз би	XIV-XV ғ. Жиренше шешен Асан қайғы	
XV-XVIII ғ. Төле би Қазыбек би Әйтеке би		

II. Мағынаны тану. Қазақ ауыз әдебиетінің бір саласы – шешендік сөздер. Шешендік сөздер дегеніміз – белгілі бір оқиғаға байланысты тапқырлықпен, көркем тілмен айтылған және жұртшылық қабылдап, елге тараған белгілі, үлгілі ойлар, тұжырымдар.

Қазақтың дәстүрлі шешендік сөздерін

Шешендік арнау – адамдар арасындағы қарым-қатынасын көрсетеді.	Шешендік толғау – халықтың философиялық көзқарасын білдіреді.	Шешендік дау – қазақ қауымының заттық және рухани даулы мәселелерін реттейтін ежелгі әдет заңын бейнелейді.
--	---	---

Шешендік сөздер (композициялық құрылымы жағынан)

Термелі сөз – қара сөзбен жазылады	Пернелі сөз – өлеңмен жазылады
------------------------------------	--------------------------------

Қазақтың атақты үш биі Қазыбек, Әйтеке, Төле билердің суреттері ілінеді. Үш топтан оқушылар қысқаша мағлұматтар береді.

Бейнелі сөздер сыры. Пернелеу сөз үлгісінде үш топқа өлең шумақтары беріледі. Оқушы өлеңді өз ойымен ұйқастырып, жалғастыруы керек.

I топ  
Жылқышы-... ..айтар,  
Қойшы - ... .. айтар.  
Мерген аңшы ... .. айтар,  
Саудагер ... .. айтар.

... .. байлама!  
... .. айдама!  
... .. байласаң,  
... .. айдасаң,

... .. ойлама!

II топ.

... .. баққаның,  
... .. тапқаның.  
... .. баққаның,  
... .. қаққаның.

Жерден ауыр дегенім - ... .. ,  
Судан терең дегенім - ... .. .  
Оттан ыстық дегенім - ... .. ,  
Көктен биік дегенім - ... .. .

III топ.

Жомарт болар кісіні .... танымын,  
Сараң болар кісіні ..... танымын.  
Дауы жөнсіз кісіні ..... танымын,  
Өзі тұйық жігітті ..... танымын.  
Палуан болар жігітті .... танымын,  
Мерген болар жігітті ..... танымын.  
Батыр болар жігітті ..... танымын,  
Бай болатын жігітті ..... танымын.  
..... дана болады,  
..... молда болады,  
..... мырза болады,

..... бай болады,  
..... батыр болады!

Сурет бойынша мәтін құрастыру. Термелі сөз үлгісінде I топ Отбасыға байланысты айтылатын шешендік сөздер. II топ Үлкендерді құрметтеуге байланысты айтылатын шешендік сөздер. III топ Еңбекке байланысты айтылатын шешендік сөздер.

Өнер алды – қызыл тіл. Тазша бала – тапқыр бала  
Мұғалім: Бұқар жырау қартайған кезінде көңілін сұрамақ болып Қаз дауысты Қазыбек барады. Төсекте жатқан Бұқар жырау: - Бірден онға дейінгі санның мағынасын маған ешкім айтып бере алмады, Қазыбек, сен айтып берші?- деп сұрақ қойып, жырау ұтымды жауап алған екен. Ал егер сен Қаз дауысты Қазыбек бидің орнында болғаныңда қалай жауап берер едің? (Бұл тапсырма үш топқа да бірдей беріліп, оқушылардың шығармашылық деңгейін бақылаймын.)

Топтастыру. Венн диаграммасы бойынша аңыз әңгімелер мен шешендік сөздерді салыстыру.

Аңыз әңгімелер	Ұқсастығы	Шешендік сөздер

Бекіту:

«Прожектор» әдісі арқылы өткен сабақты пысықтаймын.

Рим шешені Цицеронның мына бір үлгілі ойымен қорытындылау.

*«Шешеннің ең ұлы қасиеті – қажет нәрсені гана айту емес, сонымен бірге қажеті жоқ нәрсені айтпау».*  
(Цицерон)

Бағалау. Кері байланыс. Ұстанымдар арқылы бағалау.

Үйге тапсырма: «Өрісі кең өрелі өнер» тақырыбына эссе жазу.

## ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ. «ДОМБЫРА»

Мақсаты: білімділік-шығарманың идеясы мен тақырыбын ашу; дамытушылық-оқушының сөйлеу тілін ұштау, өз ойын еркін, жатық жеткізе білуге дағдыландыру, логикалық ойлау қабілетін жетілдіру. Шығармашылық қабілетін дамыту; тәрбиелік-туған халқының талантты ақынына, әдебиетіне, туған еліне деген сүйіспеншілік сезімін оятып, өнер құдіретін сезінуге халықтық өнерді сүйеге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже: тақырыпты меңгеріп, алған білімдерін өмірде пайдалану. Өз ойларын жеткізе білуге дағдыландыру.

Сабақтың типі: жаңа сабақ.

Әдіс-тәсілдері: әңгімелеу, түсіндіру, мәнерлеп оқу, сұхбаттасу, сұрақ-жауап.

Көрнекілігі. I. Жансүгіровтің портреті, кітап көрмесі, слайд, интерактивті тақта.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Амандасу.

Сабақтың тақырыбы мен мақсатын айту.

Қызығушылығын ояту. Оқушылардың бір-біріне жылы лебіздерін жолдау.

II. Жаңа сабақ.

Мұғалімнің кіріспе сөзі:

- Талдықорған облысының Ақсу ауданында дүниеге келген. Қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. 1919 жылы Ташкенттегі екі жылдық мұғалімдік курсқа түседі де, оны бітірген соң мұғалім болады. Аз уақыт «Тілші» газетінде істейді. 1922 жылы Верныйдағы қазақ ағарту институтының меңгерушілігіне тағайындалды. Мәскеудегі Коммунистік журналистика институтына оқуға түсіп (1925), оны бітіргеннен кейін (1928) «Еңбекші қазақ» газетіне қызметке алынды. 1933-1936 жылдары ҚАССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болды. Бұрын (1926) құрылған ҚазАПП таратылып, оның орнына 1932 жылы қайта ұйымдастырылған Қазақстан Жазушылар одағының ұйымдастыру комиссиясының төрағасы қызметін 1934 жылғы I съезге дейін атқарады.

1-тапсырма. Хронологиялық кестені толтыр.

Кім?	Қашан?	Қайда?
------	--------	--------

І Л И Я С  Ж  А  Н  С  Ү  Г  І  Р  О  В	1894 жылы 14 мамырда	Қазіргі Талдықорған өңіріндегі Ақсу ауданында дүниеге келеді.
	1921 жылы	Ташкенттегі 2 жылдық мұғалімдер институтынан соң мұғалім болып қызмет атқарады.
	1925 жылы	Мәскеудегі журналистика институтына түседі.
	1928 жылы	Институтты бітіріп шығады, «Сағанақ» атты тұңғыш кітабы жарық көреді.
	1930-1931 жылдар	Елге келіп, “Еңбекші қазақ” (“Егемен Қазақстан”) газетінде еңбегін жалғастырады.
	1932-1934 жылдар	Қазақстан жазушылар ұйымын басқарады.
	1934-1935 жылдар 1927-1937 жылдар	“Қазақстан” баспасының директоры қызметін атқарады. Поэзия, проза, драматургия, сын, аударма салаларында жиырмадан астам кітап шығарып, артына аса бай әдеби мұра қалдырды. Оның лирикалық шығармалары-«Дала», «Күй», «Күйші», «Құлагер» поэмалары, «Жолдастар» романы, «Кек», «Турксиб», «Исатай-Махамбет» пьесалары қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған өлмес туындылар. Он жылдың ішінде осынша шығарма берген қалам қайраты, талант табандылығы ғажап.
	1938 жылы	Көзі тірісінде ақындықтың Құлагері атанған Ілияс жазықсыз жазаға ұшырады, репрессия құрбаны болды.

2-тапсырма. Кестені толтыр.

Лияс Жансүгіров өмірі мен поэзиясына қандай анықтауыштарды тандар едің?	Ақын домбыраның құдіретін қандай сөздерді қолдану арқылы көрсеткен?
Зерделі	Құлшына тарт, домбыра!

### 3-тапсырма. Сипаттама бер.

№	Аспаптың құрылысы:	Сипаттамасы:
1	Ұзындығы	
2	Құлағы	
3	Ішегі	
4	Мойны	
5	Тиегі	
6	Пернелері	

### 4-тапсырма. Семантикалық картамен жұмыс.

Орысша-қазақша	ішек	ұшқат	жыл санау	тобылғы	үңгір	жалақтық	тесік	байырғы	белгісіз аспап
Летоисчисление									
пещера									
струна									
плоскость									
щель									
таволга									
кустарник									
неизвестный инструмент									
древний									

Бекіту:

Қазақтың домбырасының құдіреті туралы парталасаңмен сұхбаттас.

Қорытынды:

І.Жансүгіровтің өмірі мен шығармашылығына арналған мәтінді, «Домбыра» өлеңін оқып шығып, көрсетілген белгілерді қойып кестені толтыр. Рефлексия.

«V» - білемін, маған таныс ақпарат	«+» - «мен үшін жаңа ақпарат	«V» - білемін, маған таныс ақпарат	«+» - мен үшін жаңа ақпарат

Үйге тапсырма: «Домбыра» өлеңін жаттау.

**Н.ТОҚБЕРГЕНОВА,**  
**Талдыбұлақ ЖОББ мектебі.**  
Қарағанды облысы,  
Жанаарқа ауданы

## **С.СЕЙФУЛЛИН. «ДАЛАДА»**

Мақсаты: 1. Жазушы-ақын өмірінен мағлұмат беру.  
Өлеңі арқылы жаңа өмірден жақсылық күткен ақын бейнесін ашу;

2. Өлеңдегі негізгі ойды түсіне білу, ой қорыту, бейнелі сөздерді таба білу.

3. Ақыл-ой, парасат тәрбиесін беру.

Көрнекілігі: автор өмірінен буклет, кесте, асау тұлпар суреті, ақын портреті, ой толғауға арналған жетекші тапсырмалар.

Сабақ түрі: аралас сабақ.

Сабақ әдісі: түсіндіру, ой толғау, әдебиет теориясымен жұмыс, баяндау, өлең құрылысына талдау.

Сабақ барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен амандасып, түгелдеп, сабаққа әзірліктерін тексеру, оқушыларды топқа бөлу.

1-топ. «Тәуелсіздік».

2-топ. «Бостандық» тобы.

3-топ. «Еркіндік тобы». Топ басшысын сайлау, жауап парақтарын тарату.

Зейіндерін интертақтаға аудару.

Сабақтың эпиграфы: Біз ұлы жолға шықтық, арманды сапарға аттандық. Қолымызда – тәуелсіздіктің көк туы. Елтаңбамызда – бар халықтың басын біріктіретін киелі шаңырағымыз. Арманымызды алға апарар қанатты

пырақтарымыз бар! Лайым бетімізден жарылқасын!  
Үлкен жолдың үстінде бізді ата-бабаларымыздың аруағы желеп-жебеп жүрсін!

Нұрсұлтан Назарбаев.

- Сонымен, балалар, біз қандай мерекені ұлықтап жатырмыз?

- Бұл жолда қандай ерлік істерді өткердік?

II. Үй тапсырмасын тексеру.

1. Сұрақ-жауап жүргізу

- Өткен сабақта қазақтың қай ақынымен таныс болдыңдар?

- С.Дөнентаев.

- Ақынның қандай шығармаларымен таныстық?

1-топ «Бозторғай» өлеңінің мазмұнын айту, идеясын ашу;

2-топ «Заман кімдікі» өлеңінің негізгі идеясы, мазмұны;

3-топ «Адам баласының ұлылығы-оның ойлауында» деген сөзді қалай түсінесіңдер?

Жаңа сабақ. Сәкен Сейфуллин. «Далада»

- Балалар, Сәкен аталарыңның есімі сендерге жақсы таныс. Олай болса, «Біз танитын Сәкен ата» постерін құрайық /2 минут/

- Қай топ Сәкен ата туралы көбірек біледі екен?

- Оқушылар қамтымай кеткен шығармаларын суреттер көрсету арқылы естеріне түсіру (ананың бесік тербеткен суреті, аққудың суреті, абақтының суреті, сандық, т.б.) Бұл ақынның «Бесік жыры», «Аққудың айрылуы», «Қамауда», «Сыр сандық», т.б. шығармалары.

2. Бүгін біз ақын Сәкеннің 1922 жылы жарық көрген «Асау тұлпар» кітабының алғашқы бетіне арнау түрінде жазылған «Далада» өлеңімен танысамыз.

Өлеңді мәнерлеп оқу, жоспар құру.

- Асау тұлпар мен кең дала.
- Асау тұлпар арыны.
- Асауға мінген ақын.
- Ақынның салған әні.
- Жастарға аманат.

(Т.Төрәлінің «Бәйге» өлеңінің минусы жай сазбен ойналып тұрады) Музыканың ырғағымен алғашқы шумағын мұғалім мәнерлеп оқиды, оқушылар «Шынжырлап оқу» әдісімен топ-топпен оқиды.

2. Мәтінмен жұмыс.

Сөздік дәптерлеріне түсінуі қиын сөздерді жазғызып, түсінік беру:

**құрық тимеген**-үйретілмеген, мінілмеген, шу, асау;

**жүген** – жылқының басына кигізетін, ауыздық пен тізгіні бар қайыстан жасалған әбзел;

**құрық**-жылқы ұстау үшін ұшына ілмек жіп бекітілген ұзын сырық;

**ноқта**-мал басына кигізетін жүген тәрізді ауыздығы жоқ әбзел;

**көрік**-көмірді үрлеп темірді қыздыру үшін пайдаланатын темірден жасалған үрлеуіш.

«Ұйқасын тап» ойыны.

\*\*\* Болма ботам, тым сылбыр,

Тақ ноқтаға қыл...

\*\*\* Сал тайыңа ...

Ер-тұрманды түгенде.

\*\*\*Тұрма бекер жан аяп,

... сал аяқ

Топтық жұмыс.

1. Өлеңнің негізгі идеясы, тақырыбы?
  2. Ақын өлеңін неліктен жастарға арнады?
  3. Өлең құрылысына талдау жасаңдар.
- Сергіту сәті.
3. Өлеңнен көркемдегіш тәсілдерді табу;

1-топқа теңеулерді, 2-топқа риторикалық сұраулы сөйлемдерді 3-топқа эпитеттерді тапқызу.

«Тәуелсіз елдің бүгіні мен болашағы» тақырыбына шағын эссе жазу.

V. Сабақты бекіту.

1-топ. Ақын жастарды асау тұлпарға теңейді.

2-топ. Ақынның жастарға арнаған тілегі арқылы айтайын деген ойын, мақсат-мұратын ашады.

3-топ. Кеше Сәкен ақын жастарға үндеу тастаса, бүгінгі күні Елбасымыз жастарға қандай үміт артады?

Қорытынды. «Венн» диаграммасы. Өткен сабақ пен бүгінгі сабақты салыстыру.



VI. Үйге тапсырма. «Сәкен-лирик ақын» тақырыбына реферат жазу. Өлеңнің қалаған шумағын жаттау.

VII. Бағалау. Топ басшылары бағалайды.



**Г.АЛИЕВА,**  
**Ы.Алтынсарин атындағы**  
**жалпы орта мектеп.**  
 Оңтүстік Қазақстан облысы,  
 Созақ ауданы,  
 Шолаққорған ауылы

## **МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ.** **«ЕРЕУЛІ АТҚА ЕР САЛМАЙ»,** **«МҰНАР КҮН» ӨЛЕҢДЕРІ** *(8-сынып)*

Мақсаты: Ақын өмірі мен заманы, ақын жырының көтеріліс шындығымен байланысты өзіндік ерекшеліктерін таныту. Өлең тақырыбы мен идеясын, көркемдік ерекшелігін ашу.

Тақырыпты түсініп оқи білуге баулу. Тілін, сөздік қорларын дамыту арқылы сабаққа деген қызығушылығын арттыру.

Күтілетін нәтиже: өлеңнің негізгі идеясын біліп, сатылай кешенді талдайды. Өз ойын ашық, еркін жеткізе білуге үйренеді. Өлеңге жоспар құрады. Сыныпта топтық, жұптық жұмыс арқылы ынтымақтастық қарым қатынас орнатады.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер: «Кім жылдам?», «Миға шабуыл», «Ойлан, тап», «Ой толғау».

Қолданылатын ресурстар: Флипчарт, маркерлер, тақта, стикерлер, ноутбук, пішіндер.

Сабақ кезеңдері	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі. 3 минут	Оқушыларды сапқа тұрғызып, өлең жолдары арқылы топқа бөлу. Алтын ереже құру қажеттігі туралы айту. Әр топқа бағалау парағын таратып беру. «Пішіндермен бағалау» әдісімен бағалау үшін пішіндер таратып беру.	Оқушылар топқа бөлініп, өз топбасшыларын сайлайды. Топ ішінде тәртіп ережелері талданып, сол арқылы сыныптың алтын ережесін құрады. Бағалау парағы арқылы топбасшылар өз топ мүшелерін бағалап отырады. Пішіндер арқылы топтар өзара бағалайды. Әр топ өздеріне берілген сандарды дене мүшелерімен, қимылымен бейнелейді.
Білу. Миға шабуыл. Үй жұмысын сұрау. 12 минут Интерактивті тақтаға «Қайталау–оқу айнасы» әр түрлі деңгейдегі сұрақтар беріледі.	1. Махамбеттің балалық, жастық шағы? 2. Исатай-Махамбет бастаған көтеріліс. 3. Исатай қазасынан кейінгі Махамбет өмірі.	Оқушылар еске түсіреді, талдайды.
«Ой шақыру». Жаңа сабақ. Түсіну. 10 минут.	I топ. А) Ақын өмірін «Жылдар сөйлейді» стратегиясы арқылы талда. Ә) Көтерілістің басты себебі II топ. А) «Ереулі атқа ер салмай» өлеңінің идеясын айт. Ә) Өлеңді сатылай кешенді талдау. III топ. А) «Мұнар күн» өлеңінде ақын не туралы айтқан? Ә) Өлеңді сатылай кешенді талда.	Оқушылардың мақсаты мұғалімді тыңдау, өз ойлары мен пікірлерін айту. Бар білімдерін топпен талқылап, ортаға топтан оқушы шығып, тапсырманы қорғайды және өз пікірлерін ортаға салады., бір-біріне түсіндіреді, тақырыпты жинақтайды.

Қолдану. 5 минут	Оқушылар берілген тапсырманы әрқайсысы жеке талқылайды «Дыбыстар сөйлейді» стратегиясы.	Оқушылардың мұндағы мақсаты-берілген тапсырманы өздері талқылап, өз ой-пікірлерімен санаса білу. Жеке жұмыс жасау.
Талдау. «Ойлан, тап». 5 минут.	Әр оқушыға тест таратылады.	Жұптық жұмыс. Тест жауаптарын қасындағы жұбы тексеріп береді.
Жинақтау. 3 минут. Ой толғау. 7 минут.	Махамбет жайында не білдің? Ой толғау	Оқушылардың мақсаты берілген тақырыпқа арнап өз ойларын жеткізу.
Бағалау. 4 минут. Бағалау парақтарын жинау.	Әр топтың бағалау парақтарының қорытындысын алу, бағалау шкаласын тақтаға ілу.	Әр топ бағалау парақшасына өздерін бағалайды.
Рефлексия. 1 минут	Стикерлерді толтыру. Оқушылар бүгінгі сабаққа деген ойын стикерге жазып, тақтаға іледі.	Оқушылар кері байланыс арқылы өздерінің сабақтан алған әсерлерін, ұсыныс, тілектерін жазады.
Үйге тапсырма.	«Туады ерлер ел үшін» тақырыбына ойтолғау. Шығармашылық ізденіс (ақын туралы ақпарат құралдарынан тың деректер жинау).	

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

**Д.БАУЖАНОВА,**  
**Кеңес негізгі жалпы**  
**білім беру мектебі.**  
Павлодар облысы,  
Павлодар ауданы

## ЗАТ ЕСІМНІҢ СЕПТЕЛУІ

Сабақ негізделген оқу мақсаттары	Жай септеу мен тәуелдеулі септеуді ажырата алады. Септік жалғаулардың беретін мағыналарын түсінеді, талдай алады.
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар:
	• Септік жалғауларды бір-бірінен ажыратады.
	Оқушылардың басым бөлігі:
	• Сөз құрамына талдау жасағанда септік жалғауларды талдай алады.
Тілдік мақсат	Кейбір оқушылар:
	• Жай септеу мен тәуелдеулі септеудің айырмашылығын біледі.
Тілдік мақсат	Оқушылар:
	• Өз ойларын еркін түрде айта алады.
	Негізгі сөздер мен тіркестер:
	Зат есім, түрлендіру, көптік жалғау, тәуелдік жалғау.
	Септік жалғаулар, жай септеу, тәуелді септеу.
	Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер:
	Талқылауға арналған тармақтар:
Сіз неліктен ... екенін айта аласыз ба?	

	Жазылым бойынша ұсыныстар:	
	21-жаттығу. Сөйлемді аяқтау. Ойымды тұжырымдай келе зат есімнің септелуі.....	
Алдыңғы оқу	Дара, күрделі зат есім. Зат есімнің түрленуі. Көптік жалғау. Тәуелдік жалғау.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар (төменде жоспарланған жаттығулармен қатар, ескертпелерді жазыңыз)	Ресурстар
Басталуы ОЖТ	«Бумеранг» әдісі бойынша өткен тақырыптарын қайталау. Оқушылар бір-бірден сұрақты құрастырады. Қобдишаға салып, бір сұрақтан алып, жауап береді. Тақырыпқа шығу.	Бас киім
Ортасы ОЖТ	Білу: Мұғалімнің іс-әрекеті: Түрлі-түсті асықтар арқылы оқушыларды топқа бөледі.	Түрлі-түсті асықтар

АКТ, СТО, ОЖЕсО	Оқушының іс әрекеті: Топта оқулықпен жұмыс жасайды. Талқылайды. Бұрын білген мәліметті дәптерлерге жазады.	
	Түсіну: Мұғалімнің іс әрекеті: Өлең жолдарында сөздің мағынасына назар аударады.  <i>Барлығына үлгі болар, қарақтар Байсалды да, ақылды МАРАТ бар.</i>  <i>Жеке басым, ең алдымен МАРАТТЫҢ Жасы үлкенді сыйлағанын жараттым.</i>  <i>Сеңбейсін бе, күнделікті парақта Талай бестік қойылыпты МАРАТҚА</i>	

ОЖЕсО,	<p><i>Батыл емес дей алмайсың МАРАТТЫ Сол үйретті ауылдағы бар атты.</i></p> <p><i>Алғыссыз күн болған емес МАРАТТА Жетеді онда ынта, жігер, талап та.</i></p> <p><i>Қай өнер де табылады МАРАТТАН Ән салғанда жұртты аузына қаратқан.</i></p> <p><i>Міне, сондай жақсы бала МАРАТПЕН Дос бола алмай жүргендер де бар, әттең.</i></p> <p>Оқушының іс-әрекеті: Сөздердің айырмашылығын табу, түсіндіру, талдау. Мадақтау.</p> <p>Қолдану: Мұғалімнің іс-әрекеті: 26-жағтығудағы өлең жолдарынан септік жалғауы бар зат есімдерді дәптерге көшіру. Толқыннан, толқынды, кеңеспен, егеспен, жарға, сырларын, толқынға, көбікке, жарға.</p>	
--------	---	--

	<p>Оқушының іс әрекеті: Септік жалғауы бар зат есімдерді көшіреді. Қай септікте тұрғанын анықтайды, сөз құрамына бөледі.</p> <p>Мадақтау, смайликпен бағалау. Талдау: Мұғалімнің іс-әрекеті: Берілген сөздерді септеу: Қала, Әкем, Атасы, Курек, Сағат, Інісі, Апам. Оқушының іс әрекеті: Жеке жұмыс, жұппен жұмыс, топта талдау, салыстыру. Бір бірімен алмасады, тексереді. Бағалау: бір-бірін бағалайды. Жинақтау: Мұғалімнің іс-әрекеті: «Менің Ұстазым» атты септеулік зат есімдерді пайдалана отырып шығарма жазу. Оқушының іс-әрекеті: Шығарма жазады. Суретті пайдалана отырып, шығарма жазу.</p>	
--	---	--

Аяқталуы  СТО, ОЖТ	«Бәрі менің қолымда». Қолдың суретіндегі сұрақтарға жауап береді. Мұғалімнің іс-әрекеті: «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» Оқушының іс-әрекеті: сабақ бойынша не білді? Не ұнады? Сабақ бойынша қандай кедергілер болды?	
-----------------------------	---	--

Қосымша ақпарат		
Саралау. - Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? - Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?	Бағалау. Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Пәнаралық байланыс. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері. АКТ-мен байланыс. Құндылықтардағы байланыс.
•	•	•
Рефлексия Сабақ / оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарланған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?	Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз. Сол ұяшықтағы Сіздің сабағыңыздың тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз.	
Қорытынды бағалау: Қандай екі нәрсе табысты болды? (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз) 1. 2. Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды? (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз) 1. 2. Бұл сабақ менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетінін білдім.		

**К.РАХАТОВА,**  
**Тасарық орта мектебі.**  
Алматы облысы,  
Сарқан ауданы,  
Абай ауылы

## СӨЗДЕРДІҢ БАЙЛАНЫСУ ТҮРЛЕРІ

Мақсаты: білімділік- оқушылар сөздердің байланысу түрімен жеке-жеке толықтай танысады, талдайды, меңгереді, білімдерін кеңейтеді; дамытушылық- оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілеті дамиды, нақты мақсат қоюға үйренеді; тәрбиелік-оқушылар бірін-бірі сыйлауға, елін, Отанын сүюге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: интербелсенді тақта, суреттер, сызба, кесте.

Сабақ барысы:


1. Ұйымдастыру кезеңі:


2. Қызығушылықты ояту

Топтастыру стратегиясы бойынша жұмыс:

1. Сөздердің байланысу тәсілдерін ата.

2. Сөздердің байланысу түрлерін ата.





Оқулықпен жұмыс:

Жаттығу жұмыстарын орындату (тақтада, ауызша)

Топтық тапсырма: оқушыларға сөздердің байланысу түрлеріне байланысты тапсырмалар беріледі. Берілген тапсырманы топ болып орындайды да келесі топқа түсіндіреді.

Әр топтан бір оқушы шығып жазып тұрады (берілген жаттығу жұмысына орай)

### РАФТ

<u>1-қатар:</u> қиысу, матасу		<u>2-қатар:</u> меңгеру, қабысу
Рөл	Абылай, автор	Жамал, жазушы
Аудитория	Қария, халық	Жау, оқырман
Форма	Диалог, монолог	Сұрақ, портрет
Тақырып	Түсі, қазақ әні	Соғыс, Мәлік

Тапсырма: оқушылар жекелей өз беттерімен орындайды (тапсырманы интербелсенді тақтада

орындату)

Үлгі:

Қиысу: *Мен сөйлеймін.*

Матасу: *Сенің кітабың*

Меңгеру: *Ауылға келді*

Қабысу: *Жиырма бес бала*

Жанау: *Үйге қарай жүгірме.*

Семантикалық картаны толтыру.

мысалдар	қиысу	матасу	меңгеру	қабысу	жанау
Алғашқы айлар				+	
Халықтың еңбегі		+			
Білгенге маржан			+		
Ауыр күрсінү				+	
Малды ауыл			+		
Таудай талап					+

Ой толғаныс:

Синквэйн (бес жолды өлең)

1. Зат есім (бір).
2. Сын есім (екі).
3. Етістік (үш).
4. Сөз тіркесі (қиысу, меңгеру, қабысу, жанау).
- 5.Синоним (бір).

1-қатарға: Шанырақ.

2-қатарға: Табалдырық.

Бағалау.

Үйге тапсырма: «Ең жақсы тіл-ана тілі», «Білім мен даналық-адамның көркі» тақырыптарына эссе жазу.

А.А.ЛИЕВА,  
Жарөткел негізгі мектебі.  
Ақтөбе облысы,  
Әйтеке би ауданы,  
Жарөткел ауылы

## ҚИМЫЛ-СЫН БАҒЫНЫҢ ҚЫЛЫ САБАҚТАС

(8-сынып)

Мақсаты: білімділік-қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмаластың жасалу жолын ажырата білуге үйрету, оқушылардың алған білімдерін тексеру, кеңейту; дамытушылық-түрлі әдіс-тәсілдер арқылы сөйлеу дағдылары мен сөздік қорын молайту, эмоциялық көңіл күйлерін көтеру, әрекеттер арқылы оқушының қызығушылығын арттырып, ойлау қабілеттерін дамыту; тәрбиелік-бірлік пен татулықты бойларына дарыту арқылы әдеби тілде сөйлеуге, шапшаң ойлауға, ана тілін құрметтеуге тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақты меңгерту.

Әдісі: түсіндіру, сұрақ-жауап, баяндау, РАФТ стратегиясы, семантикалық кестені орындау, жеке және жұптық жұмыс.

Көрнекілігі: интербелсенді тақта, слайд, кестелер, оқулық, стикер.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Сәлемдесу, сыныпты түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару.

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының ақындық дәстүрін дамытушы өнерпаз сөз зергерлерінің алдыңғы сапындағы өнер қайраткерлерінің бірінен саналатын дарынды ақын - Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Мен қазақ» деген өлеңін еске түсіру.

*Мен- қазақ, қазақпын деп мақтанамын,*

*Ұранға «Алаш» деген атты аламын.*

*Сүйгенім- қазақ өмірі, өзім - қазақ,*

*Мен неге қазақтықтан сақтанамын?* деп бүгінгі қазақ тілі сабағымызды бастайық.

Оқушыларға бүгінгі сабаққа жақсы көңіл-күй тілей отырып, алдарына берілген жапсырма қағазға бүгінгі сабақта алғысы келген бағаларын жазып, партаның астына жапсырып қоюларын сұраймын.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

140-жаттығудың орындалуын дәптерлерінен тексеремін.

1. Құрмалас сөйлем дегеніміз не? (Екі немесе одан көп жай сөйлемдерден құралып, күрделі ойды білдіретін сөйлемдерді құрмалалас сөйлем дейміз.)

2. Құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен қалай байланысады?(салаласа және сабақтаса)

3. Салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не?

(Құрамындағы жай сөйлемдердің баяндауыштары тиянақты болып, өзара тең дәрежеде байланысқан сөйлем)

4. Сабақтас құрмалас сөйлем дегеніміз не? (Құрамындағы жай сөйлемдердің алғашқысы тиянақсыз болып, соңғысына бағына байланысқан құрмалас сөйлем)

5. Сабақтас құрмалас сөйлемнің неше түрі бар? Шартты бағыныңқылы, қарсылықты бағыныңқылы, себеп бағыныңқылы, мезгіл бағыныңқылы, қимыл – сын бағыныңқылы, мақсат бағыныңқылы.

2. Қызығушылығын ояту. Оқушылар арасында сабаққа деген қызығушылық қалыптасады.

3. Қимыл іс-әрекеттерді бейнелеу. Әр оқушыға біреуден үлестіру.

Көрермендер ұстаздарға қошемет көрсетті. (шапалақтайды)

Босағаға керіліп, тұруға болмайды. (керіледі)

Мен таңдана қарасам, олар ұялған сыңай танытты. (таңдана қарауы керек)

Ол қатты ашуланған күйі, үйден шыға жөнелді. (ашуланған күйін көрсетуі керек)

Екі қолы дірілдеген күйі, тіл қатпай тұрып қалды. (дірілдеген қалпын көрсету керек)

Негізгі сөз: қимыл. Осы сөзді қарсыласына қимылмен түсіндіру.

Берілген қимыл іс-әрекеттерді оқушылар орындайды, әрі сөйлем құрастырады. Қаншама іс- қимыл әрекеттер айтылып, орындалғанын білдіретін сабақтасты қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас екенін түсінеді.

III. Жаңа сабақты түсіндіру. Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем.

Құрамындағы жай сөйлемдердің бағыныңқысы басыңқыдағы істің, қимылдың қалай орындалғанын білдіретін сабақтастың түрін қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас дейміз.

Қимыл-сын бағыныңқылы сөйлем қалай? қайтіп? не етіп? деген сұрақтарға жауап береді.

Тақтадағы мысалды талдау. *Жұқа жібектей көгілдір кең аспанда қалықтап, жалғыз бүркіт жүр.*

Қимыл-сын бағыныңқының баяндауыштары мынадай жолдармен жасалады:

1) көсемшенің –а/-е/-й, -ып/-іп,- п және жұрнақты түрлерінен болады: *Сұрғылт тұман дым бүркіп, барқыт бешпент сулайды. Ұзын кірпіктері қыбыр-қыбыр етіп, Манар әлдене бір шуылдаған дыбыстарды естіп жатты. Жалтыр мұзда ешбір салмақ түсірмей, шана өзі сырғанап келе жатқан тәрізді.*

Ескерту. Баяндауышы көсемшеден болған кейбір бағыныңқы сөйлемдер басыңқыдағы істің, амалдың қалай орындалғанын білдірмей, тек онымен амалдас,



мезгілдес болып келеді. Мұндайда ол бағыныңқыға қимыл-сын бағыныңқының сұрауын қойып айтуға келмейді. Бірақ ондай бағыныңқы сабақтастарды да шартты түрде қимыл-сын бағыныңқы сабақтастың қатарына жатқызып жүрміз. Мысалы: Әуеде жыршы құстар өлең айтып, қиқу салар көлдегі қаз бен қу. (Абай) Сырттағы қазандықта от жарқылдап, қазан да көтерілген-ді. (Ғ.С.) Бұл сөйлемдерде бағыныңқыдағы іс пен басыңқыдағы істің бір мезгілде қатар болып жатқандығы баяндалады.

2) Есімшеге (-ған/ген, -қан/кен) -дай/-дей, -тай/-тей жұрнағы жалғану арқылы жасалады: Жаңа ғана талып қалғандай, Әбіш ешбір белгі бермей сұлық жатты.

3) Кейде -дай/-дей, -тай/-тей жұрнағы есімшеден кейін келіп, көмекші етістіктердің тіркесуі арқылы жасалады: *Күдері сөзінен Жақыпбектің де жүрегіне жып-жылы бір сезім құйылғандай болып, орнынан ұшып түрегелді.*

1) Есімшеден кейін (-ған/ген, -қан/кен) күйі, күйінде, қалпы, қалпында, бетте деген көмекші есімдердің тіркесуі арқылы жасалады: Бала, қоңырқай сопақша беті күреңденген күйі, еріксіз үзілген жұмысына қайта кірісті.

4) Болымсыз етістікке (-ма/ме, -ба/бе, -па/пе)+с (ортақ етіс жұрнағы) + (-тан, -тен) *Екі қолы дірілдеместен, Оспан ішке кірді.*

Осылайша қимыл-сын бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем жасалу жолдарын түсіндіріп шығамын.

5. Сабақты бекіту: Жаттығу жұмыстарын орындау. 142-жаттығу.

1. Мәтінді дауыстап бір оқушыға оқыту. Үзінді қай шығармадан алынған?

- Ғабит Мүсіреповтің «Тулаған толқында» повесінен алынған.

2. Мәтінде кімнің тағдыры баяндалған, сол жөнінде ой толғандар.

3. Шәйза мен шешесі неліктен мұндай қорлыққа ұшырады?

4. Мәтінде құрмаластың арасына қойылатын үтір қойылмаған. Тыныс белгілерін қойып шығындар.

5. Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтасты тауып, жасалу жолына талдандар.

143-жаттығу.

7. Семантикалық кестемен жұмыс.

Сабақты қорытындылау: РАФТ стратегиясын пайдаланып, ұстазына немесе достарыңа хат жазыңыздар. Жазған жұмыстарыңызда қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер арқылы жазуға назар аударыңыздар.

Бағалау: Алдарына берілген жапсырма қағазға бүгінгі сабақта алғысы келген бағаларын партаның астына жапсырып қойған болатын, соны талдап, сабақ барысында берген жауаптарына сәкестендіріп, оқушыларды бағалаймын.

Үйге тапсырма: 144, 145-жаттығу, ережелерді қайталау.

## КІРМЕ СӨЗДЕР

Сабақтың мақсаты:

1. Білімділік: тіліміздегі кірме сөздер, олардың тілімізге кіру себептері туралы мағлұматтар беру.

2. Тәрбиелік: оқушыларды халқымыздың тарихын қастерлеуге, ұлтжандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.

3. Дамытушылық: өмір ағымынан қалмай ілесіп отыру үшін кірме сөздер мен жаңа сөздерді меңгерту, мағлұматтар біру.

Сабақтың типі: жаңа сабақ.

Сабақтың түрі: дәстүрлі.

Сабақтың әдіс-тәсілі: түсіндіру, сұрақ-жауап, жаттығу, талдау.

Көрнекілігі: тақырыпқа байланысты кесте, үлестірімелер.

Пәнаралық байланыс: қазақ әдебиеті, тарих

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Оқушылармен сәлемдесу.

2. Оқушылардың сабаққа қатысын тексеру.

3. Оқушылардың зейіндерін сабаққа аудару.

II. Үй тапсырмасын тексеру/үлестірімелі карточкалар/

1. Бұл қандай сөздер болып табылады?

*Жолсерік, ұнтаспа, саяжай, сынып, дәріс, зейнетақы, ұнқағаз, кеден, құжат, ермексаз, дернәсіл, ағза, жер серігі.*

2. *Көл дария, көл болса,*

*Бай мен жарлы тең болса,*

*Диханшылық көп болса,*

*Қатерсіз-дағы ел болып.*

Үзіндіден көнерген сөздерді тап және олар көнерген сөздің қай түріне жататынын айт.

3. Үзіндіден кірме сөзді тап:

*Дастарқан жайып құрметтеп,*

*Төкті түрлі жемісті.*

*Жез самаурын қайнаулы,*

*Союға бағлан байлаулы.*

4. Айтулы ерлер бар екен,

Жүйріктері баптаулы.

Найзалары саптаулы,

Дұшпанға атар жебесі.

Қорамсақпен қаптаулы.

5. Қазақ тіліне енген төмендегі сөздердің орыс тіліндегі баламасын ата.

*Самаурын, жәшік, кәрзеңке, кереует, бәтеңке, сөмке, тәрелке, стақан, шәйнек.*

6. «Кім жылдам?» /қабілеті төмен оқушылар үшін/  
сөздердің синонимін табамыз.

Ертеде-----

Үлкен-----

Ажар-----

Тамақ-----

Таңертең-----

Кішкентай----

7. «Ойлы болсаң, тауып көр» /дарынды оқушылармен  
жұмыс/

1. *жатқан, қария, дария, ақылды, ағып*

2. *асқар, ағып, тау, бала, жатқан, әке, бұлақ*

3. *тамған, тамар, у, бал, тілден*

4. *үйдің, жылы туған, түтіні*

5. *шықпас шаңы, үні, жаяудың, жалғыздың*

6. *қорқытады, терең, көп, батырады.*

IV. Жаңа сабаққа дайындық.

1. Сабақ тақырыбын тақтаға жазу

2. Сабақ мақсатын түсіндіру.

V. Жаңа тақырыпты түсіндіру:

Кірме деген сөз «жергілікті» немесе «тұрғылықты» емес деген ұғымды білдіреді. Жер бетінде бірде бір басқа тілден енбеген сөз жоқ десек қателеспейміз. Себебі кез келген халық басқа халықпен аралас-құралас болады, көрші тұрады. Сол себепті бір тілден екінші тілге міндетті түрде сөздер ауысады, кіреді. Қазақ тіліне

араб, парсы, монғол тілдері енген көп сөздер бүгінде қазақ тілінің өз сөзіне айналып кетті, тіпті айырмайдай да қаламыз. Мысалы: *Қаскелең, Шамалған* деген жер атаулары монғолдың батырларының аты екен, өкінішке орай әлі өзгерте алмай келеміз. Сол сияқты, *Тарбағатай, Нарынқол, ұлыс, нөкер, жасақ, аймақ*, т.б. сөздер осылай кірген екен. Ал, ғасырлар бойы бірге өмір сүріп келе жатқандықтан орыс тілінен де көптеген сөздер тілімізге енген. *Жәшік, кереует, бәтеңке, кәмпит, тәрелке*, т.б. ал, орыс тілінен кірген көптеген сөздер өзгеріссіз сол қалпында айтылады. *телефон, телеграф*, т.б. Орыс тіліне шет тілдерінен кірген *футбол, баскетбол, волейбол* деген сөздер орыс тілі арқылы бізге енді. Ал енді қазақ тілінен орыс тіліне енген сөздерді көрейік; орыс тіліне түркі тілінен *яркий* деген сөз *жарық, ярық* деген сөзінен, *топтать – таптайды, кремль – кремін*, т.б. сөздер енген екен, т.б. сөздермен түсінік береді. Орыс тіліне түркі тілінен енген сөздер туралы қазақтың белгілі ақыны Олжас Сүлейменов «АЗиЯ» деген кітап жазған. Кейін үлкен болғанда, балалар, осы кітапты оқындар. Өздерің байқап отырғандай, бұл сөздер қазақ тілінің дыбыстық қалпына түсіп өзгерген. Кейін, кеңестік дәуірде, орыс тілінен енген термин сөздер өзгеріссіз қалпында қолданылды: *телефон, телеграф, автомобиль, т.б.*

Соңғы жылдары кірме сөздердің біразы қазақшаға аударылды: *самолет – ұшақ, вертолет – тік ұшақ, коллектив – ұжым*, т.б.

Орыс тілінен енген сөздер:

а) Қазан төңкерісіне дейін енген сөздер: *болыс, сот, жәшік, керует, бөтелке, кәмпит, сөмке, тұрба*, т.б.

ә) Кеңестік дәуірде кірген термин сөздер: *телефон, телеграф, автомобиль*, т.б.

Монғол тілінен енген сөздер:

а) ел билеуге байланысты сөздер:

*ұлыс, нөкер, жасақ, аймақ, жарлық*, т.б.

ә) жер – су атаулары: *Тарбағатай, Нарынқол, Нұра, Баянауыл, Зайсан, Қордай, Алтай*, т.б.

VI. Жаңа тақырып бойынша түсінік тексеру:

1. Қандай кірме сөздерді білесіңдер?

2. «Түсіндірме» сөздікпен таныстырып, олармен қалай жұмыс істеуді үйрету, 5-6 кірме сөздер жазу.

VII. Жаңа сабақты бекіту.

1. Оқулықпен жұмыс. 174-жаттығу.

Мәтіннен басқа тілден енген сөздерді тауып жазу «а» деңгейі.

173-жаттығу «в» деңгейі.

Мәтіннен араб, парсы тілінен енген сөздерді тауып жазыңдар.

172-жаттығу «с» деңгейі /дарынды оқушылар үшін/

Мына сөздердің қазақ тіліндегі синонимдерін тауып

көріңдер.

*Пұл-ақша, шайыр-ақын, сарбаз-әскер, гибрат-ғұлама, пешене-тағдыр*.

Мына кірме сөздерді қатыстырып бірнеше сөйлем құрап жазыңдар. *Білім, адам, құн, талап, сабақ, Толағай, самауыр, телефон*.

2. Үлестірме қағаздар бойынша жұмыс.

I деңгей.

1. Төмендегідей сөздер қай тілден енген?

*Дүние, хабар, азамат, баға, сәби, ұлыс, нөкер, баға, жасақ, қоян, құрылтай, бөшке, божы, бишік, бархыт, сіріңке, шәйнек*.

II деңгей.

Монғол тілінен енген сөздерді бір бөлек, араб, парсы тілінен енген сөздерді бір бөлек, орыс тілінен енген сөздерді бір бөлек жаз.

*Сәби, жария, газет, бақыт, сиса, күршек, ұлыс, дүние, әбдіре, сот, әйел, бөшке, тебек, дұға, күрең, махаббат, жасақ, шәкірт, құрылтай, шен*.

III деңгей.

Жоғарыда келтірілген кірме сөздерді қатыстырып сөйлем құрау.

VIII. Сабақты қорыту:

1. Бағалау.

2. Үйге тапсырма беру: Кірме сөздер туралы түсінік. 177-жаттығу.

**А.ТУРДАЛИЕВА,**  
**«Қосағаш» жалпы**  
**орта мектебі.**  
 Оңтүстік Қазақстан облысы,  
 Қазығұрт ауданы

## ТӨЛ СӨЗ. ТӨЛЕУ СӨЗ

Сабакқа негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)	Төл сөз және төлеу сөз туралы түсінік беру. Тапсырмаларды орындау арқылы төл сөз және төлеу сөздің мағынасын меңгерту және білімдерін бекіту. Оны мәтінмен жұмыс істеуге пайдаланады.
	Барлық оқушылар:
	Төл сөз және төлеу сөз туралы оқып, мағлұмат алады, ережесін біледі.
	Оқушылардың басым бөлігі: Төл сөзді, автор сөзін және төлеу сөзді бір-бірінен ажырата алады.
	Кейбір оқушылар: Төл сөз, автор сөзін, төлеу сөзді мәтін ішінен таба алады. Мысалдар келтіреді.
	Пәнге тән лексика мен терминология: төл сөз бен төлеу сөз – прямая и косвенная речь диалог.
	Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер: Талқылауға арналған тармақтар: Төл сөз бен төлеу сөз жайында түсінік.

	Сіз неліктен ... екенін айта аласыз ба? Біреудің сөзі қанша жолмен берілетіндігін айта аласыз ба?	
	Себебі: Біреудің сөзі екі түрлі жолмен беріледі. Біреудің сөзінің ешбір өзгеріссіз, дәл сол айтылған күйінде жеткізілуі. Біреудің сөзінің мұндай жолмен берілуін төл сөз дейді. Абай бес нәрседен қашық болып, бес нәрсеге асық болуды айтады. Біреудің сөзінің мұндай жолмен берілуін төлеу сөз дейді. Төл сөзді болсын, төлеу сөзді болсын жеткізуде оларға жанама түсінік беретін сөйлеушінің өз сөзін автор сөзі дейді.	
	Жазылым бойынша ұсыныстар: жаттығуларды шарты бойынша орындап, төл сөзді, автор сөзін және төлеу сөзді талдап түсіндіру.	
Алдыңғы тақырып	Құрмалас сөйлем түрлері.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар (төменде жоспарланған жаттығулармен қатар, ескертпелерді жазыңыз)	Ресурс
Басталуы	Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен амандасу. Оқушыларды топқа бөлу, топтық ережені сақтаймыз. 1. «Төл сөз» тобы. 2. «Автор сөзі» тобы. 3. «Төлеу сөз» тобы. 4. «Диалог» тобы.	

	<p>Топтарға бағалау парақшаларын беремін.</p> <p>«Миға шабуыл» әдісімен өткен сабақтарды пысықтап, жаңа сабаққа көпір салау.</p> <p>Берілген сөйлемдердің құрмалас сөйлем қай түріне жататынын ажыратады, түсіндіреді:</p> <p><i>Гүлдана сыныпқа кірді де, өз орнына барып отырды.</i></p> <p><i>Күн кешкіріп қалса да, балалар үйлеріне қайтпай ойнай берді.</i></p> <p><i>Асылбек үйінен шықты да, дүкенге барып, анасының туылған күніне сыйлық сатып алды.</i></p>	<p>Гүлдің суреттері арқылы топқа бөлу, бағалау парақшалары.</p>
Ортасы	<p>«Ойлан, бірік, бөліс» әдісі.</p> <p>2) Оқулықпен жұмыс. (175-176-беттер). Оқып танысады.</p> <p>«Т кестесі» әдісімен тақырыптың ерекшеліктерін жазады, (топтық жұмыс)</p>	<p>Жұмыс дәптерлері, оқулық, қарындаш, проектор, кеспе қағаздар, флипчарт, маркер</p>
	<p>Ереже</p> <p>мысалдар</p> <p>Төл сөз: Біреудің сөзінің ешбір</p> <p>- Төл сөз дегеніміз не? – деп сұрады Ақжол.</p>	

	<p>өзгеріссіз, дәл сол айтылған күйінде жеткізілуі.</p> <p>Автор сөзі: Төл сөзді болсын, төлеу сөзді болсын жеткізуде оларға жанама түсінік беретін сөйлеушінің өз сөзі.</p> <p>Төлеу сөз: Біреудің сөзінің сөйлеуші тарапынан өзгеріске ұшырап, біредің сөзінің тек мазмұнын ғана сақтап жеткізу.</p>	<p>Ақжол төл сөз деген не екенін сұрады.</p>	
	<p>Постер қорғайды. Тақырыптар бойынша сыныпта талқылау жүреді. Топтар бір-бірінің жұмысын «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісімен бағалайды.</p> <p>Слайд арқылы толықтырып түсіндіріп өтемін.</p> <p>Жаттығулармен жұмыс. 161-жаттығу. Берілген мысалдардан төл сөзді өз алдына, төлеу сөзді өз алдына топтап жазыңдар да, төл сөз бен төлеу сөздің астын түзу сызықпен, автор сөзінің астын ирек сызықпен сызып, олардың жігін көрсетіндер. (оқушылық деңгей)</p>		

	<p>1.1-тапсырма. Төл сөзді төлеу сөзге айналдырып жазыңдар. 1-топқа. – <i>Келсейші, ей, жаман неме. Өзі қазақша білетін бе еді? – деп әлгі кемпір қапсағай сары жігітке қарады.</i> 1. <i>Алдымен анау отырған шешесі қазақша білмейді, қайта бұған кінә жоқ, - деді Сапабек.</i> 2-топқа. 1. <i>Біздің мынау да геолог болмайын деп жүр,- деді Сапабек иегімен ұлын көрсетіп.</i> 2. <i>Жалпы, геология халық тіршілігінің ең басты қажеттілігіне айналды, – деді ол.</i> 3-топқа. 1. <i>Әке жолын қуса, мына менің жолымды қусын! Ие болсын мына қу шаңыраққа! – деді Ермабыл қария.</i> 2. <i>Ойбай, бала келіп қалды, - деп кемпір үйге жүгіріп кірді.</i> 4-топқа. 1. <i>Томаның жинап жүргені зой, мен қалтама түскен затты сол күні құртам зой, - деп қойды.</i> 2. <i>Баланы ше, Жеңісті тастап кетпейсіңдер ме? - деді қарт.</i> 3.2-тапсырма. Төлеу сөзді төл сөзге айналдырып жазыңдар. 1-топ. <i>Осыдан барысымен посылка салатынын айтты.</i> 2-топ. <i>Бұдан соң Сапабек дүйім жұртты аузына қаратып, өзінің Лондонға, Будабешке, Мароккаға, Италияға барған сапарларын әңгімеледі.</i> 3-топ. <i>Әңгімеге арқау болған ұрпақ тәрбиесі екендігін айтты мұғалім.</i> 4-топ. <i>Ақжол бұл әңгіменің идеясы-баланың ата-ана алдындағы перзенттік парызы екендігін айтты.</i> <i>«Еркін әңгіме» әдісі арқылы оқушылардың бір-бірімен жұптасуы арқылы диалог құрау.</i></p>	
--	--	--

Аяқталуы	<p>Кері байланыс: «Бес саусақ» әдісі. Табыс өлшемдері: 1. Төл сөздің ережесін білемін; 2. Автор сөзінің ережесін білемін; 3. Төл сөз бен автор сөзін ажырата аламын; 4. Төлеу сөздің ережесін білемін; 5. Төл сөзді, төлеу сөзді сөйлем құрай аламын; 6. Өзіндік ерекшелігін тани аламын; «Бас бармақ» әдісімен бағалайды. Үйге тапсырма: «Күй аңызы» әңгімесінен төл сөзге 5 мысал жазып, оны төлеу сөзге айналдыру.</p>	Бес саусақ қиындысы
Қосымша ақпарат: 8-сынып қазақ әдебиеті оқулығынан диалогқа құрылған тақырыптарын қосымша оқып, талдап түсінуді (қайталау жасауды) тапсырамын.		
Саралау. -Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? - Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?	Бағалау- оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Пәнаралық байланыс қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері.

<p><b>В:</b> Төл сөз бен төлеу сөзді тауып, ажыратуды, таба алуды меңгертуді. <b>С:</b> сөйлемге кешенді синтаксистік талдау жасауды жоспарлаймын.</p>	<p>Бағалау парақшасына бағалау өлшемдерін енгіземін. Топтық жұмыстарда оқушыларға өзін-өзі бағалау жасатамын.</p>	<p>8-сынып қазақ тілі оқулығы</p>
<p>5. Қорытындылау/Рефлексия Сабақ/оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?</p>	<p>Сабақ мақсаты қол жетімді, нақты қойылған. Төл сөз және төлеу сөз, автор сөзі туралы мағлұмат алды, ережесін білді, бір-бірінен ажыратуды білді. Төл сөзді төлеу сөзге, төлеу сөзді төл сөзге айналдырудан түсінік қалыптастырды. Оқушылар өздеріне сенімді болды. Қызығушылықтары жақсы, белсенді қатысып отырды. Тапсырмаларды жақсы орындады, бір-бірінің қателіктерін өздері тауып, түзетіп отырды. Ия, уақытты тиімді пайдалана алдым. Тақырыпты өмірмен байланыстыра білуге дағдыландыруды енгіздім.</p>	

Қорытынды бағамдау:

Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?

1. Постер қорғау арқылы жаңа сабақты бір-бірінің жақсы жақтарын, жіберген қателіктерін, ұсынысын айту табысты жүзеге асты.

2. Слайд арқылы көрсетілген төл сөзді төлеу сөзге айналдыру, төлеу сөзді төл сөзге айналдыру табысты орындалды.

Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін нәні білдім?

1. Сабақ барысында тапсырманы слайд арқылы көрсету оқушылардың көңіл-күйінің көтеріңкі болуына септігін тигізетіндігін түсіндім.

## СӨЙЛЕМ ІШІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТЫНЫС БЕЛГІЛЕР

Сабақтың мақсаты	Сөйлем ішіне қойылатын тыныс белгілері туралы қайталай отырып, талдау кезінде білімін тереңдетеді.	
Күтілетін нәтиже	Сөйлем ішіне қойылатын тыныс белгілері туралы білімдерін толықтырады, бір-бірімен ой бөліседі, пікірлерін тыңдайды, талдайды, қолданады.	
Әдіс-тәсілдер	Миға шабуыл, топтық жұмыс, жұппен жұмыс, ой толғанис, өзін-өзі бағалау.	
Үй тапсырмасы	Өткен тақырып бойынша кері байланыс орнату. Мен үйге берілген тапсырманы .....бағалаймын. Себебі.....қиындықтарға тап болдым. Оның .....сияқты шығу жолдарын ойластырдым. Дәптерлерін алмастыру.	
Қызығушылықты арттыру	<p>Тыныс белгілеріне байланысты жұмбақтар жасыру (кеспе қағаздарды жинау арқылы жұмбақ құрып, жауабын табады).</p> <p>1. Ойдын аяқталуын күтпейді, Оны қойсаң, сөйлем бітпейді. (Үтір)</p> <p>2. Сырғалы құлақ бір, Үн-түнсіз сұрап тұр. (Сұрақ белгісі)</p> <p>3. Қадалды бір ине, Нүктедей түймеге. (Леп белгісі)</p> <p>4. Тілден ұшып, Құлаққа қонады. (Сөз)</p> <p>«Тыныс белгілер» арқылы топқа бөлінеді.</p>	
Мағынаны тану	Еске түсіру: тапсырманы жұппен орындап, бірін бірі тексеру арқылы және топтағы жұмбақтың жауаптарымен байланыстыра отырып, сабақтың тақырыбын ашу, мақсатына тоқталу.	
	1-оқушы	2-оқушы
	Төл сөзді төлеу сөзге, төлеу сөзді төл сөзге айналдырып жазыңдар.	Төл сөзді төлеу сөзге, төлеу сөзді төл сөзге айналдырып жазыңдар.



	<p>– Бұл қыз менің қарындасым, -деді Кенжетай, Асқардың сұрағысы келгенін біліп</p> <p>– Бұл үйдің жаны нешеу?</p> <p>- деді Итбай, сөз бастау үшін.</p>	<p>Марлан қонақтарына орын ұсынып, Мұратқа кешегі үндеудің қалғаны болса, тез көбейтіп жіберуді тапсырды.</p>									
	Сөйлем ішіне қойылатын тыныс белгілері туралы қайталау.										
Сөйлем ішіне қойылатын тыныс белгілері ерекшеленуші қызмет атқарады	(,) үтір: Мен, Айдын, Әсем үшеуіміз келдік.										
	(:) қос нүкте: Айтарын білдім: тас-түйін боп алған.										
	( ) жақша: Толғауы тоқсан қызыл тіл. (Абай).										
	(« ») тырнақша: «Жас келсе іске» деген сөз бар.										
	(-) сызықша: Үйде шешен, – дауда жоқ.										
Оқулықпен жұмыс: I топ: 159-жаттығу; II топ: 160-жаттығу; III топ: 161-жаттығу; IV топ: жеке мәтін. Көшіріп жазып, тыныс белгілерінің қойылуы мәнісін түсіндіру. Кез келген бір сөйлемді сөйлем мүшелеріне талдау. Сергіту сәті: I топ:											
Ұяң дауыссыздар	б	в	г	ғ	д	ж	з	һ			
	о	с	б	о	б	б	с	б			
II топ:											
Үнді дауыссыздар	р	л	м	н	ң	у					
	б	с	о	с	о	б					
III топ:											
Қатаң дауыссыздар	п	к	қ	т	с	ф	х	ц	ч	ш	
	б	с	с	о	б	о	с	б	с	б	
IV топ:											
Дауысты дыбыстар	а	ә	о	ө	е	н	ы	і	ұ	ү	у
	о	с	б	о	с	б	б	с	о	б	б

	<p>Максаты:</p> <p>1. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды қайталау;</p> <p>2. Ойлау, көру, іс-қимыл әрекеттерінің белсенділігін арттыру.</p> <p>б – (бірге) екі қолдарын көтереді;</p> <p>с – сол қолдарын көтереді;</p> <p>о – оң қолдарын көтереді. (жанылыспау керек)</p> <p>Джигсо әдісі бойынша берілген тапсырмаларды талдау.</p>
Ой толғаныс	Тақырып бойынша(сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілері) «Тыныс белгілерінің сыры» тақырыбында эссе жазу.
Бағалау	Өзін-өзі бағалау Сабақтың тақырыбы _____ Бүгінгі сабақта өзімді ____ бағалаймын. Себебі _____
Ауызша кері байланыс ұсыну	(Жалпы шұғыл сұрақтарды пайдалану) Бұл оқушылардың өз жұмыстарын және басқалардың жұмыстарын ұдайы бақылау шеберлігін дамытуға жәрдемдеседі. - I топ, жұмыстың қандай бағыттарын жақсартуға болады және неге? - II топ, сендер үшін ең күрделісі не болды? - III топ, сендер сабақты . өткізу қай жерден көмек ала аласыз?
Үйге	Көркем әдебиеттен мысалдар жазып келу.

**М.ИЛЬЯСОВА,**  
**Алға орта мектебі.**  
Атырау облысы,  
Махамбет ауданы

## **ҮСТЕУДЕН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ**

Мақсаты: білімділік-оқушылардың үстеуден алған білімдерін пысықтау, нығайту. Бір жүйеге келтіріп қорыту, теориялық білімдерін практикамен ұштастыру. Оқушы білімін есепке алу.

Дамытушылық: Абай шығармаларынан үзінділер келтіру арқылы оқушының ақынға деген қызығушылығын туғызу. Шығармашылыққа баулу, тіл байлығын жетілдіру. Ізденімпаздың қасиеттерін қалыптастыру.

Тәрбиелігі: оқушыларды адамгершілікке, әдептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Білім-ғылымға деген құрметке тәрбиелеу. Ғұлама ақын Абайға деген мақтаныш сезімін туғызу. Елін, тілін сүйеге одан әрі баулу.

Түрі: дәстүрлі сабақ.

Сабақтың типі: қайталау, білім мен іскерлік дағдыны жүйелеу.

Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап, топпен жұмыс, СКТ, кешенді талдау. Шығармашылық жұмыс.

Көрнекілік: сызба, слайдтар, түрлі тапсырма материалдары.

*Өзің ойлан, өзің тап, өзің ізден*

*Деген ақыл оқимын көзіңізден.  
Талай қазақ келеді сөз алдырмай  
Даналықты үйреніп өзіңізден.*

*Қадыр Мырза Әли.*

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі. Оқушыларды түгелдеу, амандасу, оқу құралдарын дайындау.

-Сәлеметсіздер ме, қымбатты шәкірттер! Ұлы дана Абай: “Адам баласы өзі қай жолда, қай майданда жүрсе, сол майдандағы кісімен сырлас болады” деген екен. Міне, бүгін біз ғылым-білім майданында жолдас, сырлас боп отырмыз. Бүгінгі сабағымызда үстеуден алған білімдерімізді сарапқа саламыз.

Мақсатымыз – сабақтың өн бойына Абай шығармаларын арқау ету. Яғни, “ондай болмақ қайда?! -деп айтпа” дегендей, Абайша ойлап, Абайша толғап ізденіп көрсек деймін.

Хакім Абай-табиғат-ананың төсін еміп өскен арда перзенті. Ол қиналған сәтте жүрек сырын табиғатпен бөліскен. Оның дидарын көңіліне медеу, жанына серік етеді. Көңіл-күйдің алуан түрлі перделерін табиғат көркін үндестіре суреттейді. Сондықтан сыныптағы оқушыларды 4 топқа бөліп отырғызуды жөн көрдім. Олар: “Жаз”, “Күз”, “Қыс”, “Жазғытұры” топтары. Ендігі жұмыс осы топтар арқылы жүргізіледі.

*Пайда ойлама, ар ойла,  
Талап қыл артық білуге  
Артық ғылым кітапта,*

*Еріней оқып көруге*, - деген ақын. Осыған дейін біз үстеу туралы бәрін өттік. Ал біз оны қалай игердік? Үстеуден нені білдік, үйрендік. Білгендерін қағазға жазып, тақтаға іліп, қорғау.

I. Қызығушылықты ояту.

- Үстеу нені білдіреді?
- Үстеудің мағыналық түрлері қандай?
- Үстеудің құрамдық түрлері қандай?
- Үстеудің емлесі?

II. “Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы”.

Естіген нәрсені ұмытпау үшін 4 түрлі себеп бар, - дейді Абай, соның бірі – ынтамен ұғыну, бірнеше рет қайталап көңілге бекіту екен.

Олай болса, келесі тапсырмамыз – Абай өлеңдеріндегі бос қалған орынды қажетті сөзбен толтыру. Үстеулерді табу. Сөйлемді сөйлем мүшесіне, үстеуді лексика-грамматикалық мағынасына талдау.

«Күз» тобы: ... *үйрек-қаз*,

*(Жоғары-төмен)*

*Ұшып тұрса сымпылдап.*

*Жоғары-төмен*

- 1) Бұл сөз екі құрамнан тұр. *Жоғары-төмен*
- 2) Құрамына қарай күрделі қосарлану арқылы жасалған.
- 3) Сөзде бір лексикалық, бір грамматикалық мағына бар.
- 4) Лексикалық мағына-мекендік атау.
- 5) Грамматикалық мағынасы-үстеу.

б) Сұрағы-қалай?

7) Мекен үстеуі-мағынасына қарай.

«Қыс» тобы:

*Ержеткен соң түспеді уысыма,*

*Қолымды мезгілінен ... сермедім. (кеш)*

*Кеш*

1. Бұл сөз бір құрамнан тұр.
  2. Құрамына қарай-дара.
  3. Жасалу жолына қарай-негізгі.
  4. Сөзде бір лексикалық, бір грамматикалық мағына бар.
  5. Лексикалық мағынасы мезгілдік ұғымды білдіреді.
  6. Грамматикалық мағынасы-үстеу.
  7. Мағынасына қарай мезгіл үстеу сұрағы -қашан?
- «Жаз» тобы:
- ... жүріп, анық бас, (Ақырын)*
- Еңбегің кетпес далаға.*
- Ақырын*
1. Бұл сөз бір құрамнан тұрады.
  2. Құрамына қарай-дара.
  3. Жасалу жолына қарай-негізгі.
  4. Сөзде бір лексикалық, бір грамматикалық мағына бар.
  5. Лексикалық мағынасы қимыл іс-әрекетті білдіреді.
  6. Грамматикалық мағынасы-үстеу.
  7. Мағынасына қарай мезгіл үстеу сұрағы қашан?
- «Жазғытұры» тобы:
- ... қарап қырымға, (Қыранша)*

*Мұң мен зарды қолға алар.*

### Қыранша

1. Бұл сөз екі құрамнан тұрады.
2. Құрамына қарай-дара.
3. Жасалу жолына қарай-туынды.
4. Сөзде бір лексикалық, екі грамматикалық мағына бар.
5. Лексикалық мағынасы қимылдың жай-күйін білдіреді.
  6. 1) Грамматикалық мағынасы – зат есім.
  - 2) Грамматикалық мағынасы -ша туынды үстеу тудырушы жұрнақ.
7. Мағынасына қарай сын-қимыл (бейне) үстеу сұрағы қалай?

### III. “Ақыл-қайрат, жүректі бірдей ұста”.

“Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселерден озады”,-дейді Абай өзінің қара сөздерінде. Келесі тапсырмада ақынның осы қара сөздерінен үзінділер беріледі. Соның ішінен сіздер үстеуді тауып, синонимдерін атап көрсетулеріңіз керек.

«Күз» тобы.

Адам баласының ең жаманы – талапсыз. Талап қылушылар да неше түрлі болады.

Ең – тым, аса, өте →күшейткіш үстеу

«Қыс» тобы.

Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тез қолға түседі.

Тез – жылдам, шапшаң, лезде →қимыл-сын үстеу «Жаз» тобы.

Құдайдан қорық, пендеден ұял, текке жүрме. Балаң бала болсын десең – оқыт, мал аяма.

Текке – босқа, бекерге, құр босқа →себеп-салдар үстеу

«Жазғытұры» тобы.

Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға біраз шарттары бар. Оларды білмей, ізденгенмен табылмас.

Біраз – талай, бірталай, қыруар →мөлшер үстеу.

IV. “Білімдіден шыққан сөз,

Талаптыға болсын кез”.

Абай өлеңдерін оқу, жатқа айту да – өнер. Бірақ сен соны ұғына алдың ба? Әңгіме осында. “Еңбек қылмай – тапқан мал дәулет болмас. Қардың суы секілді тез суалар”,-дегендей, келесі тапсырмада Абай өлеңдеріндегі басты мәселені, тірек сөздерді табу, оны қара сөзбен өрнектеу.

«Күз» тобы.

*Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,  
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан  
Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма  
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.  
Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,  
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай  
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,  
Жапырағынан айырылған ағаш қурай.*

Сұр бұлт, дымқыл тұман, жапырағынан айрылған

ағаш қурай.

Бұл өлеңде көшпелі елдің күзгі тіршілігі мен табиғаттың жүдеу көрінісі суреттелген. Жаздағы жасыл шөп, жастар күлкісі, бала шуылы жоқ екенін айтады.

«Жаз» тобы.

*Жаздыгүні шілде болғанда,*

*Көкорай шалғын, бәйшешек*

*Ұзарып өсіп толғанда;*

*Күркіреп жатқан өзенге*

*Көшіп ауыл қонғанда;*

*Шұрқырап жатқан жылқының*

*Шалғыннан жоны қылтылдап.*

Мына өлеңді оқысақ, көз алдымызға ауыл жазы елестейді. Малшы ауылдардың жаз жайлауға келгеннен кейінгі тіршілігін суреттейді. Үлкендердің кеңесін, бозбаланың құс салуын, жылқылардың еңбегін, қыз-келіншектің үй тігуін бейнелейді.

«Қыс» тобы.

*Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,*

*Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.*

*Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,*

*Басқан жері сықырлап, келіп қалды.*

*Демалысы – үскірік, аяз бен қар,*

*Кәрі құдаң – қыс келіп, әлек салды.*

*Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып,*

*Аязбен қызарып ажарланды.*

«Қыс» өлеңіндегі әрекет табиғаттан гөрі адамның әрекетіне ұқсайды. Қысты шалға, демалысы – үскірік,

аяз бен қар, кәрі құдаға теңейді.

«Жазғытұры» тобы.

*Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,*

*Масатыдай құлтырар жердің жүзі.*

*Жан-жануар, адамзат анталаса,*

*Ата-анадай елжірер күннің көзі.*

*Қырдағы ел ойдағы елмен араласып,*

*Күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып.*

*Шаруа қуған жастардың мойыны босап,*

*Сыбырласып, сырласып, мауқын басып.*

Ақын бұл өлеңде көктемгі тіршілікті көрсетеді. Қыстан шыққан ел ерекше қуанады. Бұл мезгіл шаруаға қолайлы, жанға жайлы болып келеді. Күн көзін баласына еміренген ата-анаға теңейді.

V. “Жақсының аты өлмейді,

Ғалымның хаты өлмейді”.

Тағы да Абай даналығына жүгінеміз. Ол: “Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәрте болмаса, жұмасына бір, ең болмаса айына бір өзіңе есеп бер”-дейді. Сол айтқандай, осы сабақтан алған Абай дәйегіне орай ойтолғау жазу.

1-оқушы: -Біз бүгінгі сабақта Абайдың тек ақын ғана емес, данышпан адам екенін білдік. Ақын өз артына қыруар мол өсиет қалдырған екен. Оның өлеңдері, қара сөздері бүгінде өз мәнін жойған жоқ. Абай есімі, оның өсиеті ұрпақ есінде мәңгі сақталады.

2-оқушы: - Абай өлеңдерін, қара сөзін оқу арқылы бойымызға адамгершілік қасиеттерді жинақтай білдік.

Білім алып, еңбек етсең ғана болашақта еліміздің бір қажетіне пайдаға асатынымызды білдік. Білім алуды, еңбек етуді өзімізге міндет деп санаймыз.

- 1-топ. *Ғылым таппай мақтанба,  
Орын таппай баптанба.  
Бес нәрсеге асық бол,  
Бес нәрседен қашық бол.*

Адам баласының ең жаманы – талапсыз.

Абай – тек ақын ғана емес, данышпан адам. Оның артында қыруар өсиеті қалды. Оның өлеңдерінің көбі білім-ғылымды ардақтауға арналды. Күні бүгінде олар өз мәнін жойған жоқ. Абай есімі, оның өсиеті бүгін де, ертең де, болашақта да ұрпақ есінде мәңгі сақталмақ.

2-топ.

1. *Жасымда ғылым бар деп ескермедім,  
Пайдасын көре тұра тексермедім.  
Ержеткен соң түспеді уысыма  
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.*

2. Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп тез қолға түседі.

3. “Күз” өлеңі.

3-топ.

1. *Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,  
Масатыдай құлтырар жердің жүзі.  
Жан-жануар, адамзат анталаса,  
Ата-анадай елжірер күннің көзі.*

2. Құдайдан қорық, пендеден ұял, текке жүрме. Балаң бала болсын десең – оқыт, мал аяма.

3. “Қыс” өлеңі.

4-топ.

1. Өмірдің алды – ыстық, арты – суық,  
Алды – ойын, арт жағы мұңға жуық.  
2. Қыранша қарап қырымға  
Мұң мен зарды қолға алар.  
3. Босқа ұялып,  
Текке именіп  
Кімді көрсем, мен сонан.  
4. “Жазғытұры”.

VI. Қорытынды:

- Қане, балалар, біз бүгін бірлесе отыра үстеуден өткен білімімізді жиелеп, қорытындыладық. Адам өмірі үнемі қозғалыстан тұрады, яғни адам өмір сүреді, жақсы өмір үшін күреседі. Міне, үстеулер осы қимыл-әрекеттің түрліше белгісін білдіреді. Оны біз жана талдадық. Енді жинақтай келе, бүгінгі жұмысты қорытып, оқушыларды бағалайық.

Бүгін мен Абай шығармаларын сөз ете отыра, үстеуді танытуға тырыстым.

Елбасымыз Н.Назарбаев: “Абайды таныту арқылы біз әлемге қазақ елін танытамыз. Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуға тиіс”, -деген еді.

Сондықтан мен үстеуді таныта отыра сіздерге Абайды, оның асыл сөздерін аз да болса меңгертсем деген ойда болдым.

- Асыл сөзді іздесең,  
Абайды оқы, ерінбе,  
Адамдықты көздесең,  
Жаттап тоқы көңілге,*-деген Сұлтанмахмұт.

Абайды оқыңыздар. Терең білімді болу – біздің міндетіміз. Білімді ұрпақ – танымал ел болудың басты кепілі. Рахмет сіздерге.

**Р.ГИЗЗАТОВА,**  
**Е.Ниетқалиев атындағы ЖББОМ.**  
Батыс Қазақстан облысы,  
Жәнібек ауданы

## **МАМАНДЫҒЫМ – МАҚТАНЫШЫМ**

*Адам болып жаратылдым тірлікте,  
Мақсат қойдым, оған жету ерлік те.  
Бала күннен армандаған кәсібім,  
Қол жеткізген бақытым мен нәсібім...*

Әр адам бала кезінде тез есейгісі келіп, болашақта кім болатындығы туралы ойланған кезде, біреулері өзіне ұнаған адамдарға ұқсағысы келіп, еліктесе, ал кейбіреулері ата-аналарынан үлгі алып, жолын қусам деп армандайды екен. Мен де сондай кездерден өттім. Біздің балалық кезіміздегі көп еліктейтін, өзімізге етене жақын мамандық – мұғалім мамандығы. Өйткені, менің әжем 40 жыл мұғалім болған адам. Әсіресе, мен оның киіміне, қолына ұстайтын мұғалім сөмкесіне қызығатын едім. Әжемнің киімінің барлығы тікше тігілген етек пен бір түсті жейде. Тіпті мектептен келгеннен кейін де үйдегі киімдері сол тұрғыдағы өзінің бойы мен өлшеміне шап-шақ етіп тігілген киімдер еді.

Осы киімдері оның бойын тіп-тік етіп, тығыншықтай етіп көрсететін. Ал сөмкесіне келсем, мен ол кезде тек бастауышта оқитынмын. Сабаққа әжеммен барамын. Екеуіміз мектепке жақындай бергенде, шамасы, әжемнің келе жатқанын алыстан қарап, күтіп тұратын болса керек, бір топ қыз жүгіріп келіп, амандасып, қайсысы бірінші үлгереді, сонысы әжемнің сөмкесін алады. Қызық. Жаңағы сөмкені кім алса, сол қыз соны бір мақтаныш сезініп, қалғандарына бейне бір өзін апайының алдында «беделі» бар екенін білдірген сияқты болады. Мен бір түрлі қызығып та, қызғана қарайтынмын. Кейде ойлаймын, сөмкесін мен неге ұстап бармаймын... Бірақ мен ұстасам, олар сөмкесін менен ала алмайды ғой...

Сол уақыттан менің түйсігімде мұғалім мамандығының өте мәртебелі мамандық екені қалыптаса бастағандай болды. Себебі, мен әжемнің қолындағы баласының тұңғышымын, яғни бауырына басқан қызымын. Мен әжеме өте жақын өстім және оны бәрінен де қатты жақсы көрдім. Тіпті әжемнің кенже інісі ағам Нұржан мен қыздың кенжесі Алма апамнан да қымбаттырақ болып өстім десем, артық емес. Кенже ағам Нұржан шынымен бе, әлде әжемнің мені тым жақсы көргеніне қызыға ма екен «Сен менің ең кіші қарындасымсың, ал папаң Амантай - сенің ағаң, ал анаң Қарылғаш – сенің жеңгең ғой» - деп, алдаусыратып, мені өзінің тете қарындасындай сыйлап, еркелетіп,

жақын тартатын-ды.

Біз сегіз ағайынды болдық. Кеште әжемнің оң жағына тек мен жататынмын. Орным – үлкен жақ, пештің түбі. Ал менен кейінгі сіңілілерім әжемнің сол жағына, екі інім бастарын бір-біріне түйістіріп, бас жақта жататын еді. Ең кішкентайлары, яғни емшектегісі әкем мен анамның қасында жататын. Емшектен суалып, тілі шыққан балалар үлкен жаққа шығып, біздің қатарымыздың санын бірте-бірте арттыратын.

Кеште біз әжемнің ертегісін ұйықтамаймыз. Кітапты көп оқитын әжем күндіз дайындалып, кеште айтатын ертегісін кітаптан белгілеп қоятын. Ертегінің ортасына келгенде алдымен сол бөлмедегілердің кішкентайлары пырылдап ұйықтап кетеді. Біздер ұйықтағанша, әжем тауымызды қайтармай, сұрағанымызды ерінбей, майын тамызып, өте қызықты етіп айтып беруден шаршамайтын еді. Күнде айтатын ертегісін қайталап айта бермейді. Тек ұмыттыра бере, сұрауымыз бойынша баяндайды. Бірақ барлық ертегісі «...сөйтіп, бай болып, барша мұратына жетіпті» деп аяқталатын.

Әжем ұйықтар алдында биік етіп салынған жастығының қасына бірнеше кітаптарын алып жатады. Себебі, ұйқыға сергек әжем біз ұйықтағаннан кейін де өзінің романдарын таңғы 3-4-ке дейін тікесінен отырып оқитын. Оның еш уақытта жатып кітап оқығанын көрген емеспін. Ертеңмен көбіне түскі және бесіндегі шай басында әжемнің романдары тарау бойынша

әңгімеленеді. Бірақ ұзақ айтпайды, қызықтырып, қазіргі телесериал сияқты қысқартып айтатын. Оны тыңдамай, біреуіміз де тұрып кете алмайтын едік.

Ол кезде қазіргідей теледидар жоқ, көбіне жарысып, кітап оқимыз. Барлық үйде уақытында қосылып, саңқылдап тұратын радиодан ертегі тыңдайтын едік. Әжем айналасына бәрімізді жинап, қызықты әңгімелерді немесе газет-журналдағы мақалаларды бізге кезектестіріп оқыттыратын, қателерімізді түзеп, мәнерлеп оқуымызды талап ететін-ді.

Қазір ойлап қарасам, бұның бәрі үлкен тәрбие екен. Кейде маған қазіргі күні ертегі айтып, кітап оқуға тәрбиелейтін әже мен ата-аналар қатары кемшін емес пе екен деген ой да келіп қалады.

...«Балам – балым, баламның баласы - жаным» деп, қамқорлығын шексіз көрсете отырып, өз уақытын немелеріне аямай бөлген, оқу-білімнің адам өміріне басты қажетті азық екенін үнемі уағыздап, барлығымызды үлкен өмірге дайындаған үлгілі, ардақты да асыл әже тәрбиесін көріп өскенімді мәңгі мақтаныш етіп, балаларыма сабақ болсын деп үнемі айтып отырамын. Әжем - өзіне де, өзгеге де талап қоя білетін, жауапкершілікті бәрінен жоғары қоятын қатал мінезді жан. Бірақ сол қатал мінезін көрсете отырып, бәрімізді ширатты, өмір сүруге шыңдап, адам болуға талпынтты.



Ата-анамыз жұмысбасты болғандықтан, әжем күндіз әрқайсымыздың сабағын тек өзі тексеріп, қатты қадағалайтын. Әкемнің қатынап жұмыс жасайтын орны - ауылға 25 шақырым аудан орталығы. Ал анам - үй шаруасындағы көп балалы ана. Басқа үйлерді білмеймін, бірақ біздің үйде келім-кетім көп, күн сайын қонақ арылмайтын.

Бос уақытымызда көбіне «мұғалім, оқушы» болып ойнайтын едік. Мен үлкен болғасын ба екен, көбіне «мұғалім» болатын едім. Кішкентай бөлмемізде әкемнің арнайы біздер үшін жасап берген тақтасы да бар. Кәдімгі мектептегі сияқты кезектесіп кезекші боламыз. Қоңырау уақытымен соғылады. Әкемнің есеп беретін қағазынан журнал да жасап алдық. Әйтеуір бәрі мектептегі көрген тәртіптей болды. Бертін келе, менімен тетелес өскен бір інім мен екі сіңілім де «мұғалім» болып, «оңай сабақтарды» беріп жүрді. Әжем өте жақсы математик еді. Бірақ мен математиканы көп жақсы көрген емеспін. Мен қазақ тілінен «сабақ бердім». Біздің «мұғалім, оқушы» болып ойнап отырғанымызды, әжем бақылап отыратын болса керек, «Райхашымнан жақсы мұғалім шығады. Себебі, оның кіндігін Самиғаға кестірдім. Самиғаға тартып, мұғалім болса, қор болмайды» дейтінді көп айтатын. Өзі ұлағатты ұстаз болса да, ұстаз келінінің жолын маған жол етіп, оны өзінен жоғары көрсетуі - үлкен парасаттылықтың белгісі. Осы жерде

дана қазақтың: «Тоғыз ай көтергенге емес, жерден көтергенге тартады» дегені бекер емес-ау.

Самиға Елеуқызы – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Өзінің ұстаздық еңбек жолында ауданымыздағы №1 ЖББ орыс тілді орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берген ардақты жан.

Ол кезде бастауыш сыныбын тек үшінші сыныпқа дейін оқитын едік.

...Мен сөйтіп, бесінші сыныпқа келгенде, жаңа оқу жылы басында бізге жап-жас, өзі ұзын бойлы, ақсары, қыр мұрынды, әдеміше ағай қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ бере бастады. Аты-жөні - Ерназар Қисақметов Сапарұлы. Мен бірінші күннен Ерназар ағайдың сабақ беруіне, аңыз-әңгімелер мен көркем әдебиетті түсіндіріп, талдауына қатты тәнті болдым. Сабаққа қызығушылығым одан әрмен артты. Алғаш келген күннен бастап-ақ ағайымның әр қимылына қарап, сол кісіге ұқсағым келетін. Оның сабақ берудегі әр әдістерін үйге келген соң, күнделікті «беретін сабақтарыма» өзімше пайдаландым. Әсіресе, «Септік жалғаулары» тақырыбын түсіндіргені менің есімде сақталғаны сонша, мен сол әдісті қазіргі сабақ беріп жүрген оқушыларыма әлі күнге дейін бірде-бірін өзгертпей дәл солай түсіндіріп келемін.

Кіндігімді кескен ұстаз ананың ақ жолы, көптің

құрметіне бөленген ардақты ұстаз әжемнің көз алдымдағы көріп өскен тәжірибесі мен ақ тілегі, өздерінің білім – білігі, өнегелі істерімен әсер еткен Ерназар ағайым мен Жәнібек ауданы Қамысты ауылына көшіп келгенде сегізінші сыныптан оныншы сыныпқа дейін дәріс берген Әбілхалықов Мұрат (бүгінде бақилық болған) ағайымның нұрлы ұстаздық жолдары – менің ұстаздық жолымның алғы баспалдағын қалыптастыруға сеп болған сабақтастық па екен, мен сөйтіп, мұғалім мамандығын таңдап, күні бүгін қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып қызмет етіп келемін.

Әжем бүгінде бақилық болды. Бірақ менің өміріме ақ әжемнің салған сара жолы мен үшін тұғыры аласармайтын биік Ту болып мәңгі қала береді.

Самиға мамам қазіргі күні Жәнібек ауылында тұрады. Кіндік атам – Меркен Кенжеғалиев менің әкемнің ең үлкен ағасы, сондай-ақ, елге танымал ұлағатты ұстаздың бірі. Екеуі де құрметті демалыстарында. Жиі қатынасып тұрамыз. Немере өсіріп, тәрбиелеп отырған бақытты ата мен әже. Үлкен шаңырақтың алтын дінгегі.

Ал Ерназар ағайым - Орал қаласындағы №46 мектептің жоғары санатты қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, ұстаздық еңбек жолының өресін әдемілеп қиюластырған, өзіндік қолтаңбасы зор ақын Ұстаз.

Мінеки, менің ұстаздық жолымның кірпішін

қалаған ұстаздар – рухы таза, ой-өрісі биік, ұлты мен Отанының болашағы үшін тер төгіп, шыдамдылық пен табандылықтың үлгісін көрсетуші адамдар еді. Олар - өз бойындағы асыл қасиеттері мен білімін болашақ ұрпақтың бақыты мен кәдесіне жаратып, қоғамды өрге өркендетуші, жаңашылдықтың бастаушысы, жүрегі – жылы, көңілі – дарқан ұстаздар.

Балалық кезімдегі уақытымыз босқа кетпеген екен. Ойнай жүріп, болашақ мамандығымның іргесін сол кезден бастап-ақ бірте-бірте қалап, әжемнің үлкен тәрбие мектебінен өте жүріп, тәжірибесімен шындалып, ойынымды шындыққа айналдырып алыппын...

Бүгінде ұстаздық қызметте, шәкірттермен қарым-қатынаста ізгі ниеттілік, кішіпейілділік және мәдениеттілік бірінші кезекте тұру керектігіне көзім жетті. Сондықтан бүгін білім берудің сапалы болуы үшін: біріншіден, ұстаздың жан-жақты академиялық білімінің болуы, екіншіден, мұғалімнің өз мамандығына деген шынайы сүйіспеншілігінің және ешқандай дипломмен бірге берілмейтін шығармашылық қабілет пен балаға деген сүйіспеншілік, кіршіксіз адамгершілік қасиеттері болуы шарт.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер-бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр» – деген еді.

Ұрпаққа тәрбие мен білім берудегі ұстаздық жолымды өзіме міндеттелген аманат жолы деп түсінемін және ел үшін аянбай еңбек етуге әрқашан да бармын.

**Ж.ӨТЕШҚАЛИЕВА,**  
**«Жаңабұлақ орта жалпы білім**  
**беретін мектебі» КММ.**  
Батыс Қазақстан облысы,  
Ақжайық ауданы,  
Жаңабұлақ ауылы

## **ҚАСИЕТТІ, ҚҰНДЫ, ҚҮДІРЕТТІ**

Отан мен мемлекет ортақ. Мемлекетіміздің мақтанышы-рәміздеріміз бар. Еліміздің шекарасын, тыныштығын қалай кірпік қақпай күзетер болсақ, онда мемлекеттік рәміздерімізді де солай қадірлеу-әр адамның қасиетті парызы болып саналады.

Әлемде тәуелсіздік пен мемлекеттіліктің неғұрлым кең көрінісі мемлекеттік рәміздер болып танылады. Яғни, ел тәуелсіздігін мемлекеттік рәміздерден бөліп қарай алмаймыз. Бұлар өзінің болмысымен, мазмұнымен әрбір азаматтың туған еліне деген отаншылдық, патриоттық рухын асқақтатады. Әр жүректе өз Отаны үшін мақтаныш сезімін қалыптастыруда, ел тәуелсіздігін нығайтуда мемлекеттік рәміздердің алар орны ерекше. Қысқасы, Отан мен мемлекеттік рәміздер-егіз ұғым. Осы екі егіз ұғым әр азаматтың жадында жүрер болса, онда олардың рухы асқақ болмақ. Ал рухы мықты елдің алар асулары әрқашан да жоғары.

Барлық тұрғынның санасында сақтайтын ұраны болуға тиіс. Ұранды тыңдау бір бөлек. Оны іс барысында

жүзеге асырып, жұртқа насихат айту-басқа жұмыс. Сол себепті әрбір патриот мемлекеттік рәміздерімізге құрметпен қарауды өздерінен бастап, басқалардан талап етуі қажет. Сонда ғана біз рәміздерімізді жалпыұлттық мақтанышқа айналдыра аламыз. Тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап Қазақстан өзінің бейбітшіл саясатын басты ұстаным етіп әлемге ұсынды. Адамзат тарихында ешкім жасамаған атом қаруынан бас тартуы арқылы әлемде бейбіт өмір қалыптастырудың дәнін Жер шарына септі. Оны Алаштың баласы ғана емес, алты құрлықтың адамдары да айтып жатыр. Елбасы сол ақиқатты нақты іспен дәлелдеп отыр. Ал біздің бейбітшілікті басты бағдар етіп ұстануымыздың сыры мемлекеттік рәміздеріміз де айшықты түрде бедерленген. Мемлекеттік туымыздың ашық, аспан түстес көгілдір реңкі болуы Қазақстан халқының бірлік, ынтымақ, бейбітшілікке адалдығын дәл аңғартып тұр.

Көк түс ата-тегіміз – түркілер үшін қасиетті ұғым болған. ХХІ ғасырдағы ең бір қажетті жағдай жаһандық өзара сенім, теңдік және келісім атрибуттары біздің Елтаңбамызда айшықталды. Біздің Гербіміздің негізі, жүрегі ретінде шаңырақ бейнеленген. Шаңырақ отбасының белгісімен бірге күн шеңберінде бедерленіп тұр. Осы бейне арқылы бір шаңырақтың астында 130-дан астам этностың өкілдерін тату-тәтті өмір сүруге шақырдық және соған

қол жеткізіп әлемге үлгі болудамыз. Бұл өз кезегінде Қазақ Елі өзінің жалпыазаматтық құндылықтарға ортақтастығын және халықаралық қоғамдастықтың құрамдас бір бөлігі екендігін тағы бір дәлелдеп отыр. Жер шарын айналған күннен барлық әлемдік халық жылулық шапағатын күтеді, ерекше құрметтейді. Осы тұрғыдан келгенде әлем халықтары бір шаңырақ астында екендігін түсінулері қажет. Елтаңбадағы уақыт пен кеңістікті біріктірген қанатты тұлпар бейнесі де бір шаңырақ астындағы ортақ уақыт пен кеңістікті сезінуімізге мүмкіндік береді. Дүние жүзіндегі әрбір мәселенің әрқайсымызға қатыстылығын мойындайтын кез келді.

Қыран бүркіт образы Қазақ Елінің әлемнің әрбір ұлт - ұлысына ортақ азаттық, еркін самғау, кеңістік сүйгіш, айбындылық секілді қасиеттерді мұрат тұтатындығын нақтылады. Ал Қазақстан Әнұранының қазақтардың дүниетанымын паш етудегі орны ерекше. Шын мәнінде, ұлттық рух арқылы болашаққа деген сенімді күшейтуден туған «Менің Қазақстаным» әні 2006 жылы қаңтарда қайта қайраттанып, көкке шарықтады. Ол, ең алдымен, мызғымас елдігіміздің ұранына, тәуелсіздігіміздің баяндылығына қызмет жасар, әнұранына айналды. Осылайша, бір кездері желтоқсанның ызғарында жастарды жылытқан, жігер берген «Менің Қазақстаным» барлық қазақстандықтардың басты ұранына айналды.

**Ж.САҒЫНОВА,**  
**«Ж.Қалдығараев атындағы**  
**орта мектебі» КММ.**  
Маңғыстау облысы,  
Бейнеу ауданы

## **ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАРЫШТЫ ҚАДАМДАРЫ ЖӘНЕ ЕЛІМЕН ЕТЕНЕ ЕЛБАСЫ**

*Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса,  
адамзаттық намысың болса, қазақтың ұлттық  
жалғыз мемлекетінің нығайып-көркеюі жолында жан  
теріңді сығып жүріп, еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі  
өзің екеніңді ұмытпа!*

*Н.Ә.Назарбаев.*

Біз қатпарға толы тарихымызда осынау Ұлы далада қиындықтың небір түрлерін басымыздан кешірген, сұрапыл соғыстарды, жойқын жортуылдарды өткерген, «тарихтың тағдырлы көші» дейтін ұзақ жолда жақсыны да, жаманды да көрген, «мың рет өліп, мың рет тірілген» елміз. Әлемде тауқыметтің небір азабын тартып, жабығып жапа кешкен халық екеу болса, соның біреуі-қазақ елі. Сан ғасырлар көкірегінен мұң кетпеген, иығынан қасірет-қайғы түспеген қазақ еліне тәуелсіздік оңай жолмен келген жоқ. Қазақ халқы өзінің тәуелсіздікке ұмтылған күресін бір сәт

те тоқтатпаған. Даласын жауынан, төрт түлігін жұт-жұрқыннан, нәсіл-тегін қан кешкен қақтығыстардан сақтап қалу үшін халқы аттың жалы, түйенің қомында батыстан шығысқа, шығыстан батысқа үдере көшумен болған.

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы – қазақтың ұлт тәуелсіздігі үшін ең соңғы күресі. 1986 жылдың Қазақ халқы үшін қасіретті әрі қасиетті қос күні – Алматыда және Қазақстанның басқа да қалаларында 17 мен 18 күндері болған бодандыққа қарсы жойқын бұлқыныс болды. М.С.Горбачевтің сөздеріне сеніп жүрген адал да аңғал қазақ жастары бейбіт шеруге шығып, беймәлім жетекші Г.В.Колбиннің Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып сайлануына келіспеушілік білдірді. Сөйтіп, олар “Орталықтың дәстүрлі әміршіл іс-әрекеттері мен қайта құрудың жарияланып жатқан демократиялық ұстанымдары арасындағы айқын қайшылықтың” бетін тұңғыш рет айқара ашып, Мәскеудің екіжүзділігіне, Кеңес империясының зорлықшыл тас қамалына тайсалмай қарсы шықты. Бейбіт қарусыз жастар темір таяқпен, саперлік күрекпен, адам аулайтын иттермен қаруланған, өрт сөндіру машиналары және бронетранспортерлермен жарақтанған әскерге қалай төтеп берсін. Империя дертімен уланған жазалаушылар мен Алматыдағы шовинистерден құрылған жасақшылар өрімдей жігіттер мен қыздарды аса қаталдықпен басып

жаншыды. Аналарға қол көтеріп, қазақ қыздарын шашынан сүйреп, итке талатып сабағандарды басқаша қалай бағаларсың?! Қанға бөктіріліп басылған бодандыққа қарсы бұлқыныс – Желтоқсан оқиғасы қалғып-мүлгіп жатқан күллі Кеңес Одағын оятты. Көп ұзамай Балтық бойы елдері бостандық жолындағы күресін бастады. Тбилиси, Баку толқулары тұтанды. Ақырында Желтоқсанның жойқын желі Қазақстанның барлық түкпір-түкпіріне жетіп, құлдық бұғауын үзіп, отаршылдықтан босаған жаңа егеменді мемлекеттерді дүниеге келтірді.

Сөйтіп, адамзат тарихында қан-қасапты төңкеріс, күштеп ұжымдастыру, ашаршылық, қуғын-сүргін, бүтін ұлт-ұлыстарды жер аудару... сияқты небір нәубетті істерімен көрінген алып империя – КСРО қирады. Бейнелей айтқанда, қираған кеменің қайраңдағы қаңқасы ғана қалды. Одақ ыдырады. Он бес республиканың әрқайсысы өз тәуекел қайығын мұхитқа салып, желкен көтеріп, тәуелсіз бағдар түзеді. Сол кездегі ортақ қазынадан бізге мұраға не қалды? Тоқырау, дағдарыс кезеңдерін өткеріп, жаңа заман талаптарына жауап бере алмай қалған, тұралаған өнеркәсіп – тозығы жеткен өндіріс құралдары қалды. Істі алға бастырудың орнына кері кетіретін, қол-аяғыңды шырмауықша шырмап, матап тастайтындай социалистік ұстаным – тәртіп-ережелерге негізделген қоғамдық құрылым қалды. Н.Назарбаевтың сөзімен айтсақ: «...Біздің еншімізге

жантәсілім етуге жуық экономиканың жұрнағы тиді.» Бұл кезеңдер халқымыз үшін ауыр сынақтар болды. Біртұтас халық шаруашылығы кешені ыдырап, елдегі басқару, қаржы мен экономика жүйесі бұзылды. Халыққа азық-түлік жетпеді, баға шарықтап өсіп кетті. Зейнеткерлер зейнетақысын, қызметкерлер мен жұмысшылар еңбекақысын ала алмай қалды. Шетелдерден инвестор шақыру да оңайға түспеді. Осындай ел басына ауыр күндер туғанда 1991 жылдың 1 желтоқсанында республика басшылығына Нұрсұлтан Назарбаев Әбішұлы келген еді.

...1991 жылдың 10 желтоқсанында Алматы қаласында, Республика сарайында Нұрсұлтан Назарбаев Әбішұлы Қазақстан халқы алдында ант беріп, президенттік міндетін қабылдады. Халық ақыны Шәкір Әбенов бата беріп, белгілі мәдениет қайраткерлері ақ жол тілеп сөз сөйледі. Сол күні Жоғарғы Кеңес Президенттің өз міндетіне кіріскені жөнінде және Қазақ Советтік Социалистік Республикасы атауын Қазақстан Республикасы деп өзгерту жөнінде қаулы шығарды.

Елбасымыздың жаңа мемлекет жасау жолындағы ұлы еңбегі жоғарыда аталған қиыншылықтарды жеңуде үлкен төзімділікпен, білімділікпен, алғыр ұйымдастыра білушілікпен басталды. Ол алдыңғы қатарлы мемлекеттердің нарықтық экономикаға көшу жолын, капитализмнің өзіндік ерекшеліктерін

зерттеді. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев әлемдік нарық экономикасын жете біліп, оны өз ортасына жеткізіп, маңындағы адамдарды ел билеу мен экономиканы басқарудың жаңа әдістеріне үйретті. Оның «2030 стратегиясы» деп аталған ұзақ мерзімге бағытталған бағдарламасы елімізде іске асуға тиіс шаралардың көлемді іс-жоспарына айналды. Осының бәрі, шынын айтсақ, бір адамның, тек қана Назарбаевтың, елді қайтсем жаңа жолға салам, қалай көркейтем деген қажыр-жігерімен, айтқанынан қайтпайтын қайсарлығы арқасында іске асты. Мұстафа Кемаль Ататүрік, Франклин Делано Рузвельт, Шарль де Голль, Ли Куан Ю, Дэн Сяопин, Махатхир Мохаммад сынды мемлекет қайраткерлері тәрізді елді даму жолына, болашаққа ерте білген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбегі ерен екендігін айта кету керек.

Сол бір жылдары жазушы Әбіш Кекілбаевтың тәуелсіздік тақырыбын көтерген жаңа пьесасы жарық көрді. Ол XVIII ғасырда қалмақ басқыншыларына қарсы күресті өзі бастап ұйымдастырған, сөйтіп жаулаушылардан жерімізді тазартқан Абылай ханның Қазақ елінің тәуелсіздігі жолындағы еңбегін суреттеп жазды. Сондағы Абылай монологтарында:

*Қазақтың қайран даласын,*

*Жағасы жайлау ел қылам.*

*Қара сирақ баласын*

*Басқалармен тең қылам.*

*Кеткен кегін қайтарып,  
Іргесі тыныш, төрі кең,  
Мерейі биік, бағы зор,  
Ырысы шалқар көл қылам.  
Осы жолда, әлеумет!  
Тайсалар болсам – маған серт!  
Тайқып кетсең – саған серт!*

*Еремісің, әлеумет!* – деген жолдар бар еді. Егер шығарма тілінде сөйлесе, Нұрсұлтан Әбішұлы да осыны айтқан болар еді деп ойлаймын. Сенесіз бе? Сенбейсіз бе? Небары жиырма жылдың ішінде осы байтақ далада бұрын-соңды болмаған бүтіндей жаңа мемлекет–Тәуелсіз Қазақстан елі көш түзеді. Бұл Ұлы көшті Н.Ә.Назарбаев бастады. Бағы тайған қазақ елінің есесін қайтарып, қабырғалы ел етіп, осыншама құдіретті жасап беріп отырған Елбасының кемеңгерлігі туралы қалай айтсақ та жарасады.

Біздің елбасымыз Н.Ә.Назарбаев феномені қазір әлем мемлекеттері тарихын зерттеушілердің назарын өзіне аударып отыр. Н.Ә.Назарбаевтың халқы үшін атқарған еңбегі орасан зор. Елбасымыз республика астанасын Алматыдан Ақмолаға көшіру, оның атын Астана деп ауыстыру туралы мәселені он ойланып, жүз толғанып барып қолға алды. Жаңа елордамыз бой түзеді. Әлемнің ең әсем астаналарымен бәсекеге түсе аларлық дәрежеге жетті. Оның дамуы бүкіл жаңа Қазақстанның дамуының символына айналды. Жаңа

шаһарымызда бой көтерген түрлі құрылыс нысандары аяқталған сәтте ел оларды Мысыр пирамидаларымен, Париждің сәнді алаңдарымен, Американың зәулім ғимараттарымен салыстырды. Шындығында, Астана – бұлардың бірі де емес, әлемдік архитектура дәстүрін жаңа дәуір талабымен ұштастыра шешкен нағыз қонақжай қазақ қаласы.

Бүгінде Қазақстан жерінде жүзеге асып жатқан ішкі және сыртқы саясат, әлемдік саяси және мәдени шаралар, халықаралық байланыс осы қаладан бастау алып, жалғасын табуда. Тарихи қысқа мерзім ішінде Қазақстан әлемнің басты мемлекеттерімен тіл табысып, дипломатиялық қарым-қатынасқа түсті. Түркі ынтымақтастығының құрамына кірді. Бұрынғы одақтас республикалардың қайта жақындасып, тәуелсіз мемлекеттер достастығын, Орталық Азия мемлекеттері одағын, Шанхай ынтымақтастығы ұйымын ұйымдастыруға ұйытқы болды. Қай бастаманың да басында Н.Ә.Назарбаевтың тұрғаны еліміз үшін абырой. Тұңғыш Президентіміз бастап елде іске асқан жаңа істерді қазір санамалап шығудың өзі оңай емес. Ол тәуелсіздік алған елдің тізгінін қолына алысымен-ақ көп жылдар бойы қазақ халқына азап арқалатқан ядролық сынақты тоқтатты. Қазақстанның көп ғасырлар бойы қағаз бетіне түспей, жобамен ғана сақталған шекарасын заңдастырды, ұлттық қауіпсіздікті сақтау шараларын жүзеге асырды. Қазақстан халықтары арасындағы

ұлттаралық келісімге қол қойды. Елбасымыз:

“Мейлі сен патша, не қойшы бол, бәрібір...”

Атамекеніңнен табаның тайса – жетімексің” – деп шетел қазақтарын біртіндеп елге шақыру ісін бастады.

“Ертеңін ойламаған ел азады” дейді халық даналығы. Барын бағалап отыратын, ұрпағына үмітке сай білім беріп, тәрбиелейтін ел озады. Бүгінде еліміз “Болашақ” бағдарламасы бойынша жылына 3000-нан астам жас жеткіншекке әлемнің ең беделді оқу орындарында білім алуға мүмкіндік жасап отыр. Бұл ел жастарының ертеңіне сенімін арттырады. Расында, білімнің негізінде болашаққа деген шынайы сенім мен үкілі үміт, өз халқына деген ізет-құрмет пен қадір-қасиет жатқанын Елбасы жақсы түсінді. Ол тәрбие мен оқу-білімді егіз дүние ретінде қарастырып, тәрбие арқылы берілетін білімнің болашағы әрқашан баянды болатынын назарынан ешқашан тыс қалдырмады. Бұл ретте “Қазақстан – 2030” Стратегиясында Елбасы: “Ел келешегі жас ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты”, – деп айрықша атап айтады. Бұл орайда Н.Ә.Назарбаев мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеу, “Балапан” арнайы бағдарламасы, 12 жылдық оқыту моделі, кәсіптік және техникалық білім беру, жоғары білім берудің сапасы, интеллектуалды мектептер, жаңа халықаралық университет сынды бірқатар соны іс-шараларды саралады.

Бүгінгі таңда толқымалы күй кешпей отырған заман да, қоғам да, ел де жоқ. Жан-жағымызда жанартау секілді буырқанып, соғыс өрті өршіп, шиеленіскен

жағдайдың құрбаны болып отырған елдер қаншама. Мемлекеттік тұтастығы шайқалған елдер тыныштығын әлі таба алмауда. Мемлекетте болып жататын оқиғаларға қарапайым халықтың еш кінәсі жоқ. Елге керегі – орнықты да жайлы, тыныш өмір. Мемлекет осы тыныштықтың кепілдігі болуы тиіс. Кіммен дос болу керек, кіммен жақындасып, кімдерден іргені аулақтау ұстаған дұрыс – осының бәрі, шындығына келгенде, ұлтты сақтаудың кепілі.

Елбасымыздың ерен еңбегі жайлы айтылған дәйектеріміз аз емес. Оның елі үшін атқарған еңбегі шексіз. М.Жолдасбековше айтсақ, «бүгінгі таңда Қазақстан, Астана, Назарбаев деген сөздер бір-бірінен бөлінбейтін ұғымға айналды.» Біз бүгін әлем мақтанышына айналған Президентіміз үшін мақтанамыз. Қазақ елі қарыштап дамып, еліміздің символына айналған Президентіміз ұзақ ғұмыр сүре берсін!

Мен бүгінде күллі әлем таныған Қазақ елі үшін, оның күн сүйген дархан даласы, небір әлемдік додаларда озық шыққан баласы үшін мақтанамын! Елтаңбасы жарқырап, аспан түстес Көк байрағы желбіреп, Әнұраны шалқыған кезде қолымды көкірегіме қойып, қосыла шырқағым келеді. Өйткені, мен өз елімнің қайда да, қашан да патриотымын! Жасай бер, менің Қазақстаным!

Әдебиеттер:

1. «Егемен Қазақстан» газеті, 2001-2014 ж.ж.
2. Назарбаев Н.Ә. «Сындарлы он жыл», Атамұра. 2003.



**Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті” –**  
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-  
педагогикалық және әдістемелік журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»**  
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 05.7.2017 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы –5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСИ – 75746.**

**Мекен-жайымыз:** 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

**Электрондық пошта:** Kazulagat@mail.ru.

**Журнал сайты:** www.kazhu.kz

**Басылатын жері** – ИП Әкімбаев

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ  
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ  
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН  
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №7, 2017 ж., 144 бет, Алматы.